ҚР Жоғары оқу орындарының қауымдастығы

Г. Т. Тұрсынова

ҚАЗАҚ ТІЛІ



Алматы, 2012

Қазақстан Республикасы Жоғары оқу орындарының қауымдастығы

Г. Т. Тұрсынова

Қазақ тілі

(Қашықтықтан білім беру институтының сырттай оқитын студенттері үшін)

Алматы, 2012

УДК 811.512.122 (075.8)
ББК 81.2 Қаз - 923
Т86

***Пікір жазғандар**:*
педагогика ғылымдарының докторы, профессор **Г. А. Қажығалиева;**
филология ғылымдарының докторы, профессор **Г. Б. Мадиева;**
филология ғылымдарының докторы, профессор **З.К. Сабитова;**

Г. Т. Тұрсынова
Т86 Қазақ тілі: Қашықтықтан білім беру институтының сырттай оқитын студенттері үшін. Жоғары оқу орындарына арналған. Оқулық. – Алматы: ЖШС РПБК «Дәуір», 2012. – 244 бет.

ISBN 978-601-217-294-2

Бұл оқулықта техникалық жоғары оқу орнының студенттеріне мемлекеттік тілдің грамматикалық қырларын қашықтықтан меңгерту мәселесі көтерілген. Қашықтықтан оқу студенттен шығармашылық ізденістерді қажет етеді. Оқытудың өзі нәтижеге бағытталған білім беру болғандықтан, құрал мазмұнында қашықтықтан үйретуге байланысты тапсырмалар, практикалық жаттығулар, тест сұрақтары берілген. Өзге ұлт студенттерінің ерекшелігін, қабылдау мүмкіндіктерін ескере отырып, танымдық көзқарастарын кеңейтетін мәтіндер алынды. Тіл үйренушілерді қазақ тілінің нәрімен сусындатып, адамгершілігі жоғары, талғамы биік азамат ретінде қалыптастыру мақсаты көзделді.

УДК 811.512.122 (075.8)
ББК 81.2 Қаз - 923

ISBN 978-601-217-294-2

© Г. Тұрсынова, 2012
© ҚР Жоғары оқу орындарының қауымдастығы, 2012

КІРІСПЕ

Тілден биік асқар жоқ,
тілден асқан байлық жоқ,
тілден терең теңіз жоқ.
Ғ. Мүсірепов

Елімізде білім берудің жаңа жүйесі жасалып, оның мазмұнының түбегейлі өзгеруі, әлемдік білім кеңістігіне енуі қашықтықтан оқыту жүйесіне мүмкіндік туғызып отыр Осыған орай республикамызда орта, арнаулы, жоғары оқу орындарында оқытуды жаңа технологияға көшіру, модульді оқытуды кең түрде қолдану жолға қойылды. Сондай-ақ «Қазақ тілі» пәні бойынша барлық мамандықтағы сырттай оқитын студенттерге қашықтықтан білім беру жүйесі іске асырылуда.

Құрастырылған оқулық студенттерге күнделікті қоғамдық-әлеуметтік және тұрмыс-тіршілік қатынаста қолдануға қажет білім, білік дағдыны меңгертуге бағытталған. Еліміздің түкпір-түкпірінде техника саласы бойынша маманданып жүрген өзге ұлт студенттердің қазақ тілі пәні бойынша білімдерін шыңдауға арналған. Оқулықта қазақ тілі бойынша теориялық мәліметтер, нұсқалық тапсырмалар, грамматика бойынша тірек сызбалар, оларды пысықтауға арналған тапсырмалар, білім тексеру тесттері жүйеленіп берілген.

Оқулықтың жалпы мақсаты – техникалық жоғары оқу орнының студенттеріне мемлекеттік тілдің грамматикалық қырларын қашықтықтан меңгерту. Тілді қатысымдық тұрғыда меңгеру олардың өздерінің сөздік қорын тұрмыс-тіршілікте, қоғамдық әлеуметтік салада және оқу үрдісінде еркін пайдаланып, сауатты жаза білуінде көрініс береді.

Қашықтықтан оқу студенттен шығармашылық ізденістерді қажет етеді. Оқытудың өзі нәтижеге бағытталған білім беру болғандықтан, оқулық мазмұнында оқыта үйретуге байланысты тапсырмалар, практикалық жаттығулар, тест сұрақтары берілген. Өзге ұлт студенттерінің ерекшелігін, қабылдау мүмкіндіктерін ескере

отырып, танымдық көзқарастарын кеңейтетін мәтіндер алынды. Тіл үйренушілерді қазақ тілінің нәрімен сусындатып, адамгершілігі жоғары, талғамы биік азамат ретінде қалыптастыру мақсаты көзделді.

Қашықтықтан оқыту үшін оқытудың жалпы дидактикалық бес әдісін қолдануға болады: ақпараттық-іздену, репродуктивті, мәселелік мазмұндау, эвристикалық, зерттеу. Құралда осы әдістердің барлығы, соның ішінде деңгейлеп оқытуға негізделген коммуникативтік бағдарлап үйрету әдісіне құрылды. Бұл студенттің оқу және сөйлеу дағдыларын дамытуды мақсат етеді.

Оқытудың бұл түрі студенттен шығармашылық ізденістерді қажет етеді. Сондықтан танымдық бағыттағы тапсырмалар сырттай оқу бөлімінде оқитын студенттердің дүниетанымдық көзқарастарын кеңейтуге, олардың мамандыққа деген қызығушылықтарын арттыруға бағытталған.

Фонетика
Дыбыс және әріп

Қазақ тілінде:

12 ↓	**25** ↓	**3** ↓	**2** ↓	**Барлығы:**
дауысты дыбыс ***Барлығы: 37 дыбыс бар***	*дауыссыз* дыбыс	*қосарлы* дыбыс **ю** = йу **я** = йа **ё** = йо *аю*(В)=*айу*(С) *аяқ*(С)=*айақ*(D) *ёлка*(D)=*йолка*5 әріп пен дыбыс айырмасы бар сөздер	*белгі, таңба, әріп* **ъ–**айыру, жуандық белгісі **ь** – жіңішкелік белгісі *табель* – 6 әріп, 5 дыбыс, *подъезд* – 7 әріп, 6 дыбыс бар, яғни әріп пен дыбыс айырмасы бар сөздер	**42** әріп бар. Орыс тілінде **33** әріп (ортақ) бар. Қазақ тіліне тән (тек қазақ тілінде бар) **9** әріп, ды–быс бар: дауысты: **ә,ө,ұ,ү,і 5** дауыссыз **ғ,н, қ ,h 4** 33+**9** =42

Сөйлеу тілінде дыбыстау мүшелері арқылы айтылып, естілетін тілдік құбылысты **дыбыс** дейді. Дыбыс-сөздің ең кішкене бөлігі. Дыбысты айтады және естиді.

Дыбысты таңбалау үшін алынған белгіні әріп дейді. Яғни әріп-дыбыстың жазбаша таңбасы. Әріпті жазады және көреді.

Әріптердің рет-ретімен тізілген жиынын алфавит дейді. Қазақ тілінің алфавиті 42 әріптен тұрады және олардың тізбектелген қатары мынадай: ***а, ә, б, в, г, ғ, д, е, ё, ж, з, и, й, к, қ, л, м, н, ң, о, ө, п, р, с, т, у, ұ, ү, ф, х, һ, ц, ч, ш, щ, ь, ы, і, ъ, э, ю, я.***

Қазақ тіліндегі дыбыс саны - 37.

Қазақ тіліне тән әріптер (9): ***ә, ө, ү, ұ, і, қ, ғ, ң, һ***.

Дауысты дыбыстар

1. Дауысты дыбыстар (гласные звуки) **– *а, ә, е, о, ө, ұ, ү, ы, ,і, и, у;*** 2. Жуан дауысты дыбыстар (твердые гласные звуки) – ***а, о, ұ, ы;*** 3. Жіңішке дауысты дыбыстар (мягкие гласные звуки) – ***ә, е, ө, ү, і.*** 4. Қазақ тіліне тән дауысты және дауыссыз дыбыстар (специфические гласные и согласные звуки казахского языка) – ***ә, ө, ұ, ү, і, ғ, қ, ң, һ.***

Тілдің қатысына қарай (По положению языка) – жуан, жіңішке; еріннің қатысына қарай (по участию губ) – еріндік, езулік; 3. Жақтың қатысына қарай (по степени раскрытия рта) – ашық, қысаң болып бөлінеді.

Дауыссыз дыбыстар

Қазақ тілінде дауыссыз дыбыстар үн мен салдырдың қатысына қарай (по участию голоса и шума) үш топқа бөлінеді: ***1. қатаң; 2. ұяң; 3.үнді;***

Салдырдан жасалған дауыссыз дыбыстарды ***қатаң дауыссыздар*** (глухие согласные) деп атайды.

1. ***Қатаң дауыссыздарға:*** *п, ф, к, қ, с, т, ш, щ, х, ц, ч* дыбыстары жатады.

Үн мен салдырдың қатысы арқылы жасалған дауыссыз дыбыстарды ***ұяң дауыссыздар*** деп атайды.

2***. Ұяң дауыссыздарға:*** *б, в, г, ғ, д, з, ж, һ* дыбыстары жатады.

Үн мен салдырдың қатысынан жасалып, бірақ салдырдан үн басым болатын дыбыстарды ***үнді дауыссыз*** (сонорные согласные) дыбыстар деп атайды.

3. ***Үнді дауыссыздарға:*** *р, л, й, у (тау), м, н, ң* дыбыстары жатады.

Қосымшалардың жазылуы

1. Соңғы буынында **э, ё** дыбыстары келетін орыс тілінен енген сөздерге қазақ тілі қосымшалары жіңішке жалғанады.

ё – актёр-лер, вертолёт-ке, вертолёт-і, гастролёр-лер, гравёр-і, дирижёр-дің.

э – дуэль-ге, дуэл-і, дуэт-ке, дуэт-і.

2. Орыс тілінен енген **әр тектес қатар келген дауыссызға** аяқталған сөздерге қосымша **ы, і** ***дәнекер*** дыбысы арқылы жалғанады.

нд – фо**нд** +***ы*** +ға, фо**нд** + ***ы*** + ны, фо**нд** + ***ы*** + сы
нз – це**нз** + ***і*** + ге, це**нз** + ***і*** +сі
нк – та**нк** + ***і*** + ге, та**нк** + і + лер, фра**нк** + ***і*** + сі
нг – мити**нг** + ***і*** + де, мити**нг** + ***і*** + сі, шла**нг** + ***і*** + ні, шла**нг** + ***і*** + мен
мб – ро**мб** + ***ы*** + сы, я**мб** + ***ы*** + ны
мт – экспро**мт** + ***ы*** + ны
кт – диале**кт** + **і** + ге, объе**кт** + ***і*** + ге, объе**кт** + ***і*** + сі, фа**кт** + ***і*** + сі, фа**кт** + ***і*** + лер
ск – кио**ск** + ***і*** + ге, кио**ск** + ***і*** + ден, кио**ск** + ***і*** + сі
вт – фармаце**вт** + ***і*** + ге
фт – ли**фт** + ***і*** + мен, ли**фт** + ***і*** + де
пт – реце**пт** + ***і*** + нің, реце**пт** + ***і*** + ге, манускри**пт** + ***і*** + ге

3. Қатар келген әр тектес дауыссыз дыбыстар тіркесінің **қалған түрлеріне** қосымша буын үндестігі бойынша **тікелей** жалғанады.

нс – фина**нс** + **қа**, фина**нс** + **ы**, ава**нс** + **ы** (авансысы), бала**нс** + **тың**, бала**нс** + **ы**
нт – департаме**нт** + **ке**, департаме**нт** + **і**, дикта**нт** + **қа**, дикта**нт** + **ы**, цеме**нт** + **ке**
рс – ку**рс** + қа, ку**рс** + ы, ресу**рс** + тар, ресу**рс** + ы
рт – спо**рт** + қа, спо**рт** + ы
рш – фа**рш** + ты, фа**рш** + ы
рд – акко**рд** + **қа**, акко**рд** + **ы**
рм – хлорофо**рм** + **ға**, хлорофо**рм** + **ы**,
фр – ци**фр** + **ға**, ци**фр** + **ы** (цифрысы емес)
тр – арби**тр** + **ге**, арби**тр** + **і**, ме**тр** + **де**, ме**тр** + **і**, ротмис**тр** + ге
кс – бо**кс** + **ке**, бо**кс** + **і**, бифште**кс** + **тің**, бифште**кс** + **і**

4. **Қатар келген бірдей дауыссыз дыбыстарға** аяқталған сөздерге қосымша жалғанғанда түбірдегі соңғы дауыссыз (жалпы есімдерде) түсіріліп жазылады:

А) **Сс** – кла**сс** – класқа, класы, кросс – кросс + ты, крос + ы
Лл – мета**лл** – мета**л** + ды, мета**л** + ы
Мм – гра**мм** – гра**м** + ға, гра**м** + ы
Тт – киловa**тт** – киловa**т** + қа, киловa**т** + ы
Пп – гри**пп** – гри**п** + тің, гри**п** + і
Кк – эхинок**кк** – эхинок**к** + қа, эхинок**г** + ы

Ә) жалқы есімдерде түсірілмейді
Сс – Кузба**сс** – Кузба**сс** + қа, Кузба**сс** + тан
Покра**сс**қа, Лакснe**сс**ке, Донба**сс**қа
Лл – Кирил**лл** – Кирил**лл** + ге, Кирил**лл** + мен
Мм – Гри**мм** – Гри**мм** + ді, Гри**мм** + ге,
Грим+мен (Гримммен емес)
Пп – Фили**пп** – Фили**пп** + ке , Фили**п** + пен (Филипппен емес)

5. ст, сть, зд дыбыстарына біткен орыс тілінен енген сөздерге қазақ тілінің қосымшалары жалғанғанда соңғы дауыссыз дыбысы түсіріліп жазылады.

ст – тек**ст** – тек**с** + пен, тек**с** + і
сть – ведомо**сть** – ведомо**с** + ты, ведомо**с** + ы
зд – съе**зд** – съе**з** + ге, съе**з** + і, пое**зд** – пое**з** + бен, поез + бен

6. **кль, брь, ль** дыбыстарына аяқталған сөздерге қосымша **жіңішке** жалғанады.

Қосымша дауыссыздан басталса, жіңішкелік белгісі түспей жазылады:

Бино**кль** – бино**кль**дер, бино**кль**дің
Сентя**брь** – сентя**брь**де, сентя**брь**дің
Ру**ль** – ру**ль**ге, ру**ль**дің
Табе**ль** – табе**ль**ге, табе**ль**дің

Қосымша дауыстыдан басталса, жіңішкелік белгісі түсіріліп жазылады.

Бино**кль** – бино**кл**ім, бино**кл**ін
Сентя**брь** – сентя**бр**і, сентя**бр**інде

Руль – рулін, рулінe
Табель – табелін, табелінe

7. ь (жіңішкелік белгісі) дыбыс қатарына жатпайды, тек қана **әріп, таңба**. Қазақ тілінде орыс тілінен енген сөздерде ғана жазылады. Мысалы: фильм, аль-бом, се-кре-тарь, роль, мо-раль, ко-ра-бль, сле-сарь.

Жіңішелік белгісі (ь) дауыссыз дыбыс пен дауыстыны ажыратып, көбінесе дауыссыз (орыс тілінде) дыбыстың жіңішкелігін көрсетеді. Мысалы: фильм +ге, альбом + ды, секретарь+ға, роль+ді, мораль+дық. Орыс тілінде сөздердің жіңішке айтылуын дауыссыз дыбыстар белгілейді, ал қазақ сөздерінің жуан-жіңішке айтылуы дауыстылардың жуан-жіңішкелігіне байланысты.

8. ъ (жуандық, айыру белгісі) дауыссыз бен дауысты дыбысты ажырату үшін қолданылады. Мысалы: разъ-езд, подъ-езд, съезд.

Үндестік заңы

Сингармонизм – гректің Syn – «бірге» және harmoni – «байланысу, үндесу» деген мағынаны білдіретін сөздері бойынша жасалған термин.

Басқа түркі тілдері сияқты қазақ тілінің дыбыстары да сөз ішінде, сөз бен қосымшаның, сөз бен сөздің арасында бірімен-бірі үндесіп, біріне-бірі жасалуы, айтылуы жағынан үйлесіп отырады. Мысалы: *қыз - дар, дүкен – дер, қала-да т.б.*

Сөз ішіндегі сөз бен қосымша, сөз бен сөз арасындағы дыбыстардың бірімен-бірі ұқсауын ***үндестік заңы*** деп атаймыз.

Үндестік заңы екі түрлі болады: *а) буын үндестігі; б) дыбыс үндестігі.*

Буын

Сөздегі бар дауыстының немесе дауысты мен дауыссыздардың дауыс толқынымен бөлшектеніп айтылатын тобын **буын** дейміз. Сөз ішінде неше дауысты болса, сонша буын болады.

Слог – это гласный звук или сочетание гласного звука с одним или несколькими согласными звуками, произносимые одним выдыхательным толчком. В казахском языке существует три вида слогов: 1. ***ашық буын (открытый слог); 2. тұйық буын (полузакрытый слог); 3. бітеу буын (закрытый слог).***

Ашық буын

Слог, состоящий только из одной гласной фонемы или начинающийся с согласного и оканчивающийся на гласный, называется открытым. Мысал: *а-па, жа-са, жү-рекі, ай-на.*

Тұйық буын

Слог, который начинается с гласного и оканчивается на согласный, называется полузакрытым. Мысал*:ал, ас, ек, ел,ас-пан.*

Бітеу буын

Слог, начинающийся с согласного и оканчивающийся на согласный, называется закрытым. Мысал: *кітап-тар,кеп-тер,бар, жұрт, қал,жел, сел.*

Түрлері (Виды)	**Мысалдар (Примеры)**	
1.Ашық буын (Открытый слог)	Бір дыбысты (Однофонемный)	Екі дыбысты (Двухфонемный)
	а-та, **ә**-ке, **і**-ні. М.: **Е**, солай ма? а-на, ә-же, і-ні.	Са-ла, жа-ңа, та-за, ба-ға
2.Тұйық буын (Полузакрытый слог)	Екі дыбысты (Двухфонемный)	Үш дыбысты (Трехфонемный)
	үн, өт, ен, іс, ұл, ал.	ерт, ұрт.
3. Бітеу буын (Закрытый слог)	Үш дыбысты (Трехфонемный)	Төрт дыбысты (Четырехфонемный)
	қас, дос, піл, сым, күл, құс.	жорт, жалт.

Дауыссыз дыбыстардың үндесуі, дыбыс үндестігі

В казахском языке существует фонетическое явление – ассимиляция.

Если сингармонизм считается гармонией гласных, то ассимиляция является созвучием согласных.

Различаются два вида ассимиляции:

Ілгерінді ықпал (прогрессивная ассимиляция).

Кейінді ықпал (регрессивная ассимиляция).

Ілгерінді ықпал

Наиболее распространенные виды прогрессивной ассимиляции:

1. Если корень оканчивается на звонкий согласный (суффиксы или окончания), следующие за корнем аффиксы начинаются со звонкого согласного: *сөз-дік, қыз-дар.*

2. Если корень слова оканчивается на глухой согласный или на звонкие согласные, следующие за корнем аффиксы тоже начинаются с глухого согласного: *орындық-тар, кітап-тар, завод-тар, штаб-тар.*

3. Если корень слова оканчивается на гласный или сонорный, то присоединяемые к нему окончания начинаются со звонкого или сонорного согласного: *бала-лар, кім-дер, терезе-лер, қалам-дар, еден-дер.*

Такое влияние последующего согласного предыдущему звуку на слоговой границе называется прогрессивной ассимиляцией.

4. Если корень слова оканчивается на ***ш***, а присоединяемый к нему аффикс начинается со звука ***с***, то последний под влиянием первого в произношении переходит на ***ш***, но пишут согласно орфографическим нормам. ***Жазылуы*** (на письме): шаш+са, аш+са, іш+сін, ұш+сын; ***айтылуы*** (в произношении): шаш+ша, аш+ша, іш+шін, ұш+шын.

5. Если корень оканчивается на гласный, звонкий или сонорный, а присоединяемый к нему аффикс начинается с глухого ***к, қ,*** то они произносятся как звонкие ***г, ғ.***

Бота+көз = Бота+гөз	жаз келді = жаз гелді
Меңді+құл = Меңді+ғұл	қара қой = қара ғой
Талды+қорған = Талды+ғорған	ала кел = ала гел

Түбір мен қосымшаның немесе сөздердің аралығындағы көршілес дыбыстардың алдыңғысының кейінгі дыбысқа әсер етіп, өзіне ұқсатуын ***ілгерінді ықпал*** дейміз.

Воздействие предшествующего звука на последующий, которое имеет место как в пределах одного слова, так и между отдельными, соседними друг с другом словами, называется прогрессивной ассимиляцией.

Кейінді ықпал

А в регрессивной ассимиляции звук влияет на предыдущий звук, в таких случаях:

1. Конечные глухие согласные корня (к, қ, п) переходят в звон-

кие (г, ғ, б), если присоединяемый к ним аффикс начинается с гласного: доп – добы, оқулық – оқулығы, білезік – білезігі.

2. Конечный (н) корня в положении (б, п) произносится как (м): дүйсенбі (дүйсембі), сейсенбі (сейсембі), сәрсенбі (сәрсембі), бейсенбі (бейсембі), сенбі (сембі), жексенбі (жексембі).

Фонетика тарауына қатысты тапсырмалар

І нұсқа

1-тапсырма. Төмендегі дыбыстардың тіркесінен сөз жасауға бола ма?

Болмаса, себебі не?

1) ұ, м, н;
2) п, б, у;
3) ж, д, а;
4) ә, ғ, ә

2-тапсырма. Құрамында төмендегідей әріптер қатар келген сөздер жазыңыздар.

а + й + ы – қайық,
е + й + і – мейіз,
ұ + й + ы – тұйық,
ү + й + і – үйір

3-тапсырма. Құрамындағы барлық сөзі бірдей дыбыстан басталатын мақал-мәтелді тауып жазыңыздар.

4-тапсырма. Сөздері бірыңғай дауыстыдан не бірыңғай дауыссыздан басталатын 1-2 шумақ өлең жазыңыздар.

5-тапсырма. Төмендегі берілген дауысты дыбыстардың бөлінулерінің тұс-тұсына тиісті дауысты дыбыстарды топтап жазып, олардың бұлайша бөліну себептерін айтыңыздар.

Жуан дауыстылар:
Жіңішке дауыстылар:

Ашық дауыстылар:
Қысаң дауыстылар:
Еріндік дауыстылар:
Езулік дауыстылар:

6-тапсырма. Қос сөздердің екінші сыңарының басқы буындарында «ә» әрпі бар төрт сөйлем жазыңыздар.

7-тапсырма. Көп нүктенің орнына «а», «ә» әріптерінің тиістісін қойып жазыңыздар.

У...ли, күм...н, с...нді, д...реже, г...зет, з...улім, Күл...нда, с...рсенбі, к...бинет, Сәбир..., к...лендарь, сір..., С...уле, дүд...м...л.

8-тапсырма. Көп нүктенің орнына «ы», «і», «ұ», «ү» әріптерін қойып жазыңыздар.

Болат ...йге бір кір...п, б...р ш...ғады. Торғайлар М...ратқа ...йреніп алып, одан ...рікпейтін болды.

9-тапсырма. Е дыбысынан басталатын бірнеше жер-су аттарын тауып жазыңыздар.

10-тапсырма. Дауысты дыбыстардан басталатын ұлттық спорт ойындарын жазыңыздар.

II нұсқа

1-тапсырма. Көп нүктенің орнына тиісті дыбыстарды қойып жазыңыздар.

Б...г...н мұғал...м, үлк...н қ...ғ...з, әк...ліп, іл...п қойд...

2-тапсырма. Төменде берілген дауыссыз дыбыстардың бөлінулерінің тұс-тұсына тиісті дауыссыз дыбыстарды топтап жазып, бөліну себептерін түсіндіріңіздер.

Ұяң дауыссыздар:
Қатаң дауыссыздар:

3-тапсырма. Г дыбысына біткен сөздер ойлап жазып, оларға барыс септігі жалғауын жалғап жазыңыздар.

4-тапсырма. ***«У» әрпі қандай сөздерде дауысты, дауыссыз екенін көрсетіңіздер.***

Уақыт, ауа, бауыр, қауын, ақ, тау, сауық.

5-тапсырма. Төмендегі сөздер мен сөз тіркестеріндегі көп нүктенің орнына тиісті әріптерді қойып, сөздердің дұрыс айтылу, дұрыс жазылу заңдылықтарын аңғарыңыздар..

Сә... бай. Сәрсе...бі. Кө... адам. Әлде...ашан. Көз...арас. Күміс... ай. Жа...у. Жа...бота. Қорқақ... алма. Қағаз ... ерек.

6-тапсырма. Қатаңнан басталып қатаңға аяқталған үш дыбыстан тұратын бірнеше сөз тауып жазыңыздар.

7-тапсырма. Ұяң дауыссызға аяқталатын бірнеше сөз тауып жазыңыздар.

8-тапсырма. Тек к дыбысынан басталып, осы дыбысқа аяқталған 10 сөз жазыңыздар.

9-тапсырма. Қатаң дыбыстардан басталатын қазақтың ұлттық киімдерін теріп жазыңыздар

10-тапсырма. Сөйлемнен дауыссыз дыбыстарды тауып, астын сызыңыздар..

Адам ата-анадан туғанда, есті болмайды.

III нұсқа

1-тапсырма. Сөйлемнен қатаң дыбыстан басталатын сөздерді теріп жазыңыздар.

Алып өндіріс орындарында қыруар жұмыс басталды. Сала мамандары қызу қарқынмен таласа жұмысқа кірісті.

2-тапсырма. Құрамында үнді дауыссыздар кездесетін сөздерді тауып, астын сызыңыздар.

Алма апортының өзіндік тарихы бар.

3-тапсырма. Дауыссыздарға аяқталған сөздерді теріп жазыңыздар.

Күн күркіреді. Күллі өсімдікті көңілдерін сәуірдің жаңбыры жауып тұр.

4-тапсырма. Жалғау жалғап, қалай жалғанатынын түсіндіріңіздер.

Жәмила. Күләш. Молдабек. Күміс.

5- тапсырма. «Ю», «я» әріптерінің алдынан «ы» әрпі жазылатын сөздерге мысал келтіріңіздер.

6-тапсырма. Берілген сөз тіркестерін пайдаланып, ондағы көп нүктенің орнына «й», «и», «ый» әріптерінің тиістісін жазып, тіркестерді қатыстырып, сөйлем құрастырыңыздар.

Т...істі, с...ымды зат, сұлу таб...ғат, сынық, мү...із, б...ік жартас, с...лық

7-тапсырма. Төмендегі [ы], [і] дыбыстарына біткен бұйрық райлы етістіктерге тұйық етістіктің «у» жұрнағын жалғап , ондағы «ы», «і» әріптерінің түсіп қалу себептерін анықтаңыздар.

Оқы, жібі, суы, телі, тасы, жоры, кемі, қоры.

8-тапсырма. «Жалғыз» сөзіне фонетикалық талдау жасаңыздар.

9-тапсырма. Сөздерге төмендегі тиісті қосымшаны жалғап жазыңыздар.

Инженер.., жұлдыз.., рақ.., өнер.., дүние.., сән.., айла.., арба.., кітап.., бала...

-мен, -бен, -пен, -паз, -қор, -қой, -кер, -кеш, -хана, -нікі.

10-тапсырма. Көп нүктенің орнына тиісті қосымшаны қойып , *«Адам»* сөзіне фонетикалық талдау жасаңыздар.

Бұл құрлысшылар... мекені. Іңір түсе екі адам осы қос алды... ат басын тіреді.

IV нұсқа

1-тапсырма. Көп нүктенің орнына тиісті қосымшаны қойып, буынға бөліп жазыңыздар.

Екеуінің де иықтары... асынған мылтықтары... бар.

2-тапсырма. Көп нүктенің орнына тиісті әріптерді қойып, буынға бөліп жазып, қандай буын екендігін көрсетіңіздер.

А...қ, қо...н, сал...т, параш...т, раз...езд, фестивал.., рол...

3-тапсырма. Жуан қосымшалы сөзді бір бөлек, жіңішке қосымшалы сөзді бір бөлек теріп жазыңыздар.

Бұл балық тоспа, баяу ағатын суларда тіршілік етеді. Балықтар жекпе-жекке шыққанда, түсі құбылып, бояуы жарқырап, айқындала, әдемілене түседі.

4-тапсырма. Көп нүктенің орнына тиісті қосымшаны жалғап, оның қандай буынның түрі екенін көрсетіңіздер.

Гутковский.., Капустин.., Ганцевский.., кейде Гасфорт... үй...інде өткізілетін кештер... Шоқан... қатыспайтыны сирек бол...

5-тапсырма. Көп нүктенің орнына тиісті қосымшаны жалғап, оның қандай буынның түрі екенін көрсетіңіздер.

Сонда жұрт... қызықтыратыны: білім... көптігі, тарихты, әдебиет.., көркем өнерді жақсы көретін.., әзіл-оспақ... жүйріктігі, сөз... алғырлығы, әйел...дің тіл... таба білуі, әңгімелер... қызықтығы.

6-тапсырма. Төмендегі сөздерден сөйлем құрастырып жазыңыздар.

Мамандық, қашықтық, оқы, сала, кәсіп.

7-тапсырма. Төмендегі сөздердің мағыналарын анықтап, олардың құрамын, үндесу заңдылығы мен жазылу емлесін түсіндіріңіздер.

Бозғылт. Иманды. Еріншек. Атамекен. Алым. Шабыс.

8-тапсырма.Төмендегі сөз тіркестерінің жазылу, айтылуын анықтап, олардың араларындағы дыбыс үндестігін түсіндіріңіздер.

Қорқақ болма. Көріп бер. Қара қошқыл. Таң қалдым. Көмекке кел.

9-тапсырма.«Наурыз» тақырыбына ойтолғау жазып, үндестік заңына мысал келтіріңіздер.

10-тапсырма. Көп нүктенің орнына *-хана, -нікі, -дікі, -тікі, -кер, -кеш, -паз, -ғой, -қой* жұрнақтарын қойып, олардың үндестік заңына бағынбайтын себебін айтыңыздар.

Омар.., жұмыс.., Асхат.., Аян.., сән.., ақыл.., айла.., білім.., шай.., мейман.., зиян...

V нұсқа

1-тапсырма. Буын үндестігіне бағынбай жалғанған қосымшалары бар сөздердің астын сызыңыздар.

Шын бүгін Ақшоқыға өздерінің соңғы өнер, табыстарын асығып әкелген өнерпаздар аз емес.

2-тапсырма. Буын үндестігінің заңына бағынбай жалғанған қосымшалары бар сөздердің астын сызыңыздар.

Ол жаңағыдай жайларда өте намыскер, басынан сөз асыра алмайды.

3-тапсырма. Араб, парсы тілдерінен қазақ тілінің үндестік заңына бағынып енген сөздерді тауып жазыңыздар.

4-тапсырма. Сөздердегі дыбыс үндестігінің қай ықпал екенін түсіндіріңіздер.

Көктөбе. Жақыпбек. Орағыта келіп. Үйге кел. Өнеркәсіп. Әлдекімдерден.

5-тапсырма. Өлеңнен сөз аралығындағы дыбыс үндестігін анықтап, қандай ықпалға жататынын айтыңыздар.

Қан сонарда бүркітші шығады аңға,
Тастан түлкі табылар аңдығанға.
Жақсы ат пен тату жолдас бір ғанибет
Ыңғайлы, ықшам киім аңшы адамға
Сылаң етіп жолықса қайтқан ізі,
Сағадан сылпың қағып із шалғанда.

6-тапсырма. Көп нүктенің орнына тиісті әріптерді қойып көшіріп, сол сөздегі ықпал түрін айтыңыздар.

Жексе...бі күндері киноға барып тұрамыз. Бөлмеде шам сө...беді.

Өтірікке на...ба, шындықты сүйе біл. Ат өнері білі...бес, бәйгеге түсіп жарыспай.

7-тапсырма. Көп нүктенің орнына тиісті әріптерді қойып , сол сөздегі кейінді ықпалды айтыңыздар.

Жел құлпырып ашы...ған,
Тұндырып шал құла...ын.
Ұшыратын басынан,
Жұлып кейде тыма...ын.

8-тапсырма. Сөз тіркестері араларындағы ықпал тигізіп тұрған дыбыстарды табыңыздар.

Жазғытұрым сортаңдардың желектеріне қызғыш ұя салады. Бұл ала шапанды айдарлы құстар ала жаздай алқапты алыстан қорғап, қиқу салып, басына көтеріп жүреді.

9-тапсырма. Мына жұрнақтарды қандай сөздерге жалғай аласыздар?

-нікі-	-қор-
-дікі-	-паз-
-тар-	-хана-
-дар-	-кес-
-гер-	-қой-
-кер-	

10-тапсырма. Төмендегі сөздердің тұсына олардың орфографиялық нормасын сақтап жазыңыздар.

жам бағу –
қағ алды –
саптаяқ –
сарауыз –
сегіз ғанат –
түйгіссе –
тайақ –
жапан дүз –

Морфология

Көптік жалғаулары

«Флексия» – сөздің мағынасын өзгерте алмайтын, көмекші мағына беретін көмекші морфема болып саналады. ***Морфема дегеніміз*** гректің ***форма*** деген сөзінен алынған термин. ***Флексия*** – сөйлемдегі сөздердің өзара синтаксистік қатынасын білдіреді, екінші сөзбен айтқанда жалғаулар – сөз бен сөзді байланыстыратын постфикстер. Флексия сөздердің формасын өзгертіп, оған грамматикалық мағына үстейді. Лингвистикада жалғауды флексия» дейді. (Ә. Хасенов)

Сөзге грамматикалық мағына үстейтін сөз бен сөзді байланыстыратын қосымшаны ***жалғау*** дейміз.

Қазақ тілінде ***септік, көптік, тәуелдік, жіктік*** жалғаулары (флексия) бар.

Көптік жалғау сөзге көптік мағына береді. Көптік категориясы тілімізде ***үш түрлі жолмен*** беріледі: 1. ***Лексикалық тәсіл*** көптік ұғымды жеке сөздің тікелей өз лексикалық мағынасы арқылы білдіреді (*ұн, жүн,сүт, мақта, шөп, су, құм, тұз, қымыз, шұбат, т.б.).* 2. ***Синтаксистік тәсіл*** көптік мағынаны сөз тіркестері арқылы білдіреді *(он шақты жігіт, мыңдаған кітап, үш қыз, сегіз кісі ,мыңдаған кітап, қыруар еңбек).* 3. ***Морфологиялық тәсілде*** көптік ұғымдар жеке сөзге тиісті қосымшалардың қосылуы арқылы жасалады *(- лар, - лер, - дар, -дер, - тар, -тер)*, көптік жалғаулары сөзге жалғанып көптік мағына тудырады *(оқушы + лар, терезе + лер, есік + тер, құс + тар, қала + лар, қаз + дар, әйел + дер, орындық + тар).*

Жіктік жалғаулары

Жіктік жалғауы – қимыл иесінің кім екенін білдіру үшін қолданылатын қосымша. Ол басқа қосымшалар сияқты сөз бен сөзді байланыстырып, қарым-қатынасқа келтіріп тұрады. Жіктік жалғауы жалғанған сөз үнемі баяндауыш қызметінде жұмсалып, бастауышпен жақтық, шақтық жағынан қиыса байланысады. Сөздерге жіктік жалғауы жалғануын сөздің жіктелуі дейміз.

Егер сөздің соңғы дыбысы дауыстыға және үнді ***л, р, й, у*** дыбыстарына аяқталса, онда ***-мын, -мін*** (жекеше), ***-мыз, -міз*** (көпше) жалғаулары жалғанады.

Мысалы: *Мен Алтынай-мын, Абзал-мын, отыр-мын, сау-мын, ана-мын.*

Егер сөздің соңғы дыбысы ***б, в, г, д*** дыбыстарынан басқа ұяң дыбыстарға аяқталса, онда ***-бын, -бін*** (жекеше), ***-быз, -біз*** (көпше) жалғанады.

Мысалы: *Мен сарбаз-бын. Әзиз-бін. Біз егіз-біз. Біз мәз-біз.*

Егер сөздің соңғы дыбысы қатаң дауыссыздарға және ***б, в, г, д*** ұяң дыбыстарына бітсе, онда ***-пын, -пін*** (жекеше), ***-пыз, -піз*** (көпше) жалғанады.

Мысалы: *Мен қонақ-пын, филолог-пын.*

Көптік мағынаны білдіру үшін ***-сың, -сің*** және ***-сыз, -сіз*** жіктік жалғауларынан кейін көптік жалғаулары жалғанады.

Мысалы: *Сендер жігітсің-дер.*

Сөздің соңғы дыбысы жекеше II жақта қандай дыбысқа аяқталса да, ***-сың, -сің, -сыз, -сіз, -сыңдар, -сіңдер*** жалғаулары жалғанады. М.: *инженерсің, мұнайшысың, ұшқышсың.* III жақта жіктік жалғауы болмайды. М.: *Ол отыр, ол студент, олар оқушы.*

Септік жалғаулары

Септік жалғаулары арқылы есімдер сөйлемдегі етістіктермен де, шылау сөздермен де, есімдер өзді-өздері де жалғасып, әр алуан қарым-қатынасқа түседі. Сөйлемдегі сөздерді бір-бірімен жалғастырып, септестіріп тұратын қосымшаларды **септік жалғаулары** дейміз.

Қазақ тілінде 7 септік бар. Септік жалғаулары – зат есімдердің мағыналарын түрлендіріп, оларды басқа сөздермен байланыстыратын қосымшалар.

Септік жалғаулары		
Атаулары	Сұраулары	Жалғаулары
Атау (имен. падеж)	кім? (кто?), не? (что?)	
Ілік (родит. падеж)	кімнің? ненің? (чей? чья? чье? кого? чего?)	-ның, -нің, -дың, -дің, -тың, -тің
Барыс (дательно-направительный падеж)	кімге? неге? қайда? (кому? чему, зачем? куда?)	-ға, -ге, -қа, -ке, -а, -е, -на, -не
Табыс (винит. падеж)	кімді? нені? (кого? что?)	-ны, -ні, -ды, -ді, -ты, -ті, -н

Жатыс (местный падеж)	кімде? неде? қайда? қашан? (у кого? на чем? где? когда?)	-да, -де, -та, -те, -нда, -нде
Шағыс (исходный падеж)	кімнен? неден? қайдан? (от кого? от чего? откуда?)	-нан, -нен, -дан, -ден, -тан, -тен
Көмектес (твор.-соед. падеж)	кіммен? немен? қалай? (с кем? с чем? как?)	-мен (менен), -бен (бенен), -пен (пенен)

Тәуелдік категориясы

Бұл грамматикалық категория орыс тілінде жоқ, тәуелдік мағына негізінен тәуелдік есімдігі арқылы беріледі: *моя книга, твой дом.*

Заттың бір адамға, көп адамға меншіктілігін білдіретін тілдің арнайы грамматикалық тәуелдік категориясы бар.

Тәуелдік категориясының мағынасы жұрнақ және тәуелдік жалғаулары арқылы беріледі:

1. Тәуелдік мағына ***-нікі, -дікі, -тікі*** жұрнақтар арқылы беріледі, жұрнақ меншікті заттың иесін білдіретін сөзге жалғанады М.: *шеге менікі, қуыршақ сенікі т.б.*

2. Тәуелдік мағына тәуелдік жалғаулары арқылы беріледі. Тәуелдік жалғауы 3-жақта, анайы, сыпайы түрде, жекеше, көпш түрде қолданады.

Тәуелдік жалғау бір заттың екінші бір затқа немесе біреуге (адамға) тәуелді, меншікті екенін білдіреді. Тәуелденетін сөз үш жақтың біріне тәуелдене, меншіктене айтылады. Тәуелдік жалғау өзі жалғанған сөзді ілік септік жалғаулы сөзбен байланыстырып тұрады.

Меншіктік форма (тәуелдену ұғымын) тудыратын ***- нікі, -дікі, -тікі*** жұрнақтары ілік септігінің ***-ның, -нің, -дың, - дің, - тың, - тің*** жалғауларының және ***-қы, -кі, -ғы, -гі*** жұрнақтарының бірігуінен пайда болған. Тәуелдік жұрнақтардың басқа жұрнақтардан ерекшелігі - жуан формасы болмайды. Мысалы: ***ме-нікі, се-нікі, сендер-дікі, олар-дікі, кі-тапхана-нікі т.б.***

Притяжательная форма образуется путем присоединения к именным основам суффиксов: ***- нікі, -дікі, -тікі.*** Суффиксы притяжательной формы в отличие от других суффиксов не имеют твердого варианта.

Тәуелдік екі түрлі болады:

1. Оңаша тәуелдену; 2. Ортақ тәуелдену.

1. Бір не көп заттың жеке адамға меншіктелуі **оңаша тәуелдену** деп аталады: Менің кітабым, менің кітаптарым, оның қобызы, оның қобыздары.

2. Бір не көп заттың көп адамға меншіктелуі **ортақ тәуелдену** деп аталады: Біздің үйіміз, біздің мүліктеріміз, олардың саяжайлары.

Зат есім

Зат есім – заттың, ұғымның, құбылыстың атын білдіретін сөз табы. Сұрақтары: кім? не? кімдер? нелер?

Зат есім тұлғасына қарай 2-ге бөлінеді:

Негізгі зат есім-бөлшектеуге келмейтін түбір зат есім. Мысалы: ел, от, жер.

Туынды зат есім- зат есімге және басқа сөз таптарынан жұрнақ арқылы жасалған зат есім. Мысалы, балалық, айтыс, қойшы, жерлес.

Зат есім құрамына қарай 2-ге бөлінеді:

Дара зат есім- бір ғана түбірден тұрады. Мысалы, ас, апа, жент.

Күрделі зат есім- кемінде екі сөзден тұрады. Мысалы, тамыртаныс, күнбағыс.

Зат есім жалпылай және жекелей атауына қарай 2-ге бөлінеді:

Жалпы есім- біртектес заттардың жалпы атауы. Мысалы, адам, дала, үй.

Жалқы есім- біртектес заттардың өз ішіндегі жекелеген атауы. Құрманғазы, Ақсу, Алматы.

Зат есім мағынасына қарай 2-ге бөлінеді:

Деректі зат есім- көзбен көріп, қолмен ұстауға болатын зат пен құбылыстың атауы. Мысалы, ағаш, қалам, су, сия.

Дерексіз зат есім- оймен, ақылмен сезіп білетін ұғымдардың атауы. Мысалы, үміт, шындық, қасірет.

Сын есім

Сын есім дегеніміз – заттың сын-сипатын, сапасын, түр-түсін, мөлшерін, көлемін білдіретін сөз табы.

Имя прилагательное – это часть речи, которое обозначает признаки, качества, свойства, цвет, объем, форму предмета.

Сын есім қандай? (какой?), қай? (который?) деген сұрақтарға жауап береді.

Сын есім мағынасына қарай (по значению) 2-ге бөлінеді:

Қатыстық сын есімдер (относительные прилагательные).

Сапалық сын есімдер (качественные прилагательные).

Қатыстық сын есімдер – бір зат пен екінші заттың қатысын, байланысын білдіреді.

Қатыстық сын есім выражает признаки, приписываемые предметам, отношение одного предмета к другому по принадлежности, местонахождению, времени и т.д.

Мысалы: *шөпті жер* – шөп мол шығатын жер, *түнгі жел* – түнде соғып тұратын жел, *қысқы сессия* – қысқы уақытта өткізілетін сессия, *жазғы демалыс* – жазда болатын демалыс күні, *таулы алқап* – тауы көп жер, *тұзды тамақ* – тұзы көп салынған тамақ, *ақшалы адам* – ақшасы көп адам, *түскі ас* – түс кезінде ішілетін ас, *қысқы аяз* – қыс мезгілінде болатын аязды күндер т.б.

Қатыстық сын есімдер сөздің түбіріне төмендегі жұрнақтардың жалғануы арқылы жасалады:

1. ***-лы, -лі, -ды, -ді, -ты, ті –*** бір заттың екінші затқа қатысын көрсетеді (указывает на отношение одного предмета к другому). М.: *Әдеп+ті қыз екен.*

2. ***-дай, -дей, -тай, -тей –*** бір заттың екінші затқа қатысты сапасын көрсетеді (указывает на качество предмета относительно другого предмета). М.: *кісі+дей, сүт+тей, ине+дей.*

3. ***-лық, -лік, -дық, -дік, -тық, -тік –*** қоғамға, саясатқа, өнерге қатысын көрсетеді (указывает на отношение к обшеству, к искусству, к политике). Мысалы: *орта+лық, қоғам+дық, жолдас+тық.*

4. ***-сыз, -сіз*** – болымсыз сын есімдер (отрицательные прилагательные). М: *білім+сіз, ақыл+сыз, су+сыз..*

5. ***-қы, -кі, -ғы, -гі*** – мезгіл, уақыт және кеңістікке қатысты сын есімдер (отношения времени и пространства). М.: *төр+гі үй, жа+зғы жауын.*

Сапалық сын есімдер

Сапалық сын есімдер заттың түсін, түрін, көлемін, аумағын, салмағын, сипаты мен сапасын, дәмін, көлемін т.б. білдіреді.

Сапалық (качественные) сын есімдер обозначают качество, свойство, цвет, объем, величину, характер, вкус, форму предмета и т.д.

Түрлері (Типы)	Мысалдар (Примеры)
а) түрі мен түсі (качество, признак цвета)	а) ақ – белый, қызыл – красный, сары – желтый, күлгін - фиалетивый жасыл – зеленый, көк – синий, сұр – серый, көгілдір – голубой, күрең – бордовый.
ә) сын-сипаты (характер и свойство)	ә) жақсы – хороший, сұлу – красивый, жалқау – ленивый, жуас – тихий, смирный, әлсіз – слабый, қатты – твердый, семіз – жирный, арық – худой.
б) көлемі мен аумағы (объем, величина, размер)	б) үлкен – большой, кең – широкий, тар – узкий, биік – высокий, жуан – толстый, жіңішке – тонкий, кішкене – маленький, аласа – низкий.
в) дәмі мен иісі (вкус)	в) ащы – горький, тұщы – пресный, тәтті – сладкий, дәмді – вкусный, қышқыл – кислый, тұзды – соленый.
г) пішіні, түрі, формасы (форма)	г) қырлы – граненый, түзу – прямой, қисық – кривой, дөңгелек – овальный, круглый, сопақ – продолговатый, жұмыр – шарообразный, жалпақ – плоский.

Сын есімнің шырайлары

Жай шырай

Жай шырай формасы шырайлардың басқа түрлерін мағына жағынан да, форма жағынан да салғастыратын негізгі форма болып саналады.

Мысалы: *жеміс, сары, жасыл.*

Салыстырмалы шырай

Салыстырмалы шырай дегеніміз бір заттың сынына екінші бір заттың сынын салыстырып, сол салыстырылатын түстердің я белгілерінің бір-бірінен сәл артық екенін білдіретін шырайдың түрі.

Салыстырмалы шырай тудыратын жұрнақтар:

1. -рақ, -рек, -ырақ, -ірек: *биігірек, аласарақ.*

2. -лау, -леу, -дау, -деу, -тау, -теу: *жалқаулау.*

3. -қыл, -ғыл, -қылт, -ғылт, -тым, -шыл, -шіл, -қай, -аң: *бозғыл, сұрғылт, көкшіл, қоңырқай, ақшыл.*

Күшейтпелі шырай

Күшейтпелі шырай дегеніміз – заттың бастапқы сындық сапасын күшейте түсетін шырай. Мысалы: жап-жасыл, әп-әдемі, ұп-ұзын, қып-қызыл т.б.

Асырмалы шырай

Асырмалы шырай заттың сынын не асыра көтеріп, не тұқырта төмендетіп көрсетеді. Бұл шырай сын есімнің алдынан келіп, күшейткіш демеуліктердің тіркесуі арқылы жасалады. Мысалы: тіпті аласа, орасан зор, тым кішкене, өте жақсы, аса үлкен, ең қадірлі, өте төмен т.б.

Превосходная степень выражает большую или меньшую меру признака предмете, но без сравнения. Она образуется с помощью усилительных наречий.

Усилительная степень указывает на высшую степень признака в одном предмете в сравнении с другим предметом. Он образуется с помощью усилительного слога.

Сан есім

Заттың санын, мөлшерін, ретін білдіретін сөз табын сан есім деп атайды.

Имя числительное – это часть речи, обозначающее число, количество и порядок следования предметов и отвечающее на вопросы қанша? неше? нешеу? (сколько?), нешінші (который по счету?).

Сан есім лексика-грамматикалық мағынасына қарай 6 топқа бөлінеді. Олар:

– Топтау сан есімдер (Группирующие);
– Реттік сан есімдер (Порядковые);
– Жинақтық сан есімдер (Собирательные);
– Есептік сан есімдер (Количественные);
– Болжалдық сан есімдер (Приблизительные);
– Бөлшектік сан есімдер (Дробные).

Топтау сан есімдер заттың мөлшерін топтап көрсетеді.

Бір санның қайталануы арқылы жасалады. Бірінші компоненті есептік сан есім болады да, екінші компонентіне шығыс септігінің жалғауының жалғануы арқылы жасалады. Мысалы: екі-екіден (по двое), үш-үштен (по трое), Нешеден? қаншадан? (по сколько?) деген сұрақтарға жауап береді.

Реттік сан есімдер есептік сандарға ***-ыншы, -інші, -ншы, -нші*** жұрнақтарының жалғануы арқылы жасалынады да нешінші? қай? (который?) деген сұрақтарға жауап береді. М.: *Сен қай қатарда отырсың? Мен 9-шы қатарда отырмын.*

Жинақтық сан есімдер бірден жетіге дейінгі есептік сан есімдерге ***-ау, -еу*** жұрнақтарының жалғануы арқылы жасалады (біреу, екеу, үшеу, төртеу, бесеу, алтау, жетеу). Нешеу? деген сұраққа жауап береді. М.: *Алтау ала болса ауыздағы кетер, төртеу түгел болса, төбедегі келер.*

Есептік, болжалдық, бөлшектік сан есімдері

Есептік сан есімдер заттың сандық мөлшерін білдіреді де қанша? неше? (сколько?) деген сұрақтарға жауап береді. *М.: үш, төрт, алты, елу, алпыс, бес мың, тоғыз мың т.б.*

Болжалдық сан есімдер – белгілі бір заттар мен құбылыстардың сан мөлшерін дәл атамай, болжап, шамамен көрсетеді. Олар 3 жолмен жасалады:

1. -дай, -дей, -тай, -тей жұрнақтарының жалғануы арқылы. *М.: Кеше бізге қырықтай адам келді ғой.*

2. -лар, -лер, -дар, -дер, -тар, -тер көптік жалғауларының жалғануы арқылы жасалады. *М.: Ақтан жиырма бестерде. Дүкен бестерде жабылады.*

3. Екі есептік сан есімнің қосарлануы арқылы жасалады. *М.: үш-төрт (три-четыре).*

Бөлшектік сан есімдер – негізінде таза математикалық ұғымға байланысты туған сөздер. Олар белгілі бір заттар мен құбылыстардың сандық бөлшегін білдіреді. *М.: Жер бетінің 1/3-сін құрылық, ал 2/3-сін су алып жатыр.* Бөлшектік сан есімдер есептік сан есімге шығыс септігінің жалғауы жалғануы арқылы жасалады. *М.: 1/5 (бестен бір), 2/10 (оннан екі) т.б.*

Есімдік (местоимения)

Қарамен жазылған сөздерге назар аударыңдар, олардың қызметін түсіндіріңдер. Оларға сұрақ қойыңдар.

Мен жазбаймын өлеңді ермек үшін (Абай). Ол саған хат жазбайды. Сен кімсің өзің?

Қарамен жазылған сөздер есімдіктер деп аталады. Есімдік заттың өз атауын да, белгісінің, санының да атын білдірмейді, тек нұсқап, меңзеп көрсетеді де, солардың орнына қолданылады. Мысалы: Бірінші сөйлемдегі Талғаттың есімін екінші сөйлемде ол есімдігі ауыстырып тұр. Үшінші сөйлемдегі баяндаушы адам мен Талғаттың есімдерін тағы да **мен, оған** есімдіктері алмастырып отыр. Төртінші сөйлемде зат есімнің орнын *кім* есімдігі басқан.

Зат есім, сын есім, сан есімнің орнына жүретін **есімдіктер** кейде **орынбасар сөздер** деп аталады.

Есімдіктер мағынасына қарай жеті топқа бөлінеді:

1. Жіктеу есімдігі: мен, сен, сендер, сіз, сіздер, ол, олар, біз, біздер.

2. Сілтеу есімдігі: ол, сол, бұл, осы, ана, анау, сонау, сона, әне, міне, әнеки, мінеки.

3. Сұрау есімдігі: кім? не? қалай? қашан? қандай? т.б.

4. Өздік есімдігі: өз, өзім, өздері, өзіміз, өзінен, өзімнің, өздеріңіз.

5. Жалпылау есімдігі: бар, барша, барлық, бәрі, күллі, бүтін, тегіс, түгел, (тамам, дүйім, мұқым, әмбе).

6. Болымсыздық есімдігі: ештеңе, ештеме, дәнеңе, дәнеме, ешкім, ешқашан, түк, дым.

7. Белгісіздік есімдігі: әр, қай, бір, біреу, әлде, кей (әркім, қайбір, әлдебіреу, әлдебір).

Сілтеу есімдіктері

Сілтеу есімдігі сілтеу, нұсқау, көрсету мағынасын білдіреді. Сілтеу есімдіктеріне: ***бұл, сол, ол, осы, сона, ана, анау, мына, мынау, сонау, осынау, әне, міне*** деген сөздер жатады. Сұрауы: қай? қайсы?

Сұрау есімдіктері

Сұрау мағынасын тудыратын негізгі есімдіктер: ***кім? не? неше? нешінші? нешеу? қай? қандай? қалай? қашан? қанша?*** Сұрау есімдігі септеліп қолданылады.

Өздік есімдіктері

Өздік есімдігіне ***өз*** деген есімдік, оның тәуелденген түрлері жатады: ***өзім, өзің, өзіңіз, өзі, өздерің, өздеріңіз, өздері.***

Болымсыздық есімдіктері

Болымсыздық мағынаны білдіретін есімдіктің түрі болымсыздық есімдік деп аталады. Болымсыздық есімдіктерге ***еш*** деген тілдік нұсқа арқылы сұрау есімдіктерінен және басқа да сөздерден жасалған есімдіктер жатады: ***ешкім, ештеме, ешқашан, ешқайда, ешқайдан, ешқайсысы, ешбір, дәнеңе, дәнеме.***

Жалпылау есімдіктері

Жалпылау есімдіктері жалпылау мағынасын білдіреді. Жалпылау есімдіктеріне: ***бәрі, бар, барлық, күллі, бүкіл, барша, түгел*** деген сөздер жатады.

Етістік

Заттың қимылын, іс-әрекетін, жай-күйін білдіретін сөз табын **етістік** деп атаймыз.

Етістік – знаменательная часть речи, которая обозначает действие, состояние лица или предмета.

Етістік (глагол) – это часть речи, которая грамматически выражает значение действия в формах лица *(жазамын - я буду писать, жазасың - ты будешь писать)*, времени *(бардым - я ходил, барамын - я пойду)* и отвечает на вопросы не істеді? (что сделал?), не істемек? (что будеть делать?), не қылды? (что сделал?).

Тұлғасына қарай (по способу образования) етістіктер: 1) ***негізгі*** *(непроизводные): оқы (читай), ал (бери), жаз (пиши), жүр (пошли);* 2) ***туынды*** *(производные); ой+на (играй), ой+ла (думай), тұз+да (соли), гүл+де (цвети)* болып екіге бөлінеді.

Негізгі етістіктер деп әрі қарай бөлшектеуге келмейтін бір морфемадан тұрып, қимыл мағынасын білдіретін етістіктер аталады. М.: *кел, кет, айт, бөл, же, өт, жүр, күл, бар,* т.б.

Туынды етістіктер деп түбір етістіктен және басқа сөз табынан сөз тудырушы жұрнақтар арқылы жасалған, ең кемі екі морфемадан тұратын етістіктер аталады. М.: *ем-де, үтік-те, кілт-те, әдет-тен, көмектес* т.б.

Етістік тудыратын жұрнақтар

Жұрнақтар (суффиксы)	Мысалдар (примеры)	
	Түбір сөздер	Туынды сөздер
-ла, -ле, -да, -де, -та, -те	бас – голова ой – мысль тұз – соль шеге – гвоздь ем – лечение есеп – задача іс – дело	бас-та – начинай ой-ла – думай тұз-да – посоли шеге-ле – забей гвоздь ем-де – лечи есеп-те – реши іс-те – делай
-лас, -лес -дас, -дес -тас, -тес	серт – условие ақыл – ум дос – друг көмек – помощь бір – один қош – прощание	серт-тес – условься, договорись ақыл-дас – советуйся дос-тас – подружись көмек-тес – помоги бір-лес – объединяйся қош-тас – прощайся
-қар, -кер, -ғар, -гер	бас – голова ес – память су – вода тең – равное; тюк	бас-қар – возглавь ес-кер – запомни су-ғар – поливай тең-гер – приравняй
-лан, -лен	пайда – польза ашу – злоба үй – дом	пайда-лан – пользуйся ашу-лан – возмущайся үй-лен – женись
-а, -е	түн – ночь сан – число	түн-е – ночуй сан-а – считай

Болымды және болымсыз етістіктер

Қазақ тілінде етістіктер ***болымды*** және ***болымсыз*** болып бір-біріне қарама-қарсы екі топқа бөлінеді.

Болымды етістік. Етістік негізгі түбірде де, туынды түбірде де қимылдың, іс-әрекеттің болуын білдіреді. Сондықтан етістік негізгі я туынды түбір күйінде болымды мәнді білдіреді. Оларды ***болымды*** етістік дейді. М.: *жазамын, беремін, келемін т.б*.

Болымсыз етістік. Болымсыз етістіктер қимылдың, іс-әрекеттің болмауын, іске аспауын білдіреді. Болымсыз етістік негізгі, я туынды түбір етістіктерге; 1. ***-ма, - ме, - ба, - бе, - па, - пе*** жұрнақтары жалғану арқылы; 2. белгілі шақ тұрғысындағы етістікке ***жоқ, емес*** сөздерінің тіркесуі арқылы жасалады. Мысалы: *күл-күлме, тоқы-тоқыма, ұрған-ұрған емес, сүрт-сүрткен жоқ т.б*.

Етістіктің өткен шақ категориясы

Қимыл іс-әрекеттің өткен уақытта болғандығын көрсететін етістіктің түрін өткен шақ деп атайды. Өткен шақтың 3 түрі бар:

1. Жедел өткен шақ (очевидно-прошедшее время).
2. Бұрынғы өткен шақ (давно прошедшее время).
3. Ауыспалы өткен шақ (переходное прошедшее время).

Жедел өткен шақ: -ды, -ді, -ты, -ті жұрнақтарының жалғануы арқылы жасалады. Мысалы: *ту+ды+м* (родился), *кет+ті+м* (ушел).

Бұрынғы өткен шақ*: *-қан, -кен, -ған, -ген тұлғалы есімшенің жіктеліп келуінен жасалады. Мысалы: Мен *бар+ған+мын, кел+ген+сіз*;

2. Бұрынғы (ежелгі) өткен шақ; ***-ып, -іп, -п*** тұлғалы көсемшенің жіктеліп келуінен жасалады. Мысалы: мен *бар+ып+пын,* (сен) *кел+іп+сің,* (ол) *оқы+п* ***еді***.

Ауыспалы өткен шақ: есімшенің ***-атын, -етін, -йтын, -йтін*** жұрнақтарының жалғануы арқылы жасалып, бірде өткен шақ, бірде келер шақ мағынасында қолданылады. *Қазір, бүгін, ертең, келесі күні* үстеулері арқылы айтылса, онда етістік келер шақта болады. Мысалы: Мен бұрын өлең *шығар+атын+мын* (өткен шақ). Ол Астанаға ертең *бар+атын* ***еді*** (келер шақ).

Етістіктің келер шағы

Келер шақ қимылдың сөйлеушінің хабарлаған кезінен кейін болатынын білдіреді. М.: Сәуле ертең келеді, әнші өлең айтады, биші би билейді т.б.

Келер шақтың 3 түрі бар:

1. Ауыспалы келер шақ (переходное будущее время). Ауыспалы келер шақ: а) ***-а, -е, -й*** тұлғалы көсемшенің жіктелуі арқылы жасалады. М: *ертең кел+е+мін, кешке кет+е+сің, бүгін қайт+а+мыз, тойда жырла+й+мыз.* ә) ***-атын, -етін, -йтын, -йтін***. М.: *бар+атын (екен), кел+етін сияқты, қайт+атын көрінеді.*

2. Болжалды келер шақ (будущее предположительное время).

Қосымшалары: ***-ар, -ер, -р, -с***. М: *бар+ар, кет+ер, сана+р, санама+с, білме+с т.б. Мен кел+ер+мін.*

3. ***Мақсатты келер шақ*** (будущее время намерения). Қосымшалары: ***-мақ, -мек, -бақ, -бек, -пақ, -пек***. М: *қайт+пақ+пын, жаз+бақ+пыз.*

Етістіктің осы шақ категориясы

Осы шақ қимылдың сөйлеушінің хабарлау кезінде болып жатқанын білдіреді. М.: *Мен тыңдап отырмын. Балалар шаңғы теуіп жүр.*

Осы шақтың 2 түрі бар:

1. ***Нақ осы шақ***
2. ***Ауыспалы осы шақ***
3. Нақ осы шақ қимылдың сөйлеуші хабарлап тұрғанда болып жатқанын білдіреді.

Нақ осы шақтың 2 түрі бар:

Дара

Күрделі

Нақ осы шақтың дара түрі *отыр, жүр, жатыр, тұр* етістіктеріне жіктік жалғауының тікелей жалғануы арқылы жасалады. Мысалы: *Мен оқы+п отыр+мын. Сен көр+іп жатыр+сың. Сіз ал+ып тұр+сыз. Сендер біл+іп жүр+сіңде, біз тұр+мыз, олар отыр.*

Нақ осы шақтың күрделі түрі лексикалық мағыналы етістікке: ***-ып, -іп, -п*** жұрнақтары жалғанып***, тұр, жүр, жатыр, отыр*** етістіктеріне жіктік жалғауының жалғануы арқылы жасалады. Мысалы: *мен тыңдап отыр+мын, сен оқып отыр+сың, сіз беріп тұр+сыз, сендер айтып жүр+сіңдер.*

Ауыспалы осы шақ қимылдың үнемі болып тұратынын білдіреді. Ауыспалы осы шақ етістіктің түбіріне ***-а, -е, -й*** жұрнақтарының жалғанып, одан соң жіктік жалғауының жалғануы арқылы жасалады.

Етістіктің рай категориясы

Наклонение – это грамматическая категория в системе глагола, обозначающая отношение действия к реальности, представление о возможности, желательности, истинности. Глагол казахского языка имеет 4 наклонения.

Это:

1. ашық рай ;
2. бұйрық рай;
3. шартты рай;
4. қалау рай.

Ашық рай обозначает действие в настоящем, прошедшем и будущем времени. Нап.: Дидар жидек теріп жүр (осы шақ). Парасат кеше келді (өткен шақ). Біз ертең тауға барамыз (келер шақ).

Шартты рай выражает возможность и желательность действия при тех или иных условиях. Условное наклонение образуется прибавлением суффиксов ***-са, -се*** к основе глагола. М.: Сіз оқы-са-ңыз, біз тыңдаймыз. Ол әкел-се, біз береміз. Біз берсек ол алады.

Қалау рай

Қалау рай выражает желание, намерение говорящего. Желательное наклонение образуется путем прибавления к корню или к основе глагола суффиксов ***-ғы, -гі, -қы, -кі***, затем следует притяжательное окончание и вспомогательный глагол ***кел*** в III лице для трех времен (настоящего, прошедшего, будущего).

Мысалы:

Етістік	**Қалау рай жасайтын жұрнақтар**	**Тәуелдік жалғауы**	**Көмекші етістік**	**Осы, өткен, келер шақта**
жаз	-ғы, -гі, -қы, -кі	-м	кел	-іп тұр (осы шақ) -ді (өткен шақ) -еді (келер шақ)

Менің хатты оқы-ғы-м кел-іп тұр (осы шақ).

Менің оған айт-қы-м кел-ді (өткен шақ).

Менің бер-гі-м кел-еді (келер шақ).

Менің киноға бар-ғы-м кел-іп тұр. Мне хочется пойти в кино (осы шақ).

Менің киноға бар-ғы-м кел-ді. Мне хотелось пойти в кино (өткен шақ).

Менің киноға бар-ғы-м кел-еді. Мне захочется пойти в кино (келер шақ).

Бұйрық рай

Бұйрық рай выражает побуждение к действию – просьбу, приказ. Повелительное наклонение образуется путем прибавления к основе окончаний, I л., ед. число: ***-айын, -ейін, -йын, -йін***; I л., мн. число: ***-айық, -ейік, -йық, -йік***; во II лице окончания не имеются; в III лице ***-сын, -сін***.

Етіс категориясы

Етіс деп қимылдың объекті мен субъектіге қатысын білдіретін етістіктің категориясы аталады. ***Етіс бес түрге бөлінеді:*** *1) негізгі етіс (основной залог), 2) ортақ етіс (совместный залог), 3) өзгелік етіс (понудительный залог), 4) ырықсыз етіс (страдательный залог), 5) өздік етіс (возвратный залог).*

Негізгі етіс – етістің түрлеріне құбылмай тұрғандағы түбір қалпы жатады. **Мысалы:** *жаз, айт, кел, бер, тыңда, сөйле т.б.*

Өздік етіс – негізгі етістен ***-ын, -ін, -н*** жұрнағы арқылы жасалып, қимылдың субъектінің өзіне жасалатынын білдіретін етістің түрі өздік етіс деп аталады: *жу+ын, көр+ін, сұра+н.*

Өзгелік етіс – негізгі етістен ***-тыр, -тір, -дыр, -дір, -ыр, -ір, -т, -қыз, -кіз, -ғыз, -гіз*** жұрнақтарының жалғануы арқылы жасалып, қимылдың бөгде адам арқылы жасалуын білдіреді: *ой+нат, тік+тір, айт+қыз, бер+гіз, қой+ғыз, ек+кіз, айт+тыр, көн+дір*.

Ортақ, ырықсыз етіс категориялары

Ортақ етіс (взаимно-совместный залог). Негізгі етістен ***-ыс, -іс, -с*** жұрнағы арқылы жасалып, қимылдың бірнеше субъектіге ортақ екенін білдіретін етістің түрі ортақ етіс деп аталады: жи+н***ас***, із+дес, әке+л***іс***, апар+ы***с***.

Ырықсыз етіс (страдательный залог). Негізгі етістен ***-ыл, -іл, -л***, кейде түбір ***л*** дыбысына аяқталса, онда ***-ын, -ін, -н*** жұрнақтары арқылы жасалып, қимылдың жасаушысы белгісіз болып, қимыл өзінен-өзі жасалғандай болып көрінуін білдіретін етістің түрі ырықсыз етіс деп аталады: ыдыс жу+***ыл***+ды, уәде бер+***іл***+ді, тақта сүрт+***іл***+ді, хабар ал+ын+ды, жіп үр+іл+ді, түйін шеш+іл+ді.

Тұйық етістік

Тұйық етістік ***-у*** жұрнағы арқылы жасалып, қимылдың атын білдіреді: ән сал+у, еңбек ет+у, жығылып қал+у. .

Инфинитив образуется аффиксом ***-у*** и выражает имя действия: қаз+у, көн+у, сөйле+у, бер+у, кет+у, аш+у.

Салт және сабақты етістіктер

Табыс септіктегі сөзге мағынасы сабақталып тұратын етістік сабақты етістік деп аталады. Ал керісінше, табыс септіктегі сөзге мағынасы сабақталмай, салт күйінде істің өзін, жай күйді білдіретін етістіктерді салт етістік дейміз.

Оз, оқы деген екі етістікті алсақ, ***оқы*** етістігі табыс септікті талап етіп тұр: кітапты оқы, хатты оқы. Ал ***оз*** етістігі объектіге сабақталмай, жадағайланып салт тұр, яғни ***оз*** етістігіне сабақталынып тұрған объекті жоқ.

Көсемше

Тиянақсыз тұлғада келіп, көмекші етістіктермен тіркесу арқылы күрделі етістік тудыратын етістіктің түрін ***көсемше*** деп атайды.

Деепричастие, как и причастие относится к глагольным формам. Оно обозначает второстепенные действия и служит признаком другого действия. Деепричастие отвечает на вопросы қайтіп? (каким образом?), не істеп отыр? (что делает?), не істеді? (что сделал?), не істегелі жатыр? (что собирается делать?) и т. д.

Көсемшенің жасалу жолдары:

1. Ауыспалы шақ көсемше (Деепричастие переходного времени): ***-а, -е, -й*** **(***келме+й, сана+й, көр+е, айт+а, сыз+а, бер+е, біл+е, оқыма+й).*

2. *Өткен шақ көсемше* (Деепричастие прошедшего времени): ***-ып, -іп, -п*** *(көр+іп, кел+іп, оқ+ып, ойла+п, бар+ып, ал+ып, қал+ып, сөйле+п).*

3. Келер шақ көсемше (Деепричастие будущего времени): ***-қалы, -келі, -ғалы, -гелі*** *(жүгір+гелі, секір+гелі, ұрыс+қалы, күт+келі, білдір+гелі, ұзат+қалы, қу+ғалы).*

Есімше, оның жасалу жолдары (Причастие)

Есімдер сияқты түрленіп, сөйлемде есімнің де, етістіктің де қызметінде қолданылатын етістіктің түрі **есімше** деп аталады.

Ол – етістіктің ерекше түрі. Оның ерекшелігі – әрі есім (заттануында, субстантивтенуінде), әрі етістік қызметінде жұмсалуында.

Заттану дегеніміз – зат есімнің жалғауларын қабылдауы.

Есімше тұлғаларына **«емес», «жоқ»** сөздері тіркесіп, болымсыздық мағына беріледі: барған емес, барған жоқ, барар емес, бармақ емес, баратын емес.

Есімшелер көптеледі, тәуелденеді, жіктеледі, септеледі.

1. *Көптелуі:* Бар-ған-дар, кел-ген-дер, қайт-қан-дар, кет-кен-дер, бар-атын-дар, кел-етін-дер, сөйле-йтін-дер, ойна-йтын-дар.

2. *Тәуелденуі:*

І жақ	жазғаным	жазғанымыз
ІІ жақ	жазғаның	жазғандарың
ІІ жақ	жазғаныңыз	жазғандарыңыз
ІІІ жақ	жазғаны	жазғандары


3. *Септелуі:*

А. берген	тоқитын (адам деген мағ.)
І. бергеннің	тоқитынның
Б. бергенге	тоқитынға
Т. бергенді	тоқитынды
Ж. бергенде	тоқитында
Ш.бергеннен	тоқитыннан
К. бергенмен	тоқитынмен

Үстеу. Үстеудің түрлері

Үстеу. Іс-әрекет қимылдың түрлі белгісін, мезгілін, мекенін, себебін, мақсатын, тағы да басқа сипатын білдіретін сөздердің лексика-грамматикалық тобын үстеу деп атайды.

Үстеу мағынасына қарай 8 түрге бөлінеді.



0

Сын-бейне үстеулері

Қимылдың жүзеге асу амалын білдіреді. Сұрақтары: қалай? (как?), қалайша? (каким образом?), қайтіп? (каким способом?). Әрең, ақырын, жылдам, тез, сөйтіп, емін-еркін, дереу, шапшаң, кенет, тікелей, бірге, зорға, аздап, қолма-қол, көзбе-көз, жедел.

Мезгіл үстеулері

Қимылдың мезгілін білдіреді. Сұрақтары: қашан? (когда?), қашаннан бері? (с каких пор?).

Бүгін, былтыр, күндіз, кеше, ертең, қазір, кешке, таңертең, биыл, анда-санда, күні бойы, қыстыгүні, ала жаздай, оқта-текте.

Күшейткіш үстеулері

Қимылдың белгісі мен сапасын тым күшейтіп, не солғындатып көрсетеді. Сұрақтары: қалай? (как?), қандай? (какой?). Әбден, тым, ең, ылғи, мүлдем, нағыз, орасан, айрықша, небір, тіпті, керемет.

Мекен, мақсат, себеп-салдар үстеулері

Мекен: Қимылдың болу орны мен бағытын, мекенін білдіреді. Сұрақтары: қайда? (где? куда?), қайдан? (откуда?). ***Әрі, бері, ілгері, жоғары, ішкері, төмен, алға, артқа, ішке, мұнда, сонда, тысқары, сыртта, алды-артында, тұс-тұсында.***

Мақсат: Қимылдың жасалу мақсатын білдіреді. Сұрақтары: не үшін? (для чего?), неге? (зачем? для чего?), не мақсатпен? (с какой целью?). ***Әдейі, қасақана, көре тұра, әдейілеп, біле тұра, жорта.***

Себеп-салдар: Қимылдың жасалу себебін, салдарын, нәтижесін білдіреді. Сұрақтары: неліктен? (почему? отчего?), не себепті? (по какой причине?), қалай? (как?).

Бекерге, амалсыздан, шарасыздан, құр босқа, босқа, текке, лажсыздан, жоққа, тектен-текке, әншейін, т.б.

Мөлшер, топтау үстеулері

Мөлшер: Қимылдың мөлшерін, көлемін білдіреді. Сұрақтары: қанша? (сколько?), қаншалық? (на сколько?), қаншадан? нешеден? (по сколько?). ***Сонша, бірталай, недәуір, азды-көпті, мұнша, мұндайлық, біраз, неғұрлым, бірен-саран, анағұрлым, азғантай, талай, онша, оншалық, соншалық, сондайлық.***

Топтау: Қимылдың іс-әрекетін топтап көрсетеді. Сұрақтары: қалай? (как?), қаншадан? (по сколько?). ***Екеулеп, он-ондап, рет-***

ретімен, аз-аздап, бас-басына, жұп-жұбымен, топ-тобымен, бір-бірден, үшеулеп, көп-көптен, тең-теңімен.

Еліктеуіш сөздер

Еліктеу сөздер табиғаттағы әр алуан құбылыстардың дыбыстарына еліктеумен немесе олардың бейнесін елестетумен байланысты туған сөздер. Оларға: ***тарс(етті), сырт(етті), күмп, салп, тарс-тұрс, пыр-пыр, шырт-шырт, жалт-жұлт, сырт-сырт, сарт-сұрт, жылт-жылт, сылаң-сылаң, алақ-жұлақ, кілт, қалт, жалт*** сияқты сөздер жатады.

Еліктеу сөздер екі топқа бөлінеді. Оның бірінші тобы – ***дыбыстық еліктеуіш сөздер,*** екінші тобы – ***бейнелеуіш еліктеуіш сөздер*** деп аталады.

Дыбыстық еліктеуіш сөздер – айналадағы табиғат құбылыстарының алуан түрлі дыбыстарына еліктеуден пайда болған сөздер. Мысалы: қарқ етті, тарс етті т.б.

Бейнелеуіш сөздер – табиғаттағы заттардың қозғалысын, күйін көру арқылы сипаттайтын, бейнелейтін сөздер. Мысалы: жалп ете түсті, жалт қарады, маң-маң басты т.б.

Одағай

Дербес мағынасы жоқ, адамның алуан түрлі көңіл-күйін білдіретін сөз табын одағай деп атайды.

Мысалы: Япырым-ау, қайда сол күндер?! Аухау-аухау деп кешкі тымық даланы басына көтерді.

Междометие – это часть речи. Междометиями называются неизменяемые слова, служащие для передачи различного рода чувств, эмоций, переживаний, боль, тоску, радость, удивление, гнев и так далее. Междометие отдельно не имеет лексического значения.

Одағай мағынасына қарай 4 топқа бөлінеді:

1. Көңіл-күй одағайлары;
2. Жекіру, ишарат одағайлары;
3. Шақыру одағайлары;
4. Тұрмыс-салт одағайлары .

Көмекші есімдер

Көмекші есімдер негізгі есімдермен ілік септігі арқылы байланысып, заттардың кеңістіктегі орналасу қатынастарын көрсетеді. ***Олар: үсті, асты, алды, арты, жаны, қасы, сырты, іші,***

арасы, ортасы, т.б. Негізгі есімдер ілік септігінде, көмекші есімдер тәуелдік жалғауында келеді.

Служебные имена, сочетаясь с именем существительным в родительном падеже (ілік септік), образуют словосочетания, которые показывают пространственные отношения предметов. При этом служебные имена употребляются только в притяжательной форме (тәуелдік жалғау) третьего лица и принимают падежные окончания. Например:

Арасы *– между; промежуток.* Үйдің арасы (между домами).

Асты *– под; низ.* Үстелдің асты (под столом).

Үсті *– над; верх.* Жәшіктің үсті (над ящиком).

Алды *– перед; передняя часть.* Үйдің алды (перед домом).

Арты *– за; задняя часть.* Үйдің арты (за домом).

Жаны *– рядом; возле.* Үйдің жаны (рядом с домом).

Қасы *– возле; около.* Үйдің қасы (возле дома).

Іші *– в; внутри.* Үйдің іші (внутри дома).

Сырты *– вне; за; снаружи; наружная часть.* Үйдің сырты (вне дома).

Басы *– верх.* Ағаштың басы (верх дерева).

Түбі *– у; низ.* Ағаштың түбі (низ дерева).

Ортасы *– центр; посередине.* Көшенің ортасы (посередине улицы).


Қарама-қарсы *– напротив.* Үйге қарама-қарсы (напротив дома).

Мысалдар: *Үйдің іші таза (внутри комнаты (в комнате) чисто. Үйдің жанында жеңіл машина тұр (около дома стоит легковая машина). Үстелдің үстінде қалам, журнал жатыр (на столе лежат ручка и журнал). Терезенің алдында үстел тұр (перед окном стоит стол).*

Шылау сөздер

Сөз бен сөзді, сөйлем мен сөйлемді байланыстырып және өзі тіркескен сөзге қосымша мән үстеп тұратын *көмекші сөздер* шылаулар деп аталады.

Шылау сөздер білдіретін мағынасы мен сөйлемде атқаратын қызметіне қарай **септеулік шылау**, **жалғаулық шылау** және **демеулік шылау** болып үшке бөлінеді.



Шылаудың басқа сөз таптарынан айырмашылықтары бар.

Шылаудың дербес лексикалық мағынасы болмайды	Олар сөйлем ішінде сөйлем мүшесі бола алмайды	Шылаулар түрленбейді және басқа сөз таптарынан жұрнақ арқылы жасалмайды
Шылаулар сөз бен сөзді не сөйлем мен сөйлемді салаластыра, сабақтастыра байланыстырып немесе толық мағыналы сөздің жетегінде оған қосымша мән үстей қолданылады		
Шылаулар – лексикалық мағынасынан айырылу нәтижесінде туған көмекші сөздер		

Морфология тарауына қатысты тапсырмалар

І нұсқа

1-тапсырма. Көп нүктенің орнына тиісті септік жалғауларын қойып , нақыл сөздердің мағынасын түсіндіріңіздер.

1. Жол... жортқан қазына... жолығар.
2. Жамандау... қаш, жақсылық... ұрығын шаш.
3. Жаман... кеудесі... қаластыр жүк, темір... темір.... жаныш, бүк.

2-тапсырма. Көп нүктенің орнына тиісті септік жалғауларын қойып, нақыл сөздердің мағынасын түсіндіріңіздер.

1. Жақсы... мал бітсе, ағайын... жоғы... қарасады. Жаман... мал бітсе, көрінген.... итше таласады.
2. Бақытың... сенбе, бармағың... сен.

3-тапсырма. Өлеңдегі зат есімдерді тауып, әрқайсысына мағыналы сөйлем құрастырыңыздар.

Талап, еңбек, терең ой,
Қанағат, рақым – айлап қой –
Бес асыл іс көнсеңіз!

4-тапсырма. Сөйлемдегі атау тұлғада тұрған зат есімдерді септеп, тәуелдеңіздер.

Жақсы адам Ай мен Күнге тең.

5-тапсырма. «Техника әлемінің майталмандары» тақырыбына жалқы есімдер қатыстыра отырып, ойтолғау жазыңыздар.

6-тапсырма. *«Театр – өмір айнасы»* тақырыбына деректі, дерексіз зат есімдер қатыстыра отырып, эссе жазыңыздар.

7- тапсырма. *Сағат, киіз* сөздерін әрі жай септеу, әрі тәуелді септеуге қойып септеңіздер.

8-тапсырма. Көмектес септігіндегі сөздер қатысқан бес мақал-мәтел жазыңыздар.

9-тапсырма.Төмендегі нақыл сөздерді оқып, көп нүктенің орнына тиісті жалғауларды қойыңыздар.

Жер... сән... – егін,
Ер... сән... – білім.
Ата өнер... – бала... мұра.
Ақыл – адам көрк...

10-тапсырма. Сөйлемдерді аударып, жақша ішіндегі сөздердің қызметін айтыңыздар.

1- Құдықтың бетін шілік (пен) жауып, үстіне қамыс (пен) шөп үйіледі.

2- Тау (да), сай (да), бұлақ (та), тал (да) Дәрменге үн қосты.

II нұсқа

1-тапсырма. Сөйлемдерді оқып, жақша ішіндегі сөздердің қызметін айтыңыздар. Септік жалғауының қосымшасы болса, алдыңғы сөзбен бірге жазыңыздар.

1. Қайрат (пен) ақыл жол табар
Қашқанға (да), қуғанға.
2. Жаздың көркі енеді жыл құсы (мен),
Жайраңдасып жас күлер құрбысы (мен.)
Көрден жаңа тұрғандай шал (мен) кемпір,
Жайраңдасар өзінің тұрғысы (мен).

2-тапсырма. «Мақал – сөздің мәйегі» тақырыбына ойтолғау жазып, жіктік жалғаулы сөздердің астын сызыңыздар.

3-тапсырма. «*Бес – асыл іс*» тақырыбына ойтолғау жазып, зат есімдерді құрамына қарай талдаңыздар.

4-тапсырма. «*Тәуелсіздік – тірегім»* тақырыбына әңгіме жазып, септік жалғауларын анықтаңыздар.

5-тапсырма. *«Табиғат – туған анаң»* тақырыбына жіктелген зат есімдерді қатыстырап шығарма жазыңыздар.

6-тапсырма. Тәуелдік жалғаулы сөзді ілік жалғаулы сөзбен тіркестіріп жазыңыздар.

1. Ағаштың қу бұтақтары жапырақтан ада-күде айырылған.
2. Машина үлкен жолдың шетіне шығып, зырғытып келеді.
3. Сіздің ақылыңызды ұмытуға болмайды.
4. Олардың алған міндеттемелерін біздер де құптаймыз.

7-тапсырма. Төмендегі сөздерді мағыналарына қарай анықтап, оларға көптік жалғауын жалғап, сөйлем құрастырыңыздар.

Қорғасын. Темір. Елік. Құс. Қайла.

8-тапсырма. Ұшқыш, шахтер, инженер, сәулетші деген зат есімдерді жіктеңіздер.

9-тапсырма. Зат есімдерді жекеше, көпше түрде үш жақта тәуелдеңіздер.

Қол. Көз. Тіс. Студент.

10-тапсырма. Көп нүктенің орнына тиісті септік жалғауларын қойып, нақыл сөздердің мағынасын түсіндіріңіздер.

1. Істегенің елі... жақсы, үйренгенің өзің... жақсы.
2. Ыстық... ет күйеді, ұят... бет күйеді.

III нұсқа

1-тапсырма. Зат есімдерге сын есімнің жұрнақтарын жалғап, туынды сын есім жасаңыздар.

Жауырын. Сурет. Әңгіме. Арыстан.

2-тапсырма. Сын есімдерді тауып, мағыналық түрлерін ажыратыңыздар.

Көкірегі сезімді, тілі орамды,
Жаздым үлгі жастарға бермек үшін.

3-тапсырма. Сын есімдерге қарсы мәнді сөз жазыңыздар.

Жақсы –
Тәтті –
Жұмсақ –
Ащы –
Тасты –
Төменгі –

4-тапсырма. Сапалық, қатыстық сын есімдердің әрқайсысына бес мысал жазыңыздар.

5-тапсырма. Өлеңді жалғастырып, сын есімдерді құрамына, мағынасына қарай талдаңыздар.

«Желсіз түнде жарық ай...»

6-тапсырма. Төмендегі сын есімдерді сапалық, қатыстық сын есімдерге ажыратып, сапалық сын есімдердің қай сөз табынан жасалып тұрғанын айтыңыздар.

Тұщы. Көкшіл. Күншіл. Асау.
Зілдей. Әсемпаз. Әзілқой.
Әуесқой. Төзімді. Ақ күмбезді.

7-тапсырма. Төмендегі сын есімдерді сапалық, қатыстық сын есімдерге ажыратып, сапалық сын есімдердің қай сөз табынан жасалып тұрғанын айтыңыздар.

Серіппелі. Әдемі кестелі. Қара күрең. Ескі өңді. Сымбатты. Толық. Бойшаң.

8-тапсырма. *«Әлемді сұлулық қорғайды»* тақырыбына сын есімдерді қатыстыра отырып, эссе жазыңыздар.

9-тапсырма. *«Әділетсіздік»* тақырыбы аясында шағын әңгіме құрастырыңыздар. Әңгімеде сапалық, қатыстық сын есімдер кездессін.

10-тапсырма. Сын есімдерге мағынасы синонимдес сөздер тауып жазыңыздар.

Зерек –
Сұлу –
Айтқыш –
Ақшыл –
Жақсы –

IV нұсқа

1-тапсырма. Зат есімдерге сын есімнің жұрнақтарын жалғап, туынды сын есім жасаңыздар.

Қыс. Бой. Көрік. Тарих. Тау.

2-тапсырма.Жұмбақтың шешуін тауып, қатыстық сын есімдердің қай сөз табынан жасалғанын айтыңыздар.

Әрі шешен, әрі күйші, әрі әнші
Әр үйде бар, тапқышым, кәне, білші.

3-тапсырма. Төмендегі сын есімдерді сапалық, қатыстық сын есімдерге ажыратып, сапалық сын есімдердің астын түзу, қатыстық сын есімдердің астын ирек сызықпен сызып, сөйлем құрастырыңыздар.

Қызыл. Қызарыңқы. Аласа. Сулы. Кең. Таусыз. Қара. Сұрша. Тәтті. Ащы.

4-тапсырма. Мақалдардағы сын есімді тауып, мағынасына ажыратыңыздар.

Ұрысқақ болса, ұлың жау,
Керіскек болса, келін жау

* * *

Айлалы батыр алдырмас.

* * *

Ақылды кісі ісіне сенеді,
Ақымақ кісі күшіне сенеді.

5-тапсырма. Сын есімдерді мағынасына, құрамына қарай талдап, сөз тіркесін жасаңыздар.

Үркек, ұмытшақ, қызғаншақ, сүріншек, тізбелі, айтулы, тиімді, қонымды, шыдамды.

6-тапсырма. «Ана тілім – арың бұл» тақырыбына сын есімдер қатыстыра отырып, ойтолғау жазыңыздар.

7-тапсырма. Заттанған сын есімді тауып, мақал төңірегінде ойтолғау жазыңыздар.

Білімді мыңды жығады,
Білекті бірді жығады.

8-тапсырма. Сан есімдерді сөзбен жазып, құрамына қарай ажыратыңыздар.

3, 41, 68, 7, 5-6, 50-60, 4, 27, 9, 1000, 50, 70, 1597, 789, 15257, 4, 1, 5, 27, 20, 3.

***9*-тапсырма. *«Өзім туралы»* тақырыбында сан есімнің түрлерін қатыстырып әңгіме жазыңыздар.**

10-тапсырма. Тәуелсіздік алған жылдан бастап қазірге дейінгі еліміздегі елеулі оқиғаларды сан есімнің түрлерін қатыстыра отырып баяндаңыздар.

V нұсқа

1-тапсырма. Берілген сан есімдерден реттік сан есім жасап, оларға сөйлем құрастырыңыздар.

7, 10, 1, 3, 00, 28, 2692, 2000, 2003.

2-тапсырма. Цифрмен берілген бөлшектік сан есімдерді сөзбен жазыңыздар.

$\frac{1}{2}$;-$\frac{3}{4}$; $\frac{1}{4}$;-$\frac{1}{2}$;-$\frac{5}{4}$; 12,5; 2,7

3-тапсырма. Жұмбақты шешіп, сан есімдерді мағыналық түріне ажыратыңыздар.

Екі достың бірі ыңғайлы,
Біреуінің ебі жоқ.
Екеуін де бірдей көрем.
Маған артық, кемі жоқ.

4-тапсырма. ***«Жігітке жеті өнер де аз»*** **тақырыбында сан есімдер қатыстыра шағын ойтолғау жазыңыздар.**

5-тапсырма. Мақалдарды оқып, сан есімдердің қай сөйлем мүшесі болып тұрғанын айтыңыздар.

Екі сегіз – он алты.

* * *

Екі жақсы ерікпес,
Екі жаман бірікпес.

* * *

Үйде бір күн ұрыс болса,
Қырық күн ырыс кетеді.

6-тапсырма. Өнер, білім жайлы есім сөздер қатысқан бес мақал жазыңыздар.

7-тапсырма. ***«Алматы – бас қала»*** **тақырыбында сұрау есімдіктерін қатыстыра отырып, әңгіме жазыңыздар.**

8-тапсырма. Есімдіктердің қай сөз табының орнына қолданылып тұрғанын түсіндіріп, есімдіктің қай түрі екенін айтып, сөйлем құрастырыңыздар.

Мен, біз, күллі, мынау, бірнешеу, бәрі, барша.

9-тапсырма. Төмендегі есімдіктерді мағынасына қарай қандай есімдік екенін және олардың қай сөз табының орнына қолданылып тұрғанын түсіндіріп, сөйлем құрастырыңыздар.

Әлдеқашан, кейбір, қайсібір, өзі, ол, сол.

10-тапсырма. Есімдіктер қай сөз табының орнына қолданылып тұрғанын түсіндіріп, әрқайсысына сөйлем құрастырыңыздар.

Әрбір, әлдене, ешбір, әрқилы, әрдайым, тегіс.

VI нұсқа

1-тапсырма. Жалпылау есімдігін табыңыздар.

Бір ғылымнан басқаның,
Бәрі де кесел асқанға...

* * *

Біріңді, қазақ, бірің дос,
Көрмесең істің бәрі бос...

2-тапсырма. Төмендегі есімдіктер қай сөз табының орнына қолданылып тұрғанын түсіндіріп, сөйлем құрастырыңыздар.

Әлдеқалай, әлдекім, мына, әрбір, ешқашан, ешкім.

3-тапсырма. Төмендегі есімдіктер қай сөз табының орнына қолданылып тұрғанын түсіндіріп, мағынасына қарай түрін ажыратып, сөйлем құрастырыңыздар.

Кейбіреу, әркім, ешқашан, неше түрлі, қанша.

4-тапсырма. Көп нүктенің орнына тиісті етістікті қойып, мақалдарды толықтырыңыздар.

а) Еңбек еткен ... ,
Еңбексіз не ... .
ә) Ерте ексең, ерте ...
б) Досы көпті жау ...

5-тапсырма. Мақал-мәтелдерден есімше, көсемше түрлерін тауып, қандай жұрнақтар арқылы жасалып тұрғанын түсіндіріңіздер.

Ақылды кісі азбайды,
Асыл бұйым тозбайды.

* * *

Ақылды адам арын қорғайды,
Сараң адам малын қорғайды.

6-тапсырма. *«Ұлыстың ұлы күні»* тақырыбында тұйық етістіктер қатыстырып шағын шығарма жазыңыздар.

7-тапсырма. Мақалдан көсемше тұлғалы етістіктерді тауып, олардың қандай жұрнақтар арқылы жасалып тұрғанын айтыңыздар.

Ақылсыз адам айғайлай келеді,
Жан-жағын жайпай келеді.
Ақылды адам жай-жай келеді,
Жан-жағын байқай келеді.

8-тапсырма. Болымсыз етістіктер қатыстыра қазақтың тыйым сөздеріне мысалдар келтіріңіздер.

9-тапсырма. *«Білімді мыңды жығады»* тақырыбына күрделі сөздер (етістік) қатыстыра отырып эссе жазыңыздар.

10-тапсырма. «Мен сүйетін басылым» тақырыбына жалқы есімдер қатыстыра отырып шағын шығарма жазыңыздар.

VII нұсқа

1-тапсырма. *«Елбасы – ел тірегі»* тақырыбында эссе жазып, етістіктерді құрамына, мағынасына ажыратыңыздар.

2-тапсырма. Төмендегі болымды, болымсыз етістіктерді қатыстыра отырып, мәтін құрастырыңыздар.

Бар, кел, жүгір, қарама, өтірік сөйлеме, ерсі күлме, орынсыз жүрме.

3-тапсырма. Көп нүктенің орнына тиісті етістіктерді қойып, мақалдарды толықтырыңыздар.

а) Тіл тас ...
Тас ..., бас ...

ә) Ер – бір ..., ез – мың ...
б) Өнерлі өрге ...

4-тапсырма. Үстеудің бес түріне бес сөйлем жазыңыздар.

5-тапсырма. Мына үстеулерге қарсы мәнді үстеулер тауып жазыңыздар.

Ілгері. Жоғары. Бұрын. Әрі. Мұнда.

6-тапсырма. *Жаздыгүні, қыстыгүні, күздігүні, ендігәрі* деген сөздерді қатыстыра сөйлем ойлап, үстеулерді мағынасына, тұлғасына қарай талдаңыздар.

7-тапсырма. Төмендегі үстеулерді қатыстыра сөйлемдер жазыңыздар.

Жаздай, күзше, қыстай, осылай, басқаша, түлкіше, қасқырдай.

8-тапсырма. Төмендегі үстеулерге қарсы мәнді үстеулер жазып, қалған үшеуіне сөйлем құрастырыңыздар.

Ілгері. Жоғары. Бұрын. Әрі. Мұнда. Алға. Сыртқары. Ертеңгісін. Астыртын. Әрірек.

9-тапсырма. *«Білімнің қайнар көзі»* тақырыбына үстеудің мағыналық түрлерін қарастыра отырып, кітап жайлы шағын шығарма жазыңыздар.

10-тапсырма. Төмендегі өлең шумақтарынан еліктеу сөздерді тауып, жасалу жолын түсіндіріңіздер.

Қап-қара екі көзі мөлдіреген,
Әдемі екі танау желбіреген.
Еленděп жас балаша жалтаңдайды,
Жел түрткен жусаннан да селдіреген.

VIII нұсқа

1-тапсырма. *«Астана – арман қала»* тақырыбына еліктеу сөздерді қатыстыра отырып әңгіме жазыңыздар.

2-тапсырма. Еліктеу сөздерді тауып, олардың қандай мағына білдіріп тұрғанын түсіндіріңіздер.

Бұлттай қасы жауып екі көзін,
Басын сілкісе, қар жауып мазаңды алды.
Борандай бұрқ-сарқ етіп долданғанда,
Алты қанат ақ орда үй шайқалды.

3-тапсырма. Өзіңнің туып-өскен ортаң, табиғаты жайында одағай сөздер қатыстыра отырып, әңгімелеңіздер.

4-тапсырма. Одағай сөздерді тауып, олардың қай мағынада айтылып тұрғанын түсіндіріңіздер.

1. Ойпырмай, мынау бір керемет қой!
2. Айпырмай, докторлар жаңылып жүрмесін.
3. Ойпырай, жемістің қаттысын-ай!
4. Күшті-ақ екен жарықтық! Пар келмесе бұған қара нар!

5-тапсырма. *Да, де, та, те* шылауларын қатыстыра отырып, сөйлем құрастырыңыздар.

6-тапсырма. *«Тіл – тарихи құбылыс»* тақырыбына демеулік шылаулар қатыстыра отырып шығарма жазыңыздар.

7-тапсырма. Сілтеу есімдігіне мысал келтіріңіздер.

8-тапсырма. Сын есімнің шырайларын қатыстырып сөйлем құрастырыңыздар.

9-тапсырма. «Мамандығым-мақтанышым» тақырыбында әңгіме жазыңыздар.

10-тапсырма. Реттік сан есімдерді пайдалана отырып, «Тәуелсіздік шежіресі» тақырыбына мәтін құрастырыңыздар.

Синтаксис
Қазақ тіліндегі сөздердің орын тәртібі

Для казахского языка характерен строгий порядок слов:

1. Глагол-сказуемое стоит в конце предложения: *Студенттер* аудиторияда ***отыр***. (Студенты сидят в аудитории).

2. Определение стоит перед определяемым словом. М.: *Студенттер* ***жарық*** аудиторияда отыр (Студенты сидят в светлой аудитории).

3. Вопросительное слово при отсутствии глагола-сказуемого стоит на последнем месте. М.: Мынау ше? (А это?) Бесінші жатақхана ***қайда?*** (Где пятое общежитие?)

4. При наличии в предложении глагола-сказуемого вопросительное слово ставится перед ним. М.: Ақмарал ***қайда*** отыр? (Где сидит Акмарал?) .

Сөйлемнің айтылу мақсатына қарай түрлері

Қазақ тілінде сөйлемдер мағынасы мен мақсатына, айтылу сазына қарай 4 түрге бөлінеді:

1. Хабарлы сөйлем (повествовательное предложение).
2. Сұраулы сөйлем (вопросительное предложение).
3. Бұйрықты сөйлем (побудительное предложение).
4. Лепті сөйлем (восклицательное предложение).

Хабарлы сөйлем. Белгілі бір оқиға, құбылыс туралы ойды екінші біреуге жай хабарлап айтылған сөйлемді ***хабарлы сөйлем дейміз***. *Мысалы:* 1) *Ақылды, қарақылды қырыққа бөлмек (Абай). 2) Жолаушылар Ақшоқыдан шыққанда, Қорық бойында тек шұбартқан көпір, қалың мал көрінгені болмаса, тігілген үй, жалғасқан ауыл жоқ еді.*

Сұраулы сөйлем. Бір нәрсе жайында сұрай айтылған *сөйлемді сұраулы сөйлем дейді.* Сұраулы сөйлем 2 жолмен жасалады:

1. Сұраулық шылаулар -ма, -ме, -ба, -бе, -па, -пе жалғаулары арқылы. Мысалы: *Жеткен жерің осы ма?*

2. Сұрау есімдіктері (қай? қашан? кім? қайда? не? қайдан? неге?) арқылы жасалады. Мысалы: *Бұл кім болды екен?*

Кейде сұраулық шылаулары түбір сөз бен жіктік жалғауларының арасынан келіп ***-мы, -мі, -бы, -бі, -сы, -ні*** формасында да кездеседі. Мысалы: *Сен немене тоңып қалған**бы**сың? Бұл қай**сы**ң, Мұрат**пы**сың?*

Лепті сөйлем. Адамның әртүрлі көңіл-күйін білдіру мақсатымен қолданылатын сөйлем ***лепті сөйлем деп аталады.*** Лепті сөйлемдердің мағыналары көңіл-күйіне, қуану, ренжу, таңдану, аяу, өкіну, қорқу сияқты мақсатта айтылады да, айтылу әуені, интонациясы өте асқақ, көтеріңкі болады. Мысалы: *Әй, өзі де Шұға десе, Шұға еді-ау! (Б. Майлин)*

Восклицательные предложения служат для выражения чувств, предложения эмоций (горя, радости, удивления, восхищения и т.д.) В конце восклицательных предложений ставится восклицательный знак. Восклицательные предложения произносится с сильным чувством, с восклицанием. Например: *Айналама қарасам, елім қандай тамаша!*

Бұйрықты сөйлем. Біреуге бұйыру, зеку, тілек, өтініш немесе бір нәрсені талап ету мақсатымен айтылған сөйлем ***бұйрықты сөйлем деп аталады.*** Мысалы: *Балам жөніңді айтшы.*

1. Бұйрықты сөйлем бәсең дауыспен айтылып, жазуда соңына нүкте қойылады.

2. Ал кейбір бұйрықты сөйлемдер бұйыру, талап ету мағынасында көтеріңкі дауыспен айтылғанда, соңына леп белгісі қойылады. Мысалы: *Түс төмен! Сал алғыңды алақаныма!(М. Иманжанов).*

Бұйрықты сөйлем әртүрлі дауыс ырғағымен айтылады да, II жақта тұрады. Мысалы: *-А-а, жоғары шық! Жоғары шық! Мен шай қойдырайын!*

Побудительные предложения в казахском языке передаются глаголом повелительного наклонения второго лица единственного или множественного числа. Нап.:*Балам, жөніңді айтшы!* (М.Ә)

Цель побудительных предложений – побуждение собеседника к совершению и прекращению действия. В зависимости от характера побуждения (просьба, приказ, призыв) побудительное предложение произносится с различной интонацией. В качестве грамматического средства выражения побуждения используется повелительное наклонение.

Мысалы: *Ғылым таппай мақтанба, орын таппай баптанба... (Абай)*

Сөйлем мүшелері

Сөйлем мүшелері атқаратын қызметіне қарай бес түрге бөлінеді: 1.Бастауыш; 2.Баяндауыш; 3.Анықтауыш; 4.Толықтауыш; 5.Пысықтауыш. Бастауыш пен баяндауыш сөйлемнің тұрлаулы мүшелері.

Анықтауыш, толықтауыш және пысықтауыш сөйлемнің тұрлаусыз мүшелері.

Как в русском, так и в казахском языке, члены предложения делятся на главные (тұрлаулы) и второстепенные (тұрлаусыз). Так же, как и в русском языке к главным членам предложения относятся: подлежащее и сказуемое.

Подлежащее (бастауыш), которое отвечает на вопросы ***кім? кімдер? (кто?), не? нелер? (что?)*** и может выражаться всеми частями речи. Например: Әмина (*зат. есім*) оған сәлем айтты. Мен (*есімдік*) тұздамадым. Өзім (*өздік есімдігі*) айтпадым.

Сказуемое (баяндауыш) отвечает на вопросы ***не істеді? не қылды? не етті? қайтті? (что делал? что сделал?)***, а также может быть выражено различными частями речи. Например: Ажар сабақта отыр. Сен құрылысшысың. Мен тоғыздамын. Айтқан-мен.

Тұрлаусыз мүшелер
Анықтауыш

Тұрлаусыз мүшелер өздігінен сөйлем құрай алмайтын, тек сөйлемдегі ойды толықтырып тұратын мүшелер.		
Ережесі	**Сұрақтары**	**Мысалдар**
Сөйлемде зат есімнен болған мүшені сын, сапа, басқа да түрлі белгілері жағынан сипаттап тұратын тұрлаусыз мүшені анықтауыш дейміз.	қандай? қай? кімнің? ненің? неше? нешінші? қанша? қаншасыншы?	Ол – ***ұзын бойлы*** адам. ***Жазғы*** демалыста демаламыз.

Толықтауыш

Сөйлемдегі ойды толықтырып тұратын тұрлаусыз мүшені толықтауыш дейміз. Толықтауыш *барыс, табыс, жатыс, шығыс, көмектес* септіктерінің сұрақтарына жауап береді. ***Кімді? нені? кімге? неге? қайда? кімде? неде? кімнен? неден? кіммен? немен?***

Мысалы: *Атасы* ***баласын*** *шақырды.* ***Оған*** *көмектесу керек.*

Толықтауыштың 2 түрі бар: 1. ***Тура толықтауыш.***Табыс септігінде келетін толықтауышты тура толықтауыш дейміз. М.: Мен *хатты* (нені?) Шұғаға жазып отырмын (Б.Майлин). 2. ***Жанама толықтауыш.*** *Барыс, жатыс, шығыс, көмектес* септіктерінің бірінде келетін толықтауышты жанама толықтауыш дейміз. М.: Мен тұрып *кемпірмен* (кіммен?) қоштастым (Б. Майлин). *Тілде* тиек, *ерінде* сүйек жоқ (мақал).

Пысықтауыш

Ереже	Сұрақтары	Мысалдары
Сөйлемде іс-қимылдың түрлі белгісін, мекенін, мезгілін, амалын, себебін, мақсатын білдіретін мүше.	қайдан? қайда? қалай қарай? қашан? қашаннан бері? қалай? қалайша? қайтіп? неліктен? не үшін? неге? не мақсатпен? қаншалықты? қанша?	Ол **қалада** тұрады. **Ертең** апам келеді. Олар **бірталай** жүрді.

Пысықтауыштың түрлері. Пысықтауыштар білдіретін мағыналарына қарай бес түрге бөлінеді: 1. Мезгіл пысықтауыш. 2. Мекен пысықтауыш. 3. Сын-қимыл пысықтауыш. 4. Себеп пысықтауыш. 5. Мақсат пысықтауыш.

Мезгіл пысықтауыштың сұраулары: Қашан? қай кезде? қай уақытта? қашаннан бері? қашанға дейін? т.б.

Мекен пысықтауыштың сұраулары: Қайда? қай жерде? қайдан? қалай қарай? қай жерге дейін? т.б.

Қимыл-сын пысқтауыштың сұраулары: Қалай? қайтып? қалайша? кім арқылы? не арқылы? қанша? қанша рет? неше? неше рет? т.б.

Себеп пысықтауыштың сұраулары: Неліктен? неге? не себепті?

Мақсат пысықтауыштың сұраулары: Кім үшін? не үшін? неге? қандай (нендей?) мақсатпен?

Салалас құрмалас сөйлемдер

Құрамындағы жай сөйлемдерінің баяндауыштары тиянақты болып, өзара тең дәрежеде байланысқан құрмалас сөйлемнің түрін салалас құрмалас дейміз.

Мысалы: Айгүл аттан түсіп еді, су қайта таязданып қалғандай екен.

Сложносочиненным предложением называется такое предложение, которое состоит из независимых одно от другого предложений, образующих в смысловом отношении единое целое.

По способу связи сложносочиненные предложения делятся: на **бессоюзные** и **союзные**. М.: Көктем келді, күн жылынды. (Пришла весна, стало тепло). Көктем келді де, күн жылынды. (Пришла весна, и стало тепло).

Құрамындағы жай сөйлемдердің бір-бірімен мағыналық қарым-қатынасына қарай салалас құрмалас сөйлем 6 түрге бөлінеді:

1. Ыңғайлас жалғаулықты салалас құрмалас сөйлем.
2. Қарсылықты жалғаулықты салалас құрмалас сөйлем.
3. Себеп-салдар жалғаулықты салалас құрмалас сөйлем.
4. Талғаулы жалғаулықты салалас құрмалас сөйлем.
5. Кезектес жалғаулықты салалас құрмалас сөйлем.
6. Түсіндірмелі салалас құрмалас сөйлем.

Ыңғайлас жалғаулықты салалас құрмалас сөйлемдер

Құрамындағы жай сөйлемдерінің бірінде айтылған ойға екіншісінде айтылған ойдың мезгілдес, бағыттас, ыңғайлас мәнде қарым-қатынаста болуын ыңғайлас салалас дейміз.

Жалғаулық шылаулар (Соединительные союзы)	**Мысалдар (Примеры)**
Ыңғайлас жалғаулықты салалас (Соединительные союзы): ***және, да, де, та, те, әрі (и, к тому же)***.	1. Қадырдың киімі жұқа, әрі денсаулығы да мықты емес. (У Кадыра тонкая одежда, да и здоровье не сильное). 2. Күн жылыды да, қар еріді. (Потеплело, и снег расстаял).

Себеп-салдар жалғаулықты салалас құрмалас сөйлемдер

Құрамындағы жай сөйлемдер өзара алдыңғысы соңғысының немесе соңғысы алдыңғысының себебін білдіретін салалас құрмаластың түрін себеп-салдар салалас дейміз.

Жалғаулық шылаулар (Соединительные союзы)	**Мысалдар (Примеры)**
Себеп-салдар жалғаулықты салалас (Причинно-следственные союзы): ***сондықтан, сол себепті, өйткені, неге десеңіз (поэтому, потому что, по той причине).***	1. Ең жақсы тіл-ана тілі, сондықтан оны құрметтеу керек. 2. Біз киноға барған жоқпыз, себебі емтиханға дайындалдық.

Кезектес жалғаулықты салалас құрмалас сөйлемдер

Құрамындағы жай сөйлемдері арқылы берілген істің, оқиғаның кезектесіп келуін білдіретін салалас сөйлемнің түрін кезектес салалас дейміз.

Кезектек салалас ***бірде, біресе, кейде*** деген кезектес мәнді жалғаулық шылаулар арқылы жасалады.

Мысалы: Біресе жаңбыр жауды, біресе қар жауды. Баяу ескен жел бірде басылады, бірде толқып жасыл шөптердің бастарын ақырын ғана ырғайды.

Қарсылықты жалғаулықты салалас құрмалас сөйлемдер

Құрамындағы жай сөйлемдердегі істің, оқиғаның өзара қарама-қарсы мәнде жұмсалатынын білдіретін салаластың түрін қарсылықты салалас дейміз.

Қарсылықты салаластың құрамындағы жай сөйлемдер өзара іргелес тұрып та, жалғаулық шылаулар арқылы да байланыса береді.

Жалғаулық шылаулар (Соединительные союзы)	**Мысалдар (Примеры)**
Қарсылықты жалғаулықты салалас (Противительные союзы): ***бірақ, алайда, дегенмен, әйтсе де, сонда да (но, однако, иначе, все-таки).***	1. Ән басылып қалды, бірақ гитара сазы тоқалған жоқ.

Талғаулы салалас құрмалас сөйлемдер

Құрамындағы жай сөйлемдер өзара болжамдық қатынаста болады да, тек біреуіндегі істің, қимылдың жүзеге асатындығын көрсетеді.

Мысалы: Қазір не жаз басындағы жастардың арасында таң атқанша отырып өлең айтатын сайраңды сауық жоқ, не көңіл көтеретін елдің бас қосқан той-топыры жоқ. (Х. Есенжанова). Теледидар көрейік не дойбы ойнайық.

Талғаулы салалас *не, немесе, я, яки, болмаса, әйтпесе, не болмаса, я болмаса, әлде* деген шылаулардың қатысуы арқылы жасалады.

Түсіндірмелі салалас құрмалас сөйлемдер

Құрамындағы жай сөйлемдердің алдыңғысы соңғысына нұсқап, ал соңғысы алдыңғы сөйлемнің мазмұнын ашатындай, талдап түсіндіріп тұратын құрмаласты түсіндірмелі салалас дейміз.

Түсіндірмелі салаластың жай сөйлемдері жалғаулықты шылаусыз, іргелес байланысады. Бірінші жай сөйлемде көбінесе сілтеу есімдіктері мен сілтеу мәнді сөздер (***мынау, мынаны, сол, сонша, соншалық, сондай)*** болады.

Түсіндірмелі салаластың ара жігіне қос нүкте, не сызықша қойылады. Сызықша ***сонша, соншалық, сондай*** деген баяндауышы бар сөйлемдерде жиі қойылады.

Мысалы: Сол 1926 жылы қазақ мәдениетінің тарихында зор бір оқиға болды: тұңғыш рет қазақтың ұлт театры ашылды (Ы. Дүйсенбаев).

Сабақтас құрмалас сөйлемдер

Сложноподчиненными предложениями называются такие предложения, которые состоят ***из*** **главного** ***(басыңқы) и придаточного (бағыныңқы)*** предложений.



Мезгіл бағыныңқылы
сабақтас құрмалас сөйлем

Бағыныңқысы басыңқыдағы істің мезгілін білдіретін сабақтастың түрін мезгіл бағыныңқылы сабақтас құрмалас сөйлем деп атайды.

Придаточное времени указывают на время действия главного предложения, и отвечают на вопросы қашан? (когда?), қашаннан бері? (с каких пор?), қашанға шейін (до каких пор?)

Жасалу жолдары:

Путем прибавления к причастию суффиксов: ***-да, -де***. М.: Мен кел-**ген-де**, сен үйде жоқсың. (Когда я пришел, тебя не было дома).

Путем применения после причастия с окончаниями барыс септік частиц ***шейін, дейін***. М.: Күз болғанда, құстар жылы жаққа кетеді.

Путем применения к причастию с окончаниями шығыс септік частиц ***кейін, соң, бері***. М.: Емтихан тапсыр-**ған-нан кейін**, үйге барамыз. (После сдачи экзаменов, поедем домой).

Путем прибавления к корню глагола деепричастий ***-қалы, -келі, -ғалы, -гелі***. М.: Байсал Құнанбаймен араздасып кеткелі, Абаймен Жиреншенің кездескені осы.

Мақсат бағыныңқылы сабақтас құрмалас сөйлем

Бағыныңқысы басыңқыдағы істің мақсатын білдіретін сабақтастың түрін мақсат бағыныңқылы сабақтас құрмалас сөйлем деп атаймыз.

Придаточные цели указывают на цель действия главного предложения, и отвечают на вопросы не мақсатпен? (с какой целью?), не үшін? (для чего?), неге? (зачем?).

Жасалу жолдары:

Путем прибавления к причастию суффиксов: ***-ша, -ше***. М.: Мен кел-**ген-ше**, сен үйде отыр. (Пока я не приду, сиди дома).

От исходной формы глагола с послелогом (тұйық етістіктен кейін ***үшін*** шылауының келуі арқылы) ***үшін***. М.: Институтқа ерте жету ***үшін***, біз тез жүрдік. (Для того, чтобы пораньше прийти в институт, мы шли быстро).

От повелительной, условной, желательной форм глагола со вспомогательным словом ***деп***. М.: Қыстың ызғары жетпеу үшін, қоңыз інді терең қазады.

Қимыл-сын бағыныңқылы сабақтас құрмалас сөйлем

Қимыл-сын бағыныңқылы сабақтас құрмалас сөйлемнің бағының-қысы басыңқыдағы істің, амалдың қалай орындалғанын білдіреді.

Придаточные образа действия показывают как происходит действие в главном предложении и отвечают на вопросы ***қалай? (как?), қайтіп? не етіп? (каким образом?)***.

Бағыныңқы сабақтас (Придаточные предложения)	**Бағыныңқының баяндауышы (Сказуемое придаточных)**	**Мысалдар (Примеры)**
Қимыл-сын бағыныңқылы (Придаточные образа действия)	1. Көсемшенің ***-а, -е, -й, -ып, -іп, -п*** жұрнақтарының жалғануы арқылы жасалады. (Путем прибавления к корню глагола деепричастий ***-а, -е, -й, -ып, -іп, -п***). 2. Есімшеге ***-дай, -дей*** жұрнақтарының жалғануы арқылы жасалады. (Путем прибавления к причастию суффиксов ***-дай, -дей***).	1. Жел күшей-іп, ауа райы бұзыла бастады. 2. Оны біреу асықтырғандай, ол жазуын шапшаң жазып отыр.

Қарсылықты бағыныңқылы сабақтас құрмалас сөйлем

Басыңқыдағы іске бағыныңқыдағы айтылған іс, оқиға мазмұнына қарама-карсы мағыналық қатынаста келетін сөйлемдерді қарсылықты бағыныңқылы сабақтас дейміз.

Қарсылықты бағыныңқылы сабақтас ***қайтсе де? не етсе де? қайткенмен? не еткенмен? (несмотря ни на что?)*** деген сұрақтарға жауап береді.

В придаточном уступительном предложении придаточные имеют противоположное главному значение: действие главного предложения совершается как бы вопреки условиям, поставленным в придаточном предложении. Мысалы: Екі көзі алдында жатқан балада болғанмен, төр жақта айтылып жатқан сөздерге Көпейдің сергек зейін салып отырғаны байқалады. (Ғ. Мүсірепов)

Бағыныңқы сабақтас (Придаточные предложения)	**Бағыныңқының баяндауышы (Сказуемое придаточных)**	**Мысалдар (Примеры)**
Қарсылықты бағыныңқылы (Придаточные уступительные)	1. Есімшеге көмектес септігінің ***-мен*** жалғауының жалғануы арқылы жасалады. (От причастий с окончанием көмектес септік ***-мен***). 2. Шартты райлы етістікке ***-да, -де*** шылауларының жалғануы арқылы жасалады. (Путем прибавления после условной формы глагола частиц ***-да, -де***). 3. ***-а, -е, -й*** жұрнақты көсемше түрінен болады. (От деепричастий с суффиксами ***-а, -е, -й***).	Күн жарқырап тұрған+***мен***, қатты аяз. (Хоть и светит солнце, стоит сильный мороз). Тез жүрсе ***де***, пойызға үлгермей қалды. (Хоть и ехал быстро, на поезд не успел). Сабақ оқуға уақыттары аз бол+***а*** тұр+***а***, емтиханды жақсы тапсырды. (Хоть у них и было мало времени на подготовку, они хорошо сдали экзамены).

Шартты бағыныңқылы сабақтас құрмалас сөйлем

Сабақтас құрмаластың бағыныңқы сөйлемі басыңқы сөйлемдегі іс-әрекеттің жүзеге асу, не аспау шартын білдіретін сабақтас сөйлем шартты бағыныңқылы сабақтас деп аталады.

Условные придаточные предложения указывают на условия, при которых происходит действие главного предложения, и отвечают на вопросы ***қайтсе? не етсе? қайткенде? не еткенде? (при каком условии?). Мысалы:*** Егер Жұмабек тура осыдан бастаса, Ушаковтың зіл айтарлық себебі де болмас еді.

Бағыныңқы сабақтас (Придаточные предложения)	Бағыныңқының баяндауышы (Сказуемое придаточных)	Мысалдар (Примеры)
Шартты бағыныңқылы (Придаточные условия)	1. Етістіктің шартты рай түрінен болады. (От условной формы глагола). 2. Етістіктің болымсыз түріне ***-йынша, -йінше*** жұрнақтарының жалғануы арқылы жасалады. (Путем прибавления к отрицательной форме глагола суффиксов ***йынша, -йінше***).	Қар жау+***са***, балалар қуанады. (Когда идет снег, дети радуются). Жаңа жұмысшыларға техника қауіпсіздігін түсіндірме+***йінше***, шахтаға жіберуге тиым салынған. (Новым рабочим запретили спускаться в шахту, пока их не ознакомят с правила-ми техники безопасности).

Синтаксис тарауына қатысты тапсырмалар

І нұсқа

1-тапсырма. Сөйлемнің тұрлаулы мүшелеріне мысал келтіріңіздер.

2-тапсырма . Сөйлем айтылу мақсатына қарай неше түрге бөлінеді?

3-тапсырма. Сөйлемдерден жанама толықтауышты табыңыздар.

Өндіріс орнында екі қарт кісімен амандастым. Сәтбаевпен кездескен сол бір сәттер.

4-тапсырма. Сөйлемді мағынасына, құрамына, түріне және сөйлем мүшесіне талдаңыздар.

Ұлықбек Мұхамед Тарағай – Орта Азияның ұлы астрономы, математигі.

5-тапсырма. Төмендегі сөйлемнен күрделі бастауышты табыңыздар.

Космосқа ең бірінші болып Кеңес азаматы Ю. А. Гагарин жол салды.

6-тапсырма. Сөйлемнің мағынасын анықтап, құрамындағы сөздерді сөз тіркесіне ажыратыңыздар.

Ұлылыққа бәрінен де адалдық жақын.

7-тапсырма. Жұмбақтың шешуін тауып, құрамында неше сөйлем барын анықтап, жұмбақтың шешуіне фонетикалық талдау жасаңыздар.

Сырт-сырт етіп соғады,
Кеудесінде жүрегі.
Өзі тілсіз, сөйлемейді,
Өзі жансыз, жүреді.
(С..ғ..т).

8-тапсырма. Мына сөйлемдердің айтылу мақсатына қарай қандай сөйлемдер екенін ажыратып айтыңыздар.

- Қыс деген қандай тамаша! Шіркін, жыл бойы қыс бола берсеші! – деді ол. Ит тырнағын жазып жүреді.

9-тапсырма. Төмендегі сөздерден хабарлы сөйлем ойлап жазыңыздар.

Оқшауырақ, оңашаланған, сондайлық.

10-тапсырма. Хабарлы сөйлемді сұраулы сөйлемге айналдырып жазыңыздар.

Абайлар кеш бата ауылға жетті. Бүгін құрылысшылар күні.

II нұсқа

1-тапсырма. Хабарлы сөйлемді сұраулы сөйлемге айналдырып жазыңыздар.

Үлкен жігіт болдың. Асқар сөйлейтін сөзіне әзір. Аспан ашық.

2-тапсырма. Бастауыштан кейін сызықшаның қойылу жағдайын түсіндіріңіздер.

Қыран өте қарулы құс. Арқаның аруы – Теміртау сәнді қалалардың бірі.

3-тапсырма. Көп нүктенің орнына тиісті көмекші етістікті қойып жазыңыздар.

Ол – қандай кемеңгер, адал жан ... .

4-тапсырма. Сөйлемге қажетті тыныс белгілерін қойып жазыңыздар.

Өлеңім шарла ауылды
Тыңда дала Жамбылды.
Тыңда Қастек Қаскелең.

5-тапсырма. Мына сөйлемдерден анықтауыштар мен оның анықталатын сөздерін тауып, оларға сұрақ қойыңыздар.

Көсеуім басы – ақ күміс.

6-тапсырма. Мына сөйлемдердегі қарамен жазылған сөздердің сөйлемнің қай мүшесі екендігін тауып, оларға сұрақ қойыңыздар.

Күн терезеге үңілді, **жылы** шуағы жастыққа шашырай **құйылды.**

7-тапсырма. Қарамен жазылған сөздерге сұрақ қойыңыздар, ол қандай мүше деп аталады?

Ботакөзге тән қасиеттер – **адалдық, әділдік,** білімге **ұмтылу**, досқа **берік**, дұшпанға **қатал** болу.

8-тапсырма. Бірыңғай мүшелерді тауып, сөйлемнің қай мүшесі (бастауыш, баяндауыш, толықтауыш, анықтауыш, пысықтауыш) болып тұрғанына талдау жасаңыздар.

Әр аттың басындағы аяңшылдық, жүйріктік, шабандық, үркектік, сүріншектік, төзімділік, шөпті таңдап жегіштік сияқты қасиеттерді ол жақсы біледі.

9-тапсырма. Сөйлем ішінен пысықтауышты тауып, сұрақ қойыңыздар.

Туған елге барғанда жасарып, жайраңдап қаласың.

10-тапсырма. Бірыңғай мүшелерді тауып, сұрағын қойып, қай сөйлем мүшесі екенін анықтаңыздар.

Тегінде, жастан бой күтіп дағдыланбай, ас өскендіктен ғой деймін, жуыну, шомылу, тырнақ, шаш алдыру дегендер маған азаптай көрінетін.

III нұсқа

1-тапсырма. Шартты райлы етістік қалай жасалады, қандай бағыныңқылы сөйлемдердің баяндауышы болатынын айтыңыздар.

Ұшы-қиырсыз кең өлкемізге көз жіберсек, барлық жерінен бейбітшілік ісін көреміз.

2-тапсырма. Берілген сөздерді күрделі баяндауыш етіп, сөйлем құрастырыңыздар.

Оқып жатыр, айтып отыр, жалт ете түсті, ұшып кете жаздады, оқыған екен, шалып қалды.

3-тапсырма. Көп нүктенің орнына тиісті қосымшалар қосып жазып, бастауыш пен баяндауыштың арасында қандай қиысу бар екенін айтыңыздар.

Мен оған бұл жолы да жолық.... Біз не болса да шыдауға бел байладық. Сендер бізден екі-үш күн бұрын кеткен ... .

4-тапсырма. Бастауыш пен баяндауыштың арасына не үшін сызықша қойылғанын түсіндіріңіздер.

Адам – ардақты ат.

Ел намысы – ер намысы.

Бес жерде бес – жиырма бес.

5-тапсырма. Сөйлемнен толықтауышты тауып, толықтауыштың қай сөз табынан екенін көрсетіңіздер.

Жомарттың жоспарын Жанат сегіз күн ұстады. Бұған Жанат тек орынбасардың көзімен ғана қараған жоқ.

6-тапсырма. Сөйлемнен толықтауышты тауып, тура толықтауыштың астын бір, жанама толықтауыштың астын екі сызыңыздар.

Көкше, Ақшоқы тауы нар түйедей, қараған адамның қасында тұрған сықылды көрінеді. Етегіне барам кісіге алыс жер.

7-тапсырма. Берілген сөздерге тиісті септік жалғауларын жалғап, күрделі толықтауыш етіп сөйлем құрастырыңыздар.

Темір жол транспорты, Қарағанды көмір бассейні.

8-тапсырма. Сын есім мен сан есімнен болған анықтауыштың астын бір-бірден, олардың анықтап тұрған сөздерінің астын екі-екіден сызыңыздар.

Үй айналасы көк шарбақ. Қала бес-алты есе кеңиді және көркем биік үйлер салынады.

9-тапсырма. Жақша ішіндегі сұраулардың орнына тиісті анықтауышты қойып жазыңыздар.

Ұясынан жаңа шығып келе жатқан күн сәулесі Алатаудың (қандай?) шыңдарын күмістей жарқыратып, өзгеше бір сәнге бөлеп жіберді.

10-тапсырма. Төмендегі анықтауыштарды қатыстырып сөйлем құрстырып жазыңыздар.

Қос, күздің, қарт, сұр, кеспелтек.

IV нұсқа

1-тапсырма. Дара анықтауыштың астын бір, күрделі анықтауыштың астын екі сызыңыздар.

Сондай ашық көгілдір аспанның астында көрінген Көкше аспан астынан өскен кішірек бір аспан секілді. Ол өз ісіне тап-тұйнақтай аса ұқыпты, мәдениетті адам еді.

2-тапсырма. Пысықтауыштың астын бір, оның пысықтап тұрған сөздерінің астын екі сызыңыздар.

Кеудесіне қолын қойып, үндемей ғана бас иді. Абай тобы талмай тыңдап әлі тұр.

3-тапсырма. Қарамен жазылған пысықтауыштың қай сөз табынан болғанын және сұрауын айтыңыздар.

Базаралы **сұрланған жүзбен** ызаланып қалып отыр.

4-тапсырма. Қарамен жазылған пысықтауыштың қай сөз табынан болғанын және сұрауын айтыңыздар.

Осы шаққа дейін тартынып, жүдегендей боп отырған Базаралы **енді** сұп-сұр болған жүзінде **дуылдай** ыза намысы шығып, екі көзі Майбасарға **қадала қарап** жалт етті.

5-тапсырма. Сын-қимыл пысықтауыштың астын бір, пысықтап тұрған сөздің астын екі сызып, сөйлемді сөз табына талдаңыздар.

Жаз айының көз ұялататын шұғылалы күні бүгін тым жоғары, тым нұрлы секілді көрінеді.

6-тапсырма. Берілген сөздерді сын-қимыл пысықтауыш етіп, сөйлем ойлап жазыңыздар.

Жалма-жан, балаша, қатты, асықпай, етпетінен, тапжылмай.

7-тапсырма. Берілген сөздерді мезгіл пысықтауыш етіп, әрқайсысына бір-бір сөйлем ойлап жазыңыздар.

Бүгін, кеше, тал түсте, қыстыгүні, сол кезде, кейінірек.

8-тапсырма. Мезгіл пысықтауыштың астын бір, сын-қимыл пысықтауыштың астын екі сызыңыздар.

Жәнібекті жөнелткен мезгілде күн арқан бойы көтерілген еді. Анда-санда сауысқан шықылықтап ұшып қонады.

9-тапсырма. Берілген сөздерді себеп пысықтауыш етіп әрқайсысына бір-бір сөйлем ойлап жазыңыздар.

Асыққандықтан, білген себепті, қуанғаннан, сен үшін.

10-тапсырма. Берілген сөздерді мақсат пысықтауыш етіп, әрқайсысына бір-бір сөйлем ойлап жазыңыздар.

Көмектесуге, көру үшін, берейін деп, келісуге.

V нұсқа

1-тапсырма. Сөйлемнен мекен пысықтауыштарды табыңыздар.

Жоғары, төмен үйрек, қаз ұшып тұрса сымпылдап.

2-тапсырма. Жақшаның ішіндегі сұрақтардың орнына тиісті мекен пысықтауышты қойып, қай сөз табынан екенін көрсетіңіздер.

Бозжанов балғын жүзін (қайда?) көтеріп, бірнеше секундтей менің бетіме аңыра қарап тұрды.

3-тапсырма. Берілген сөздерді мекен пысықтауыш етіп, әрқайсысына бір-бір сөйлем ойлап жазыңыздар.

Әрі, бері, ілгері, кейін, жоғары, төмен.

4-тапсырма. Көп нүктенің орнына тиісті жіктік жалғауын қосып, бастауыш пен баяндауыштың арасында қандай қиысу барын айтыңыздар.

Мен жиналыстан өте бір қуанышты, жарқын шыраймен шық ... .

5-тапсырма. Сөйлем мүшесіне талдап, олардың қандай жолдар арқылы байланысып тұрғанын айтыңыздар.

Бұрын ондай сөздеріне Абай араласып та, тыңдап та көрмеген еді.

6-тапсырма. Сөйлемдердің мағынасын анықтап, сөйлем мүшесіне талдаңыздар.

Ұйымдасып еңбек ету пайдалы болды.

7-тапсырма. Сөйлемнен мезгіл пысықтауыштарды тауып, қай сөз табынан жасалғанын айтыңыздар.

Ол бүгін келсе, мен ертең жүремін. Қасыңды қаққанша, әлдеқайда алыстап кетеді.

8-тапсырма. Төмендегі мақал-мәтелдердің мағыналарын таратып жазыңыздар.

Адасқанның айыбы жоқ Қайтып үйірін тапқан соң. Білімді болсаң тозбассың.

9-тапсырма. Берілген жай сөйлемдерді екі-екіден біріктіріп, құрмалас сөйлем жасаңыздар.

Мен уақытты көп оздырмадым. Теңізге түсерліктей бір үлкен қайық жасауға кіріспекші болдым. Қайық жасауға керек ағашты тауып алмақшы болдым. Аралдан қолайлы ағаш іздедім.

10-тапсырма. Төмендегі сөйлемдерді оқып, мағыналарын анықтап, оларды екі-екіден біріктіріп, құрмалас сөйлем жасаңыздар.

1. Қатты жел тұрды.
2. Теңіздің толқыны күшейді.

3. Аспанды қара бұлт қоршады.
4. Бір кезде сел құйып жіберді.

VI нұсқа

1-тапсырма. Көп нүктенің орнына тиісті жалғаулықты қойыңыздар.

Бұған оның жауабы да әзір еді, ... оның лебізі тез шыға қоймады.

2-тапсырма. Дана, керемет деген сөздердің синонимдерін табыңыздар.

Бұл адам өз ісіне мейлінше берілген, өйткені көп жылғы тәжірибеге, халық даналығына сүйенеді, жерге керемет берілген.

3-тапсырма. Төменде берілген мақал-мәтелдердің мағынасын анықтап, олардың неліктен шартты бағыныңқылы сабақтас құрмалас сөйлем болып тұрғанын айтыңыздар.

Еңбек етсең ерінбей,
Тояды қарның тіленбей.

Бұлақты таудан арна ақса,
Теңіз болар аяғы.

4-тапсырма. Сөйлемнен тек бастауыш пен баяндауышты теріп жазыңыздар.

Кешкі тымыққа тынып, жадырап жатқан, жазық су ақырын ғана жағасына соғып дірілдейді.

5-тапсырма. «Уақытты бағала» тақырыбында әңгіме жазып, тұрлаусыз мүшелердің астын сызыңыздар.

6-тапсырма. Қимыл-сын, мекен пысықтауышқа мысал келтіріңіздер.

7-тапсырма. Баспасөз материалдарынан анықтауышқа мысалдар келтіріңіздер.

8-тапсырма. Тура толықтауышқа мысал келтіріңіздер.

9-тапсырма. «Ең таза қала» тақырыбына сөзжұмбақ құрастырыңыздар.

10-тапсырма. «Техника саласының бүгіні, болашағы» тақырыбына дебат ұйымдастырыңыздар.

VII нұсқа

1-тапсырма. Берілген тақырыптың біреуіне шығарма жазыңыздар.

1. Қысқы таң. 2. Өндірісті қала.

2-тапсырма. Сөйлемнің бастауыштарын табыңыздар.

Мен бақшаны сендей етіп өсіремін. Біз биыл да өдірістің қарқынын өсіру үшін студенттер қолдан келген көмегін тигізеді деп сенеміз.

3-тапсырма. «Қазақстанның қазба байлықтары» тақырыбында мәтін құрастырыңыздар.

4-тапсырма. Елбасымыз туралы мәтін жазыңыздар.

5-тапсырма. Төмендегі сөйлемдерден бастауышты тауып, құрылысына қарай талдаңыздар.

Бүгін әнші Жүсіпбек келді. Аталған жерлерге қонақ үйлер де, ас үйлер де тігілген екен.

6-тапсырма. Төмендегі сөздерден сөйлемдер құрастырып, баяндауыш қай сөз табынан жасалғанын айтыңыздар.

Көлік, айтысты, көрді, көгілдір, төрт.

7-тапсырма. Сөйлемнен бірыңғай мүшелерді тауып, сөйлем мүшесіне талдаңыздар.

Соның баурайы әдемі, тоғайлы өзен болатын.

8-тапсырма. Көп нүктенің орнына тиісті жалғаулықтар қосып, тиісті тыныс белгісін қойыңыздар.

Ақшоқыда туған өлең ... ән жатталып, көшіріліп, тарап жатты.

9-тапсырма. Берілген сөздермен сөйлем құрастырыңыздар.
Скрипка, рояль, барабан, домбыра, мандолина, сыбызғы.

10-тапсырма. «Ән-көңілдің ажары» деген тақырыпта қазіргі Қазақ әндері жайында ойтолғау жазыңыздар.



Шығармашылық тапсырмалар

1-тапсырма. Берілген мәтінді пайдалана отырып, өздеріңіз мәтін құрастырып жазыңыздар.

ТІЛ – УАҚЫТ ТЫНЫСЫ

Адам – қоғамның дамуына үлес қосатын саналы тіршілік иесі. Ол өзінің алдына жоспарлы мақсаттар қойып, оған қол жеткізуді армандайды. Тіршілік иелерінің қарым-қатынасы тілдің қатысуымен жүзеге асырылады. Олай болса, тіл – қоғамды қозғаушы күштің бірі, ұлт тірлігінің күретамыры.

Қоғам – адамдар ұжымы. Ол ұжым ру, тайпа, ұлт, халық дейтін қоғамдық бірлестіктерден тұрады. Тіл – қоғам мүшелерінің қарым-қатынас құралы. Қоғамдағы болып жатқан өзгеріс, адамдардың тірлігі, қоршаған ортадағы құбылыс және тағы басқа ақпараттарды біз тіл арқылы қабылдаймыз.

Қосымша мәлімет

1989 жыл	Қазақ КСР-інің Тіл туралы Заңы қабылданды
1989 жыл	Тіл Заңын жүзеге асыру үшін «Қазақ тілі» қоғамы құрылды
1993–1995 жылдар	Қазақстан Республикасының жаңа Конституциясында қазақ тілі мемлекеттік мәртебеге ие болды
1993 жыл	Тіл комитеті құрылды
1996 жыл	4 қарашада Қазақстан Республикасы Президентінің Жарлығымен «Қазақстан Республикасының тіл саясаты тұжырымдамасы» мақұлданды

1997 жыл **11 шілде**	Тіл туралы Заң толықтырылып қайта шықты
1998 жылы	Тіл туралы Заңды күшіне келтіру туралы Мемлекеттік бағдарлама жасалды
2007 жыл	«Мемлекеттік тілдің қолданылу аясын кеңейту және оның бәсекеге қабілеттілігін арттырудың 2007–2010 жылдарға арналған тұжырымдамасы» қабылданды.

2-тапсырма. Нақыл сөздердің мағынасын қалай түсінгендеріңізді айтып беріңіздер.

Білімдіден шыққан сөз

Өзіміз ана тілімізде сөйлемейінше, өзге ешкім де бұл тілді шындап құрметтей қоймайтынын түсінуге тиіспіз.

Қазақ елі барда қазақ тілі де болады. Өседі. Өркендейді.

Н. Ә. Назарбаев

Өркениет өнегесі – өз тіліңмен өмір сүру.

Н. Ә. Назарбаев

Кеше болмағанның бүгін болуы мүмкін, бүгін болмағанның ертең болуы мүмкін – бірақ ана тіліне мән бермеушіліктің, оны құрметтемеудің орны толмас олқылықтарға соқтыратыны сөзсіз.

Н. Назарбаев

Қазақ тілінен асыл, қазақ тілінен бай тіл жоқ. Егер қазақ тілін білсең, дін де осында, ғылым-білім де осында, әулиелік те осында.

Мәшһүр Жүсіп

Әркімге туған тілі – туған шеше, оған бала міндетті сан мың есе.

С. Мұқанов

...Жоғалып өшіп кеткен тілдердің қайта тіріліп келмейтіні белгілі. Жаңадан тіл пайда болмайды. Тілдердің пайда болу дәуірі біткен. Сондықтан қазіргі барымызды мәпелей білуіміз керек.

Ш. Айтматов

Тілсіз өмір жоқ. Тілі жоқ жұрт ел бола алмайды, ата-мекен жер бола алмайды. Тілі, мәдениеті шалқыған халықтың ғана үні естіліп, даусы шығады.

Ө. Жәнібеков

Сөздің ең ұлысы – тарих!

А.Байтұрсынұлы

Әр заманның өзіне лайық сөзі болады.

Б. Оңдасынұлы

3-тапсырма. Берілген мәтіннен үш сөзге фонетикалық, лексикалық талдау жасаңыздар.

Адам сияқты сөзде де алуан тағдыр бар. Ол о баста сәби боп туады, ер жетеді, қартаяды, кейде қартайып барып жасарады, кейде тұрмыста болған өзгеріске ілесе алмай кейін бірте-бірте солғындап, қажауда қалып, жаңа сөзге жол береді немесе тың мағына тауып, жаңғырып, жаңаша ұғымға ие болады.

М. Иманжанов

4-тапсырма. Мақал-мәтелдерді пайдалана отырып, «Мың бір мақал» тақырыбында төмендегідей бағыттарда жұмыс жасаңыздар.

1. Белгіленген уақытта тіл туралы мақал-мәтел, нақыл сөздерді көбірек айтып жарыс ұйымдастыру.

2. Тіл туралы өздері таңдаған мақал не мәтелдің мазмұнына тоқталып, оның қажеттілігі мен маңызы жөнінде жеке тұлға пікірімен танысу.

3. Жеке тұлғаның таңдауы бойынша қоғамдық өмірдің белгілі бір (медицина, білім, баспасөз, техника т.б.) саласына байланысты қандай мақал-мәтелдерді қолдануға болатынына мысал келтіріп жазу.

5-тапсырма. Берілген асыл сөздерді пайдалана отырып, «Тіл – қазына» тақырыбында шағын әңгіме жазыңыздар.

Тіл – ақылдың көрінісі, бірліктің кілті.

Халық даналығы

Тіл – қылыштан да өткір.

Ж. Баласағұн

Тәрбие басы – тіл.

М. Қашқари

Білімдіден шыққан сөз

Тіл сөйлеу – сөйлесу, оқу – үйрену, жазу – сызу арқылы өседі. Бұл үшеуінің бірде-біріне көңіл аудармау – үлкен қылмыс.

Ғ. Мүсірепов

Емле – жазу үшін шығарылған, жазу – тіл үшін шығарылған нәрсе. Олай болса, тілді бұзып емлеге ыңғайлау емес, емлені тілге ыңғайлау керек.

А. Байтұрсынұлы

Тіл мәдениеті, жазу сауаттылығы – ұлттық мәдениет көрсеткіші. Ол төмен болса, қазақ тілінің мемлекеттік дәрежесі де төмен болады.

Р. Сыздықова

Өз алдына ел болуға өзінің тілі, әдебиеті бар ел ғана жарай алатындығын біз ұмытпауға тиіспіз.

А. Байтұрсынұлы

Ана тілін жақсы меңгеріп алмай тұрып, өзге пәндерді түсіну мүмкін емес.

Ж. Аймауытов

6-тапсырма. Мәтінді аударып, «Тіл қызықтарына тереңдесек» атты тақырыпта эссе жазыңыздар.

«Өнер алды – қызыл тіл» дейді ғой халық. Сол өнердің де, білімнің де алды, негізі, қоғамдық қарым-қатынастың құралы болып табылатын тілде талай-талай қызық, алуан түрлі сыр бар. Сырт қарағанда оны бірден байқай қою оңай да емес. Өйткені сөйлесіп түсініскенде, сырласып пікірлескенде айтылып жатқан сөздердің бәрін талдап, тексеріп жатпаймыз. Пайымдай қарап, тереңірек талдасақ, біздің ана тіліміздің сөздік қоры бай, мағынаға мол, оралымды тіл екенін көреміз. Мынадай бір ғана мысалды алып қаралықшы: *қақ* деген бір сөздің өзі заттың атын да, сынын да, қимылын да, қимылдың сынын да білдіретін бірнеше мағынаны аңғартады. Сондай-ақ бір ұғымды бірнеше сөзбен

түсіндірсек, бір сөзге қарсы мәнді бірнеше сөз қолданамыз. Бір заттың әр өлке, облыста әртүрлі аталатыны тағы бар. Ауыспалы мағынада қолданылатын *«бүйректен сирақ шығару», «ешкіні апа, текені жезде қылып», «түйе үстінен сирақ үйту»* сияқты тұрақты сөз тіркестері мен мақал-мәтелдер әрі ұтымды, әрі көркем жасалуымен қатар аз сөзбен көп мағынаны аңғартады. *«Желкемнің шұңқырын көрмейін», «Басқан ізім артымда қалсын»* сияқты «әзіл-қарғыс» та қызық құралған.

Тілдік құбылыс пен заңдар да қызық. Тіл де қоғаммен бірге жасап, жаңарып, өсіп-өркендеп отырады. Өткен өмірге тән кейбір сөздер ескіріп, қолданудан қалса, жаңа өмірге байланысты жаңа сөздер пайда болады. Тіліміз қазір осындай жаңа сөздермен толығып, ажарланып келеді.

«Қызықты грамматика» кітабынан

7-тапсырма. Мәтіннен үш сөз алып, дауысты дыбыстарға фонетикалық (дыбыстық) талдау жасаңыздар.

Адам өзі тапқан нәрселерін күнде тексерсе, күнде өседі. Көп заман тексермесең, тауып алған өнеріңнің жоғалғандығын және өзіңнің ол мезгілдегіден бір басқа адам болып кеткеніңді білмей қаласың. Жоғалған өнер «мен жоғалдым» деп хабар беріп жоғалмайды. Енді қусаң, бағанағы әуелгі табуыңнан қиынырақ тиеді.

Абай

8-тапсырма. Жұмбақ өленді оқи отырып, дауыссыз дыбыстарды үн мен салдырдың қатысына қарай топтаңдар. «Дыбыстар әлемінде» тақырыбында ауызша мәтін құрастырыңыздар.

Әліпбиден біраз әріп тіздім де,
«Ұяңдарым» деп оларға ат қойдым.
«Қатаңдар» да сап түзеді қатарлап,
Бөгде тілден енгендерді қатарға ап,
Қалғанына «үнділерім» деп қойдым.
Жеңіл жаттау жүйелерін өзің тап.
Ұяң дауыссыздар:
Қатаң дауыссыздар:
Үнді дауыссыздар:

9-тапсырма. Абайдың нақыл сөздеріндегі сөз таптарына фонетикалық (дыбыстық) талдау жасаңыздар.

Абай афоризмдері

1. Тәуекелсіз, талапсыз мал табылмас,
2. Еңбек қылмас еріншек адам болмас.
3. Ісім өнсің десең – ретін тап.
4. Ақылды қара қылды қырыққа бөлмек,
   Әр нәрсеге өзінше баға бермек.
5. Ақыл, қайрат, жүректі бірдей ұста,
   Сонда толық боласың елден бөлек.

10-тапсырма. Мәтіндегі автордың ойын өз сөздеріңізбен баяндаңыздар. Сөйлемдегі зат есімдерге фонетикалық (дыбыстық) талдау жасаңыздар.

Әдебиет

Өткен дәуірдегі теңіздей тұңғиық **әдебиетіміздің** бізге бұл күнде адасқан **ұшқындары**, тентіреген тамшылары ғана жетіп отыр. Көбі, көбі болғанда ең сұлулары ұмытылған, желдей ескен жыраулармен бірге топыраққа айналған. Баяғыда отыз күн, отыз түн айтылатын «Қобыландылардың» ауызда адасып азғантайы ғана қалған. Талай түндерге созылған ертегілердің басы қайырылып, аяғына жетіп, шоп-шолақ болып қалған.

...Бірақ талайлар ұмытылып қалды деп қанша өкінгенмен, әлі де болса ауызда аман қалған әдебиетіміз талай елдердің ауыз әдебиетінен бай. Өзінің ауыз әдебиетін негіз қылмай, ешбір елдің жазба әдебиеті өркендемек емес.

М.Жұмабаев

11-тапсырма. Бауыржан Момышұлының адам туралы айтқан ой толғауын мақалмен тұжырымдаңыздар. Мәтіннен үндестік заңына: дыбыс үндестігіне (ілгерінді ықпал, кейінді ықпал), буын үндестіктеріне мысалдар теріп алыңыздар.

Баукеңмен әңгіме

Кейбіреулер адам деген темір емес, темір де тозады деп топшылайды. Анығында Отан үшін, өмір үшін күреске белді бекем буған адам ол темірден де мықты болуға тиіс. Күтімсіз темір тот басып шіріп кетеді. Ал өмір үшін, болашақ үшін өшпес сеніммен күресуді мақсат еткен адамның жаны тозбай жарқырап өтеді. Демек, қандай қасірет шексең де, адамдық қасиетті сақтап, адамдық ар алдында шыншыл, адал болудан артық парыз жоқ, – деді Баукең.

12- тапсырма. Мақал-мәтелдердің жалғасын табыңыздар.

– Өнер алды –
– Тіл тас жарады,
– Тас жармаса, ...
– Шебердің қолы ортақ, ...
– Ат жүйрігі айырады, ...
– Сөз тапқанға...
– Жақсы байқап сөйлер, ...
– Аяғы жаман төрді былғар, ...
– Көп сөйлеген, ...
– Суды шым тоқтатар, сөзді ...
– Ине көзінен сынады, шешен ...

Қажетті тіркестер: шын тоқтатар, аузы жаман елді былғар, шешеннің тілі ортақ, қолқа жоқ, жаман шайқап сөйлер, сөзінен сынады, тіл жүйрігі қайырады, көптен айырылады.

13- тапсырма. Көп мағыналы сөздерді қатыстырып, сөйлем құрастырыңыздар.

– Адамның басы, таудың басы, жұмыстың басы, жіліктің басы,

– Адамның жүзі, пышақтың жүзі, қылыштың жүзі, ұстараның жүзі.

– Адамның көзі, иненің көзі, матаның көзі, атамның көзі, күннің көзі, жақсының көзі.

14-тапсырма. Берілген омонимдерді қатыстыра отырып мәтін құрастырып, орфографиялық, орфоэпиялық нормаларға мысал келтіріңіздер.

Бас – зат есім.
Бас – етістік.
Жаз – зат есім
Жаз – етістік.
Ара – жәндік.
Ара – құрал

15-тапсырма. Берілген мәтіннен синоним, антонимдерге мысал келтіріңіздер.

Қатты жерге қақ тұрар, қайратты ерге бақ тұрар. Жақсы сөз – жарым ырыс. Көсеуің ұзын болса, қолың күймес. Қысқа жіп күрмеуге келмес. Шабан үйрек бұрын ұшар. Тез қасында қисық ағаш жатпас

(мақал-мәтелдер). 3. Су ішінде олай-бұлай жүзіп, тайыз жерінде жүзіп іздесе де қапшық табылмады. *(Ы. А.)* Дүйсенғали көне домбырасын қолына ұстап шерте отырды. *(С.Бақб.)* Рақымдылық, мейірбандылық, әртүрлі істе адам баласына өз бауырым деп, өзіне ойлағандай оларға да болса игі еді демек, бұлар – жүрек ісі. Ашқарақтық, өзімшілдік, менмендік, мақтаншақтық, күлкішілдік бойды жеңсе, ондай кісі бойына қорлық келтіретұғын… өсектен де қашық болмайды. (Абай)

16-тапсырма. Мәтінмен байланыстыра отырып, «Мен білетін қайраткер аналар» деген тақырыпта ой толғаңыздар.

«Журналист – жаңалықтың жаршысы» деген қанатты сөз жақсы таныс. Осы кәсіпті жанына серік еткен әйел-аналар отбасының ұйытқысы болуымен қатар, жазу өнерінде сүйікті мамандығын терең меңгерген майталман атануда. Сондай әйел заты, танымал журналист «Айқын» газетінің тілшісі Айгүл Халықова 18 жылдан бері мерзімді баспасөзде қызмет етіп келеді. «Адам жанының инженері» деп саналатын журналистикада айшықты қолтаңбасы бар, оқырман көзайымына айналған Айгүл Ханбайқызы, өзге кәсіпке қарағанда, жазу өнеріне қалам тартқан әйелдердің отбасы мен қызметі алдындағы жауапкершілігі жоғары екендігін айтады.

Шығармашалықпен айналысатын қазақ әйелі отбасы мәселелерімен қатар уақыт пен қоғам талабына сәйкес сан міндет, толайым жүк арқалайтыны сөзсіз. Осы себепті шығармашылықпен айналысатын әйелге мүмкіндігінше өзінің уақытын дұрыс ұйымдастыру жағын көбірек ойлауы керек.

Республикалық қоғамдық-саяси газетте жиырмадан астам журналист оқырманға күнделікті ақпарат жеткізіп отырады. Осы басылымда әлеумет бөлімінің редакторы, әрі мәдениет бөлімінің шолушысы Айгүл Ханбайқызы туралы таныстыра кеткенді жөн санадық. Журналистика өнер ғана емес, ол – өмірдің өзі, қоғамның дамуы, адамдардың тағдыры. Міне, осының барлығы терең тақырыпқа айналып, Айгүл қаламынан күн құрғатпай оқырмандарына жетіп жатады. Әсіресе, мәдениет, әдебиет саласында сараптамалық еңбектер жазған оның оқиғаны суреттеу, сипаттау, оны оқырманға жеткізудегі журналистік шеберлігіне әріптестері әрқашанда тәнті. 80 жылдық тарихы бар басылымда бірге қалам тербеген әріптесі, қарымды журналист Жанарбек Әшімжан «Айдың арғы беті», «Оқырман күткен әңгіме» деген екі айдарда жекелеген кейіпкердің, тұлғаның ішкі тұлғалық болмысын ғана емес, ішкі жан дүниесіндегі

психологиялық сан қатпарды талдай ашқан журналист зерттеулерін маманның қаламгерлік ізденіс нәтижесі деп танитыны жөніндегі өзіндік пікірімен бөлісіп өтеді.

Айгүл Халықованың жазу өнеріндегі тынымсыз ізденісі туралы оның ойға алған жаңа жоспарлары жөнінде: «Жазушылық өнермен айналысу, шағын болса да әдеби дүниелер жазу ойымда, жүрегімнің бір бұрышында тұрады. Адамның жаны, жеке қасиеті, рухы мен жүрегіндегі тылсым құпия сырлары жөнінде тереңірек білгім келеді. Осы тақырыпта қалам тартуды жоспарлаудамын» – деп ой бөліседі.

(Г. Сүлейменова)

17-тапсырма. «Хабар» телеарнасына «Тележурналистер байқауы» тақырыбында даярланған бағдарлама мәтінінің стилі туралы айта келіп, журналист мамандығы мен бүгінгі күнде көрермен көзайымына айналған журналистер туралы ойларыңызбен бөлісіңіздер.

Талантты тележурналист, ақын, сазгер Бейбіт Құсанбектің ғұмыры қысқа болғанмен, артына қалдырып кеткен еңбегі үлкен еді. Ол құпиясы терең көгілдір экран арқылы көрермен көңілінен табылған авторлық бағдарламаларды жарыққа шығарған болатын. Өткен жылдан бері елімізде Бейбіт Құсанбек атындағы тележурналистер байқауы ұйымдасырылып келеді. Дәстүрге айналған бастамаға биыл «Хабар» агенттігі, «Қазақстан» телерадио корпорациясы және Қазақ Ұлттық Университетінің журналистика факультеті қолдау білдірді.

«Тележурналистика – мерзімді басылымға қарағанда, аса үлкен шеберлікті талап ететін кәсіп» деген «Алматы ақшамы» газетінің бас редакторы Қали Сәрсенбай, осы саладағы жастардың ізденістерін былай жеткізеді: «Бейбіт Құсанбек атындағы байқау басталғалы бері байқағанымыз, жас журналистердің шығармашылық жағының өсуі, осы салаға деген құмарлығы, өз мамандығы бойынша іңкәр ізденістері айрықша байқалады».

Республика бойынша ұйымдастырылған телебайқауға 15 жұмыс келіп түскен. «Басты талап – жұмыс авторлық бағдарлама болу керек. Сондай-ақ журналистің хабарды өзі жүргізуі де назарға алынған. Қазылар алқасы Бейбіт Құсанбекпен бірге оқыған, қазірде Қазақстандағы бірқатар ірі басылымдарды басқарып отырған журналистерден құралған. Сондықтан биылғы байқауда жұмыстарды барынша әділ бағаланды», – дейді осы шараны ұйымдастырушылардың бірі, Қазақ Ұлттық Университетінің ұстазы Сағатбек Медеубек.

Аса жауапкершілікпен қараған қазылар алқасы Бейбіттің «Өмір өзен», «Ел ағалары» секілді, «Тіл» бағдарламасы секілді өзінің нақышы мен бағыты бар, идеясы айқын, тақырыбы өміршең және журналистік шеберлікті танытар иірімі бар, төрт құбыласы түгел еңбектер болмағандықтан бірінші орынды ешкімге берген жоқ. Алайда бәйгеге қосылған жас таланттар екінші орын мен өзге жүлделерді иемденіп, танымал журналистердің оң батасын алып, мамандық әлеміндегі ізденіс тұсауын кесті.

Жас журналистердің қаламына қанат бітірген байқауда «Хабар» агенттігі, Алматы облыстық «Жетісу» арнасы, Коммерциялық және «Қарағанды» облыстық телеарна журналистері 2 және 3-ші орын мен ынталандыру сыйлықтарын өзара бөлісті. Өткен жылғы байқаудың жүлдегері атанған Ринат Кертаев өз әріптесін құттықтап, оң тілегін білдірді.

Бейбіт Құсанбек бойындағы сан дарынымен танылған азамат еді. Ол – ақын, сазгер, қайраткер, журналист ретінде жұртшылықтың жүрегінде қалды. Байқау жүлдегерлерін марапаттау рәсімінде Бейбіттің әндері орындалып, жүрегінен жалын атып жазылған жырлары да оқылды**.**

(Г. Сүлейменова)

18-тапсырма. Сәулет саласындағы мамандар туралы мәліметтерді білу де аса маңызды. Газеттен алынған материал негізінде «Сәулет өнері – ел тарихында» тақырыбында осы мамандық туралы ой-пікірлеріңді ортаға салыңыздар.

Павлодар қаласында академик Қаныш Сәтбаевқа (1899-1964) орнатылған мүсін оның туған күні – 12-сәуірде салтанатты жағдайда ашылды.

Мүсін Жамбыл облысы аймағындағы Қордай тауының гранитінен қашалып жасалған, жалпы биіктігі 8 жарым метр (мүсіннің биіктігі – 4 м. 25 см, тұғырының биіктігі – 4 м. 25 см.). Ескерткіш академик Сәтбаев көшесінің бойында, қалалық әкімдік ғимаратының жанындағы көрнекі алаңқайда орнатылған.

Ескерткіштің авторлары: алматылық белгілі мүсіншілер: Прокопьева Ольга Георгиевна және Санжар мен Дәурен Досмағамбетовтер. Айта кететін жайт, Ольга Георгиевна – Қазақстанның әйгілі мүсіншісі, Қазақстан Мемлекеттік сыйлығының иегері, Қазақстанның еңбек сіңірген өнер қайраткері, Шоқан Уәлиханов ескерткіштері (Көкшетау,

Алматы), Қаныш Сәтбаев, Әліби Жангелдин, Ғани Мұратбаев, Мұхтар Әуезов ескерткіштері (Алматы), «Олжас Сулейменовтың портреті», «Бибігүл Төлегенованың портреті», «Республика жобасы» (Дінмұхамед Қонаевтың портреті), «Ақын портреті» (1979) тәрізді мүсіндік портреттердің авторы Төлеген Досмағамбетовтың зайыбы, ал Санжар мен Дәурен – осы екеуінің ұлдары. Мүсіннің сәулетшісі: Кацов Владимир Велихович. Авторлардың алты айдай бірлесе еңбек етуінің нәтижесінде жасалған өнер туындысында ұлы ғалым болашаққа қарай адымдап бара жатқандай образды кейіпте бейнеленген.

Бұл – академик Сәтбаевқа арналған тоғызыншы ескерткіш болып табылады. Бұған дейінгі ескерткіштер Атырау, Ақтау, Қарағанды, Ақсу, Алматы, Баянауыл, Жезқазған, Томскде орнатылған. Алматыдағы ескерткіш 1999 жылы Қазақ ұлттық техникалық университетінің Сәтбаев пен Байтұрсынов көшелерінің қиылысындағы корпусының алдына қойылған (мүсінші Т. С. Досмағамбетов, сәулетші А. С. Қайнарбаев). Ал Қаныш Сәтбаев білім алған Ресейдің Томск тау-кен институты аумағындағы «Геологтар гүлзарында» тұрған бюст Павлодар облысы әкімдігінің тапсырысы бойынша Павлодар қаласында жасалып, 2008 жылы сол жерге апарылып орнатылған. Ескеретін жайт, аталған көрнекі орында қазақстандық ғалымның бюстінен бұрын оның ұстазы М.Усовқа ғана ескерткіш қойылған.

Ғұламаның есімін ұлықтау мақсатында бұлардан өзге де іс-шаралар іске асырылған. Мысалы, Алматыдағы Геология ғылымдарының институты, Қарағанды облысындағы қала, Ертіс-Қарағанды су арнасы, ғарыштағы кіші планета, минералдың химиялық формуласы, Екібастұз инженерлік-техникалық институты, Қазақ ұлттық техникалық университеті, Павлодарда және өзге қалалардағы көшелер мен мектептер, Павлодар облысының Баянауыл ауданындағы ауыл, Лепсі өзені бастау алатын Жоңғар Алатауы солтүстік таулы қыратындағы мұздық Қ. Сәтбаевтың есімімен аталады. Сондай-ақ, 1999 жылы Қ. Сәтбаевтың туғанына 100 жыл толуына орай Қазақстан Республикасының Ұлттық банкі ғалымның суреті бедерленген 20 теңгелік ескерткіш тиындар шығарса, «ҚазПошта» Қаныш Имантайұлының бейнесі салынған пошталық маркалар шығарды.

Ескерткіш мүсінді ашу рәсімі Естай атындағы қалалық мәдениет сарайындағы ғылыми конференцияға ұласты. Конференцияны Қ. Сәтбаев атындағы облыстық тарихи-географиялық қоғамы

қоғамдық қорының атқарушы директоры Оралбек Қожанов жүргізіп отырды. Кезекпен сөйлеген қоғам қайраткерлері, ғалымдар, жазушылар Баянауылдың тумасы, қазақ халқының әлемдік деңгейдегі даңқты перзенті, қеңестік металлогениялық ғылымдардың негізін салушылардың бірі, қазақстандық металлогения мектебінің іргетасын қалаушы, геология-минералогия ғылымдарың докторы (1942), профессор (1950), Қазақ КСР ҒА академигі (1946), КСРО ҒА академигі (1946), Қазақ КСР ҒА тұңғыш президенті, Қазақстан ғылымдарын ұйымдастырушы, Ұлытау-Жезқазған мыс кендерін және өзге де пайдалы қазбаларды ашқан ғалым-геолог Қаныш Имантайұлы Сәтбаевты әр қырынан сипаттады.

Англияның президенті У. Черчиль өзінің еңсегей бойына таңырқағанда «Менің халқым менен де биік» деп жауап қайтарған қазақ халқының алып перзенті Қанекеңнің мүсіні туған жерінде осылайша көтерілді. Ал дәл қазіргі таңда, Ертіс-Баянауыл өңірінде бұдан биік ескерткіш жоқ!

Академик Қаныш Имантайұлы Сәтбаевтың туған күнінде ашылған алып мүсін енді Кереку халқының отаншылдық, ұлттық мақтаныш сезімдерін аспандатып, білім мен ғылымға ұмтылған жастардың жан-дүниесін рухтандырып тұратын болады.

«Ертіс дидары» газетінен

19-тапсырма. Мақал-мәтелдердегі қосымшалардың түрлерін ажыратыңыздар.

1. Ақылды мақтанса, істі тындырар.
Ақымақ мақтанса аяғын сындырар.
2. Ойшы ой ойлағанша
Тентек ісін бітірер.
3. Саналы адам сағыңды сындырмас,
Санасыз адам жағыңды тындырмас.
4. Өтірікші алдымен өзін алдар.
5. Ел алғысын алсаң, елеулісі боларсың.

20-тапсырма. Мәтіндегі негізгі ақпаратқа сүйене отырып, сұрақ-жауап құрастырыңыздар.

Өн бойы тола өлең-жыр

Қаршадайынан айтыстың арғымағының жалына жабысқан жас Жамбыл, ұшқыр шабыт, ұтымды ойға әбден ұсталанып алған-ды.

Мұхтар Әуезов айтқандай: айтыста да шешендік өнердегідей жеңіс тағдырын кімнің ұзақ жырлап, ажарлы сөйлегені емес, жұлыннан тиер жүйелі ой, тапқыр сөз шешетін-ді. Сондықтан да, ол ақыннан өзін қоршаған әлеуметтік ортаның жай-жапсарын жақсы біліп, жұрт көкірегіндегі өзекті сауалдарға өз жауабын тайсалмай айта білуді талап ететін-ді; халықтық шығармашылықтың қай төскейіне салсаң да алқынбайтындай алқымы кең, жан-жақты талантпен қоса халықтың сан ғасырлық тарихының, ру-тайпа өмірінің егжей-тегжейінің, өлке-өңірдің географиясының, тағысын тағы жағдаяттардың ұңғыл-шұңғылына дейін жетік сұңғылалықты қажетсінетін еді. Халық мұңын қатты білетін сұңғыла ақын есесі кеткендердің кекті сөздерінен асқан тегеурінді сөз табылмайтынын терең ұққан-ды.

(Ә.Н.)

21-тапсырма. Күз мезгілі туралы шығарма жазыңыздар. Жаз мезгілі мен күз мезгілін салыстырғанда не байқадыңыздар?

22-тапсырма. Мәтіннен сан есімдерді теріп жазып, сұхбат құрастырыңыздар.

Сәби кезінде ұшқыш болсам деп армандамайтын бала сирек болар. Екі рет Кеңес Одағының Батыры атағына ие болған Талғат Бигелдинов те осындай ізгі арманның иесі болды. Батыр кәдімгі ауыл баласы еді, ол 1922 жылы Ақмола облысы, Ақмола ауданы, Майлыбалақ ауылында дүниеге келді. Оның жастық шағы Фрунзе (қазіргі Бишкек) қаласында өтеді. Талғат осы қаладағы аэроклубқа үзбей барып жүргендіктен, оның ұшқыш болуға құмарлығы бірте-бірте арта түседі. Сөйтіп ол он алты жасында парашюттің жібек жібін ұстап, зеңгір көктен жерге қарай талай секірді. Аэроклубтағы осындай жаттығуларды толық меңгерген Талғат өзі талаптанып, Орынбор және Саратов қалаларындағы әскери авиация училищелеріне түсіп оқиды.

Сұрапыл соғыс біреудің арман қанатын қиып түссе, Талғат секілді ұшқыш болып Отанымның керегіне жарасам деп армандаған жандардың өзін-өзі сынайтын уақытын жақындатып-ақ жіберген жоқ па?! Ел басына күн туған 1943 жылдың қаңтар айында Т.Бигелдинов 144-гвардиялық авиация полкіне қабылданады.

Жас ұрпаққа батырлықтың керемет үлгілерін көрсеткен қос Алтын Жұлдыз иегері Талғат Бигелдинов бейбіт өмірге аман-есен оралғаннан соң да Әскери-әуе академиясын бітіріп, әртүрлі

қызметтер атқарды. Оның өмір жолы мен кереметтей ерлік істері ел есінде мәңгіге сақталардай болды.

А. Мұсабекова

23-тапсырма. Мәтіндегі туынды сөздердің астын сызыңыздар.

Күн – Жерге жақын орналасқан жұлдыз. Ол балқып қызған, керемет үлкен газды шар. Бұл Күн жүйесіндегі жұлдыздардың ең үлкені. Күннің тарту күші өте күшті болғандықтан, барлық планеталарды өз орбитасында ұстап тұрады.

Ай – Жердің табиғи серігі. Ол өзінен жарық шығармайтын, жерге ең жақын аспан денесі. Ол Жерді эллипстік орбита бойымен айналады. Айдың диаметрі – 3476 км. Жай көзбен қарағанда Айдың бетінде қарауытқан дақтар көрінеді. Олар шартты түрде «теңіздер», «мұхиттар» «көл», «шығанақ» деп аталған. Сыңар дүрбімен қарағанда Ай бетінен тау сілемдері, жарықтар, арналар, шыңдар, аңғарлар мен киіз үй сияқты нысандар, «кратер», «цирк» деп аталатын сақина таулар, ұзыннан ұзақ созылып жатқан жоталар мен тау тізбектері байқалады. Ғарыш кемелерімен Айдан әкелінген материалдарды зерттеу нәтижесінде айда тіршіліктің ең қарапайым түрінің де жоқтығы белгілі болған.

Қ.Аймағамбетова

24-тапсырма. Төмендегі сөздердің түбірін сызып, талдап айтып беріңіздер.

Қазақтың майталман үш биі – Төле би, Қазыбек би, Әйтекелер бірде Сайранда, бірде Сауранда, көбіне Түркістанда жиі-жиі бас қосып, әңгіме-кеңес өткізіп отырады екен. Әңгімелерінің арқауы – бүкіл қазақтың басын біріктіріп, алдағы жаздан кешіктірмей, жоңғарға қарсы азаттық ұрысқа аттану.

Ж. Тұрлыбаев

25-тапсырма. Нақыл сөздердің негізінде бірнеше мақалмәтел жазып, қосымша түрлеріне талдау жасаңыздар.

Білімдіден шыққан сөз

Білімді адам тілін билей алады.

Ж. Баласағұни

Көз – жіті, құлақ – сақ, көңіл кең болу керек.

С. Сараий

Жаңбыр жаумаса жер жетім,
Басшысы болмаса ел жетім,
Ұқпасқа айтқан сөз жетім...

Төле би

Білімдіден шыққан сөз

Үлкеннің алдында иіліп сөйле?
Кіші алдында сызылып сөйле,
Иіліп сөйлегеннен белің бүгілмейді,
Сызылып сөйлегеннен сөзің үзілмейді.

Бөлтірік шешен

26-тапсырма. Берілген сөздерден жұрнақ арқылы туынды сөздер жасаңыздар.

Үлгі: сый-лы,...

Сый, күз, қыс, көктем, сауық, от, темір, тәрбие, бақыт, ағайын, жақ.

27-тапсырма. Нақыл сөздің негізгі идеясын табыңыздар.

Абайдың нақыл сөздері

Адам **ата-анадан** туғанда **есті** болмайды: естіп, көріп, ұстап, татып ескерсе, дүниедегі жақсы, жаманды таниды-дағы, сондайда **білгені**, **көргені** көп адам **білімді** болады.

Адамға ғылым-білімді көбейтуге екі қару керек: бірі – пікірлеспек, екіншісі – берік сақтау.

Білімдіден шыққан сөз

Үш-ақ нәрсе адамның қасиеті:
Ыстық қайрат, нұрлы ақыл, жылы жүрек.

Абай

Берекені көктен тілеме, еткен еңбектен тіле.

Абай

28-тапсырма. Жұрнақ арқылы туынды сөз жасаңыздар.

Үлгі: үміткер, ...

Үміт, үк, үйрету, түйін, заң, бой, талап, сарап, әрлеу, салым, баспа, тәлім, зият, іс.

29-тапсырма. Берілген мәтіннен түбір мен жұрнаққа қатысты пікір айтуға негіз болатын мысалдарды тауып, талдап, түсіндіріңіздер.

Тұлғаны заман шығарады. Әрі сол уақытына сай қалыптастырады. Адам қабілеті қоғам қажетсінген күрделі жағдайды шешуге бейімделеді. Бұл өз кезеңінің тұлғаға жүктер міндеті. Жоңғар-қалмақ басқыншылығына қарсы Отан соғысы халқымыздан батырларды көп шығарды. Тіпті сол шақтағы қазақ жұртын бүтіндей батырлардан тұрады деуге де болғандай. Әлбетте, сол көп батырдың ішінде де дарасы, батырларға да батырлықтың өнегесін көрсететіндері болады. Сондай дарабоз батыр – Қабанбай. Халықта Қаракерей Қабанбай атанған – Ерасыл Қожақұлы жеке батырлықтан қолбасшылыққа дейін жеткен, ел сыйлап, жұрт сенген, қайратына халық сүйінген кісі болған.

Батыр, батыр болғанда да ештеңеден ықпайтын нағыз батыр болыпты. Замандасы Шақшақ Жәнібектен Қарақыпшақ Ерназар батыр:

– Өзіңіз білетіндердан кімнің ерлігін ерен деп санайсыз? – деп сұрапты. Сонда Жәнібек:

– Өткендегі, бергідегі қазақта Қабанбайдан артық батыр болған емес. Қабанбай – әруақты батыр. Бір өзі келе жатқанда екпінінен 400-500 адамның дүмпуі білінетін. Қабанбай қаранөпір жауға тиіскенде, кірген жағы – есік, шыққан жағы – жол болып қалушы еді, – депті.

С.Шүкірұлы

30-тапсырма. Күрделі сөз түрлеріне мысалдар тауып жазыңыздар.


Үлгі: Біріккен сөздер: Талдықорған, ...

Тіркесті сөздер: қара өлең, ...

Қысқарған сөздер: *Қаз ҰУ, ҰБТ, ...*

31-тапсырма. Дара сөздерге 10 мысал, күрделі сөздерге 10 мысал жазыңыздар. Дара сөздер мен күрделі сөздерді салыстырыңыздар.

Айырмашылығы Ұқсастығы Айырмашылығы



32-тапсырма. Берілген сөздерді қатыстырып сөз тіркесін құрастырыңыздар.

Төлқұжат, баспасөз, бағдаршам, бейнетаспа, ғаламшар, жағажай, жанкүйер, доптаяқ, қолғанат, ешқашан, кейбіреу, ақсүйек, өнеркәсіп.

33-тапсырма. Сөздерді қатыстыра отырып, сөйлем құрастырыңыздар.

Халық, кәсіп, кәсіп, ара, түстік, шет, еңбек, шек, шикі, ас, бас, әлде, сыпыра, әр, көз.

34-тапсырма. Берілген мәтіннен біріккен сөздерді табыңыздар.

...Аласа таулар Сарыарқаның әр жерінде шашырап жатыр. Солтүстік-батысында Көкшетау (Көкше 947 м.), батысында Ұлытау (1134 м.), орта тұсында Қызыларай (Ақсорақ 1565 м.), Қарқаралы (1377 м.), Кент (1361 м.), Қиыр шығысында Шыңғыстау (Қособа 1305 м.), оқшау көтеріліп тұр. Осылармен қатар айтарлықтай тау массивтерінің қатарына әр жердегі Баянауыл (1026 м.), Қоянды (922 м.), Желтау (909 м.), Ерейментау (892 м.), Нияз (830 м.), т.б. жатыр.

Сарыарқаны айдын шалқар көлдер көріктендіре түседі. Бурабай, Шортанды, Үлкен Шабақты, Кіші Шабақты, Зеренді, Торайғыр, Жасыбай, т.б. Қазақстанның аса маңызды демалыс және тарихи аймағы болып табылады.

Сонымен қорыта айтқанда, Сарыарқа атауы екі сөзден – «сары» және «арқа» сөздерінен қалыптасқандығы дау тудырмайды. Атаудың негізін құрайтын «арқа» сөзі бел ортасы көтеріңкі, екі жағына қарай аласарып, бетін қырат, жон мағынасын береді. Ал «сары» сөзі нысанның кең алқапты қамтып жатқанын айқындайды. Сонда Сарыарқа – жалпақ жон, шексіз кең жағылған қырқа мағынасын береді.

«Атаулар сыры» кітабынан

35-тапсырма. Көп нүктенің орнына тиісті қос сөзді қойып, көшіріп жазыңдар.

1. Тамшыдан ...–... дария болар *(м)*.

...–... жылқыны шұрқыратып,

2. Ойдан – қырдан арқансыз әкеп мата *(төрт түлікке арналған жыр)*.

...–.... көсем болады,

...–... шешен болады *(м)*.
3. Екі шектің бірін қатты,
Бірін ...–... жай бұра.
Нағыз қазақ – қазақ емес
Нағыз қазақ – домбыра. *(Қ.М.)*

Керекті сөздер: сәл-сәл, тама-тама, үйір-үйір, сөйлей-сөйлей, көре-көре.

36-тапсырма. Өлеңді түсініп оқып, жақсы адамда қандай қасиеттер болуы керегі жөнінде ой толғаңыздар.

Жақсы жігіт сөзіне сақ тұрады,
Қыранның қырдан байқар баласындай.
Жаманның көкірегі – көр, көзі – соқыр.
Жүрер жолдан тал түсте адасып-ай.
Жамандар – өтірікші, өсегі көп.
Ел-жұрттың іріткі салар арасына-ай.
Жалған сөзбен бықсытар ел арасын,
Жанбай қалған ағаштың шаласындай.

Сүйінбай

37-тапсырма. Газет материалдарынан қысқарған сөздерді теріп жазып, өз жандарыңыздан сөйлем құрастырыңыздар.

38-тапсырма. Төмендегі қысқарған сөздердің толық атауын жазыңыздар.

Үлгі: см – сантиметр, ...

ҚР ҰҒА, ҰБТ, АҚШ, БАҚ, БҰҰ, мм., км., пединститут, км., кг., медпункт, ҚХР, БАҚ, ҚазҰТУ.

39-тапсырма. «Мақал-мәтелдер – халық даналығы» деген тақырыпқа мәтін құрастырыңыздар.

Білімдіден шыққан сөз,
Талаптыға болсын кез.

Жаманшылық көрген жеріңнен,
Еңбекте де қаш.
Жақсылық көрген жеріңе,
Еңбекте де жет.

Өнерлі жігіт өрде озар,
Өнерсіз жігіт жер соғар,

Еңбек ерлікке жеткізер,
Ерлік елдікке жеткізер.

40-тапсырма. Мәтіндегі негізгі ойды анықтаңыздар.

Ана тілінің қызметі

Ана тілі сол тілде сөйлейтін халықпен бірге өмір сүреді және сол халықтың өкілдері үшін қарым-қатынас құралы ретінде қызмет етеді. Тілінен айырылған халық өзіне тән барлық қасиетін жоғалтып, халық болудан қалады. Тіл ана тілі атануы үшін, ол күнделікті өмірде ұдайы қолданыста болуға тиіс.

Тілдің ең негізгі, яғни бірінші қызметі – адамдардың бір-бірімен сөйлесу, бір нәрсе жайында пікір алысу үшін қызмет етуі. Екінші қызметі – адамдардың қоршаған орта жөніндегі өз ойларын тіл арқылыжеткізуі. Үшінші қызметі – адам өзінің бір нәрсе туралы көзқарасын, күйініші мен сүйінішін, жасы көру, жек көру сезімдерін тіл арқылы білдіруі.

Қазақ тілі – қазақ халқының ана тілі. Қазіргі кезде дүние жүзінде шамамен 5651 тіл бар. Сөйлеушілерінің саны жағынан алғанда қазақ тілі осы тілдердің ішінде 70-орынға ие болып отыр.

41-тапсырма. Өлеңнің соңғы жолын қалай түсінгендеріңді баяндап, өлеңнің мазмұны бойынша тілдің қызметі туралы айтыңыздар.

Ана тілім – әрекетім азығы,
Бар ғаламды тануымның қазығы.
Ой-санамның өсуінің куәсі,
Ғасырлардың кейінгіге әз үні.
Ана тілім – бәрін сөйлер шежірем,
Тілсіз нені білдіре алам, не білем?!
Тілім барда ғана мынау ғаламның
Кілтін табар саналысы сезінем.
О, адамдар, қадіріне жетіңідер,
Ана тілің – анаң, сыйлап өтіңдер.

42-тапсырма. Мәтінге тыныс белгілерін қойыңыздар. Қарамен жазылған сөйлемнің мәнін түсіндіріңіздер.

Ана тілі – халықтың өткен ұрпағын, қазіргі және келешек ұрпағын мәңгілік біріктіретін ең сенімді құрал ана тіліміз арқылы ғана біз халқымызды Отанымызды танып білеміз халық рухының сарқылмас бастауы да сонда жатыр ел-жұртымызды туған жерімізді оның өзен –көлдерін оның бораны мен найзағайын ана тіліміз арқылы ғана қабылдап соларға деген перзенттік махаббатымызды ана тілімз арқылы жеткіземіз.

(К.Д.Ушинский)

43-тапсырма. Мәтіндегі ойды түсініп, адам өміріндегі тілдің орны жайлы өз пікірлеріңізді толықтырыңыздар.

Тіл қаруы – сөз, сөз қаруы – ой. Ақылды ой, алғыр сөз – адамның ең жоғары қасиеті. Мұралардың ең қымбаты – сөз. Сөз күн шалмас қараңғы көңілді шалады, күн жылытпас суық көңілді жылытады. Асылы адам да, нәрсе де тозады, жоғалады. Асыл сөз мәңгі жасайды.

(Ғ. Мұстафин)

44-тапсырма. Әр халықтың ақын-жазушыларының пікіріндегі ортақ әңгіме не туралы сұхбат құрастырыңыздар.

Ана тілін жақсы меңгеріп алмай тұрып, өзге пәндерді түсіну мүмкін емес. Ана тілі – жүректің терең сырларын, халықтың басынан кешкен дәірлерін ұрпақтан- ұрпаққа жеткізіп, сақтап отыратын қазына. (Ж. Аймауытов.) ана тілім менің! Сен маған ризасың ба, білмеймін, бірақ менің тілегім сенсің. Сені мен мақтан етемін. (Р. Ғамзатов.) Білімділіктің ең басты факторы туған тілінде сөйлеу мен оны сыйлаудан басталады. (Г. Гегель) Туған тіл – ақыл –ой дамуының негізі және барлық білімдердің қазынасы.(К. Д. Ушинский)

45-тапсырма. Төмендегі тыйым сөздердің мағынасын түсіндіріңіздер.

1. Көп сөйлеме. 2. Сөйлеп тұрғанда есінеме. 3. Аузыңа тамақ салып алып сөйлеме. 4.Сөйлегенде тыңдап отырған серігіңе тым жақындама. 5.Даусыңды тым бәсеңдетпе, тым екпіндеп те кетпе.

46-тапсырма. Сөз мәдениеті үшін күресте не істеу керектігін мәтіндегі ойдың желісімен баяндаңыздар.

Сөз ауызекі де сөйленеді, қағазға жа жазылады. Жазылған сөз

түгел бір кітапболуы да, бір ғана әріп болуы да мүмкін. Осы сияқты ауызекі сөйлеген сөз де ұзақ бір әңгіме, не тұтас бір баяндама болуы да немесе бір-ақ ауыз сөз болып, не бір нәрсенің аты, тіпті, бір ғана дыбыс болуы да мүмкін. Осылардың бәрі де сөз бөлшектері болады. Сөз бөлшектерінәің бәрі де – бұйым.

Сөз бұйымын дұрыс жасап шығу үшін де оның жасалу жолын, материалының сыр-сипотын білу керек. Сөзді дұрыс құра удың жолын білу – жазылатын сөзге өте-мөте керек. Сөз қалай жазылған болса, солай оқылады; қаоай оқылса, солай түсініледі немесе түсініксіз күйде қалып қояды. Мұны жазған кісіден қайта сұрап алуға болмайды.

Сөзді қалай құрудың тетігін білу ауызекі сөз ушін де аса керекті. Өйткені топқа сөйленетін сөз де жазу тілі сияқты жауапты.

(Қ. Жұбанов)

47-тапсырма. Мәтіннің тақырыбын анықтаңыздар. Ойларыңды жазбаша дәлелдеңіздер.

Мен үшін ең қиыны – сөзді саралау. Бір сөзден гөрі екінші сөзді ұрымтал деп есептегенде нені басшылыққа аламын? Біріншіден, сөз ойды мейлінше дәл жеткізуі керек. Екіншіден, әуен-сазы үйлесіп тұрғаны жөн. Үшіншіден, сөздің оралымды болғаны қажет. Ең қиыны – осынау басты-басты үш талапты үндестіре қолдану.

(К. А. Федин)

48-тапсырма. Мәтіндегі негізгі ойды анықтап, мәтінге ат қойыңыздар.

Сөзден құрастырып әңгіме шығару үшін жұмсалатын зат – сөздер. Топырақтан иленіп кірпіш жасалған сияқты, дыбыстан құралып сөз жасалады. Кірпіштен қалап түрлі үй жасағаны сияқты, сөзден бірігіп түрлі әңгімелер айтылады. Үйдің түрлі болып шығуы – балшығынан, кірпішінен, әсіресе қалауынан болатыны сияқты, әңгіменің болып шығатыны – тілдің дыбысынан, сөзінен, әсіресе сөздің тізілуінен. Балшық жаман болса, кірпіші жақсы болмайды. Кірпіші жақсы болмаса, үй жақсы болып шықпайды. Бұл рас. Бірақ кірпіш жақсы болса да, қалауы жаман болса, онан жақсы үй шықпайды. Сол сияқты дыбыстың қосылуы жақсы болмаса, сөз құлаққа жағымды болып шықпайтыны рас. Бірақ тізуі жаман болса, дыбысы жақсы сөздерден де жақсы әңгіме шықпайды.

(А. Байтұрсынов.)

49-тапсырма. «Анамыздың ақ сүтімен бойымызға дарыған тіліміздің ұмыту – бүкіл ата –бабамызды, тарихымызды ұмыту» деп жазды Бауыржан Момышұлы. Бауыржан Момышұлының ойын әрі қарай жалғастырып шығарма жазыңыздар.

50-тапсырма. Мәтіннен бес сөз таңдап алып, олармен сөйлем құрастырыңыздар.

Адамның ең үлкен бақыты – оның өмір сүрген әр күні. Әр күнді қалай өткізу әркімнің өз еркінде. Сондықтан бақытыңды аялап, оны саналы түрде түсіну қажет.

51-тапсырма. Мәтіннен тура мағынадағы сөздерді тауып, қарамен жазылған сөздерге сөйлем құрастырыңыздар.

Адам үшін **күн** қандай керек болса, **ауа, су, от** та сондай қажет. Жер бетіндегі бар тіршілік осы төрт нәрсеге тәуелді.

52-тапсырма. Өз ана тіліңнің байлығы немесе жақсы қасиеті туралы айтылған өзге халық өкілдерінің пікірін тауып жазыңыздар.

53-тапсырма. Өлеңнен тіл, сөз өнерінің қандай артықшылықтары барын дәлелдеп айтыңыздар.

Өлең – сөздің патшасы, сөз сарасы,
Қиыннан қиыстырар ер данасы.
Тілге жеңіл, жүрекке жылы тиіп,
Теп-тегіс жұмыр келсін айналасы.
...Бөтен сөзбен былғанса сөз арасы,
Ол – ақынның білімсіз бейшарасы.

Өлеңге әркімнің –ақ бар таласы,
Сонда да солардың бар таңдамасы.
Іші – алтын, сырты – күміс сөз жақсысын
Қазақтың келістірер қай баласы?! (Абай)

54-тапсырма. Мәтіндегі «Жеті», «тоғыз», «он екі», «қырық» сандарының ішінен қалаған біреуіне қатысты мақалдар мен тұрақты сөз тіркестерін тауып жазыңыздар.

Қазақ халқында жеті, тоғыз, он екі, қырық сандары қасиетті, киелі деп есептелген. Мысалы, орта ғасыр алхимиктері мен

астрологтерінің жеті күнге жеті жұлдыздың атын қойып, жеті металдың (алтын, күміс, темір, сынап, қалайы, мыс, қорғасын) пайда болған күні деп, жексенбі, дүйсенбі, сейсенбі, сәрсенбі, жұма, сенбі күндеріне ат берген. Бұл күндердің ішінде әр күнге арнайы ырымдар жасаған: жолға сәрсенбі – сәтті күні шығуы немесе тойды сәрсенбі күні жасауы, жұма ауыр күн деп есептеп, жолға шықпай, садақа беріп, мешітке намаз– сәтті күні шығуы немесе тойды сәрсенбі күні жасауы, жұма ауыр күн деп есептеп, жолға шықпай, садақа беріп, мешітке намазға баруы, жеті шелпек пісіріп, өлген адамдарды еске түсіру, т.б. осы сандардың қасиетін танытады.

(С.Қалиев)

55-тапсырма. Мәтін желісі бойынша достық, жолдастық туралы өз ойларыңызды сұхбат үлгісінде тұжырымдап жазыңыздар.

1. Ғаламның шырағы – күн, адамның шырағы – білім. 2. Қалауын тапсаң, қар жанар. 3. Сөз де – кілт, көңіл құлпын ашады. 4. Қанағат - денсаулық көзі. 5. Еңбек адамның бағын ашады, спорт адамның әрін ашады. 6.Күннің шуағы жылы, ананың құшағы жылы. 7. Адал достық алтыннан қымбат. 8. Білімі бар, білігі жоқ. 9. Әмірші де анадан туады. 10. Есесі қайтпас еңбек жоқ.

56-тапсырма. Мәтіндегі адамның қандай қасиеттері жайлы айтылғанын көшіріп жазыңыздар.

1.Атадан бала туса игі, ата жолын қуса игі, бетіне келер ұятын өзі біліп жуса игі. 2.Көп баланың ішіндегі қарт бала болар, көп қарттың ішіндегі бала дана болар. 3. Білген кісі тауып айтады, білмеген кісі қауып айтады. 4. Ас қадірін білмесең, ашаршылық берер сазаңды; ат қадірін білмесең, жаяшылық берер сазаңды.

57**-тапсырма.** ***Парасатты, ынталы, қажетті*** **мамандық сөздерінің ішінен біреуін таңдап, сол бойынша шағын мәтін құрастырыңыздар.**

58-тапсырма. Тыйым сөздердің мағынасын түсіндіріңіздер.

1. Адамға саусағыңды шошайтпа. 2. Адамды санама. 3. Тамақты асығып ішпе. 4. Ас қайырмай дастархан басынан тұрма. 5. Ауруға күлме. 6. Әдепсіз болма. 7. Бас киімді айналдырып киме. 8. Босағаға сүйенбе. 9. Бір қолмен нан үзбе.

59-тапсырма. Мәтіндегі синоним сөздерді табыңыздар.

Шежіре үйрету

Бұрын балаға 7-9 жасында әкесінен бастап ағайын-туысын, нағашы жұртын, алыс-жақынды таныстыруға, ататегін, руын, ел-жұртын білдіруге ерекше көңіл бөлінген. «Жеті атасын білу» заң болған. Әкесі, атасы балаға тек жеті атасына дейінгі бабаларының атын жаттатып қана қоймай, олардың қандай адам болғанын, ел-жұрты үшін жасаған ерлігі, өнегелі істері жайында әңгіме еткен. Сол арқылы бала ата дәстүрін жалғастырса екен деген мақсат көздеген.

«Жеті атасын білген ұл жеті жұртқа жөн айтар» деген аталы сөзді арқау етіп, баласына ата тарихын жастайынан жаттатқан. Ел-жұрт тарихын білу ер-азаматты ерлікке, елдікке, Отан сүюшілікке баулитынын білген.

(С. Қалиев)

60-тапсырма. Мақалдарды оқып, мағынасын түсіндіріңіздер.

1. Анасын танымаған, Алласын танымас. 2. Баласы отынға барса, бабасы көшеге сыймас. 3. Баласы атқа мінсе, анасы тақымын қысар. 4. Әке жүрегі таудан үлкен, ана жүрегі теңізден терең. 5. Анасын сүйгеннің баласын сүй. 6. Ананың басқан жерінде бейіш бар. 7. Ана баулыған бала епті, әке баулыған бала есті.

61-тапсырма. Мәтінге ат қойыңыздар.

Қымыз киелі асқа саналады. Биенің сүтінен қымыз дайындау үшін оны саба аталатын көн ыдысқа жылы күйінде емес,и салқындаған қалпында құяды. Жылы құйса, қымызы ащы болады. Сабаға құйылған қымызды піспекпен әлсін-әлсін пісіп тұрады. Қымыз неғұрлым көп пісілсе, соғұрлым тұщы, дәмді келеді. Аз пісілген қымызда ірімтік көп болып, ішуге жағымсыз келеді.

Үйіне кірген кісіге қазақ ас татырмай жібермейді. Сондағы ұсынатыны, бар болса қымыз, ол болмаса айран, ірімшік, құрт сияқты тағамдар болған.

(С. Мұқанов)

62-тапсырма. Мәтіндегі негізгі ойға қатысты «Отан, Туған жер» туралы мақал-мәтел жазыңыздар.

Елжандылық, ерлік тақырыбын жырлағанда, Отанға, туған мекенің мен өскен ортаңа деген сүйіспеншілік жүрегіңде бірге

лүпілдеп тұрады. Бұлай болатын себебі: Ұлы Отан мен кіші отау – сенің бүкіл тағдырың, жаратылысың, жан сырың. Бұларсыз сен жоқсың. Ендеше, өзіңнің шағын отауыңа, шаңырағы биік үлкен Отаныңа, елің мен жеріңе, туған жер топырағыңа, өскен ортаңа, айнала өмірге, табиғат сұлулығына деген сүйіспеншілік пен құштарлық, адамгершілік және адамдар арасындағы қарым-қатынас, мәңгі сөнбес махаббат ақын атаулының бәріне ортақ. Сондықтан поэзияға бүтіндей тән тақырыптар екені кәміл түсінікті.

63-тапсырма. Мәтінді орыс тіліне аударыңыздар.

Дәрілік өсімдіктердің бірі – жалбыз. Ол – хош иісті, көп жылдық шөптесін өсімдік. Қазақстанда оның 9 түрі өседі. Сабағ,ы тік, жапырақтары қарама-қарсы орналасады.

Оның дала жалбызы, су жалбызы, бұйра жалбыз, кермек немесе бұрыш жалбыз секілді түрлері бар. Дала жалбызы суармалы жерлерде, өзен, көл, бұлақ маңында, шалғындар мен тоғайларда, арық бойында өседі. Оны сабынның иісін жақсарту, эфир майын алу үшін пайдаланады, дәрілік те маңызы бар.

Ал кермеке жалбыздың жапырағы мен гүл шоғынан эфир майы алынады. Оның құрамындағы ментол парфюмерия, косметика, кондитер, тіс пасталарын жасау үшін пайдаланылады. Жүрек-тамыр жүйесі ауруларына қарсы қолданылатын дәрі – валидол да дәл осы ментолдан алынады.

(«Денсаулық» журналынан)

64-тапсырма. Терминдік атауларды теріп жазып, мағынасын анықтаңыздар.

Жер серіктерінің қызметі

Ғаламшарымызды айнала ұшып жүрген Жер серіктерінің ел үшін пайдасы орасан зор. Оның түрлері де сан алуан. Мысалы, Метеорологиялық жер серігі ауа райын бақылап, өз байқауларын радио арқылы дәлме-дәл хабарлайды. Тәулігіне ғарышты бірнеше рет айналып үлгеретін ол дауыл, боран, нөсер туралы хабарды жерге жеткізіп отырады.

Ал, Байқау жер серігінің міндеті – Жердегі «тәртіпті» бақылау. Мысалы, ол жай отынан өртенген орманды байқасымен-ақ өрт сөндірушілерге хабарлайды.

Барлаушы жепр серігі геологтерге пайдалы қазыналарды іздеп

табуға көмектеседі. Әсіресе, адам аяғы жетпейтін биік тауларды, тайганы, теңіз тереңін зерттеуге оның көп көмегі тиеді. Оның түсірген суреттері бойынша жер астының қай жерінде мұнай, қай жерінде темір я тұщы кентастар бар екені анықталады.

65-тапсырма. Махмуд Қашқаридың ақыл сөздерін жаттап алыңыздар.

Кез келген іске асып-сасып, әбдіреп кіріспе. Әуелі асықпай байқап, көріп-біліп ал. Шырақ жақпақ болып шақпақ шаққанкісі әбдіреп-сасқалақтаса, шырағы құлап түсіп, сөнріп қалады.

***

Бір кісі бетіңе жылы шыраймен күліп қараса, сен де көрікті, нұрлы шыраймен, ашық жүзбен көрінгін. Тіліңді жаман, зымиян сөзден сақта. Жақсылық пен ізгілік, мейірім тілегін.

***

Білге (білгір) даналардың сөз, ақылдарын өсиет етіп қабылда. Жақсы сөзді қастерлесе, өз бойыңа, діліңе дариды.

66-тапсырма. Мәтіндегі дауысты, дауыссыз дыбыстарды ажыратыңыздар.

Адам ата-анадан туғанда, есті болмайды: естіп, көріп, ұстап, татып ескерсе, дүниедегі жақсы-жаманды таниды-дағы, сондайдан білген, көргені көп болған адам білімді болады. Естілердің айтқан сөздерін ескеріп жүрген кісі өзі де есті болады. Әрбір естілік жеке өзі іске жарамайды. Сол естілерден естіп білген жақсы нәрселерді ескерсе, жаман дегеннен сақтанса, сонда іске жарайды, сонда адам десе болады.

(Абай)

67-тапсырма. Мәтіндегі ойды тезис ретінде жазыңыздар.

Ғарышқа ұшатын зымырандардың тұрқы – тоқсан метр. Ракеталардың ең негізгі міндеті – жүкті ғарышқа жеткізу. Жүгіміз – жер серігі не жолаушылар я әуе кемесі. Жүк ауыр болғандықтан, бір ұшырғанда бірнеше ракета тіркеледі. Ракеталар бірінің үстіне бірі сатылай жалғана келе, үлкен пирамидаға ұқсаған, көп сатылы, біртұтас қуатты ракетаға айналады. Жүкті оның ең ұшар басына орналастырып, үстін шошақ төбелі «бөрік» - аппақ сүйір ұштықпен бастырады. Двигательдер ракетаның құйрық жағына орналасады. Ракетаның қалған бөлігі жанармай құйылған бактармен толтырылған.

Әр сатыдағы ракеталар төменгі жағынан бастап іске қосылады. Жанармайы жанып, бактары босағандары автоматты түрде ағытылып түсе береді. Сол жанармайдың күшімен ракетаның жылдамдығы арта түседі. Соңғы ракета жанған кезде ғарыш кемесінің қарқыны бұрынғыдан да артып, бірінші ғарыштық жылдамдыққа жетеді де, ғарыш кемесін жерді тұрақты айналатын шеңберге – отбитаға шығарады. Бұдан әрі ғарыш кемесі жалғыз ұшады.

(«Негеш» кітабынан)

68-тапсырма. Айтылуда кейінді, ілгерінді ықпал құбылысы байқалатын сөздерді көшіріп жазыңыздар.

Дүниеде не ауыр?

Бала би қартайған шағында елінің игі жақсыларымен кеңесіп отырып: «Жерден ауыр не, судан терең не, оттан ыстық не, көктен биік не?» - деп сұраған екен.

Бұған ешкім ауыз тұшырлықтай жауап бере алмапты. Сонда Бала бидің өзі былай шешіп берген екен дейді:

-Жерден ауыр дегенім – ақыл-білім.ъ

Судан терең дегенім – оқу-ғылым.

Оттан ыстық дегенім – адамның өмірі.

Көктен биік дегенім – тәкаппардың көңілі.

(«Шешендік шиырлары» кітабынан)

69-тапсырма. Қарамен жазылған сөздерді буынға бөліп жазыңыздар.

Абай – ұлы ақын, терең ойшыл, елжіреген әке, ұлы ұстаз, ұлағатты ұстаз, **әлеуметтік** қайраткер, әрі композитор. Демек, Абайда қанатты романтикалық ұшқыр **қиял**, алғыр көрегендік, тебірене толғанатын ыстық жүрек, тұп-тұнық ақыл, сана, логикалық **жүйелі,** алғыр шешендік те бар. Достарына, шәкірттеріне қандай **мейірімді** болса, дұшпандарына сонша кешірімсіз, **ымырашылдықты** білмейтін, өз сеніміне өте берік ірі тұлға.

Абай бойында саналы **тәкаппарлық,** сұлу да сындарлы сезім бар.

(А.Тоқпанов)

70-тапсырма. Көп нүктенің орнына қажетті сөздерді қою арқылы мақал –мәтелдерді қалпына келтіріп жазыңыздар.

Аға буынның білгені – іні буынға білім. Білім жолы – қиын жол. Ғылым жолының, оқу-ілімнің осындайқиындығын сезіп білген қазақ **«Оқу ...»** деп бағалаған. Өнер сияқты білім де өзінен өзі келмейді. Әрбір табыс, жеңіс сияқты білім де ерінбей еңбектенумен, тіпті ерлікпен жеңіп алуды қажет етеді. **«Оқусыз ..., білімсіз ...», «Оқи ... көкейіне ... біледі», «Білмегеніңді кісіден ..., үлкен білмесе, ...»** дейтін мақалдардың мазмұны соған саяды.

Ақыл- мінез нышаны – ата-анандан. Сондықтан да халық әр нәрсе тегіне тартады дейді. Бірақ ақыл-мінез баламен бірге туғанымен, жүре жетіледі. Дәннің өсіп-өнуітопырағына, күтіміне байланысты болатыны сияқты, бала ақыл-есінің қалыптасуы да өскен ортасына, алған тәрбиесіне байланысты. Соны байқаған халық **«Ұлың өссе – ұлы үлгілімен ..., қызың өссе – қызы үлгілімен ...»** дейді.

Ақыл көп көрумен, үлгі –өнеге алумен, оқумен толысады. Сондықтан халық **«Атың барда ... ... желіп жүріп, асың барда ... ... беріп жүріп», «Ел аралаған сыншы ..., тоғай аралаған үйші ...»** дейді.

(«Халық даналығы» кітабынан)

Тестік тапсырмалар

1. Қазақ тіліне тән дыбыстарды табыңыз.
   A) Б, В, Г, Ж.
   B) Б, Г, К, Қ.
   C) Ғ, Қ, Ң, Һ.
   D) Р, С, Ж, З.
   E) К, Қ, З, Т.

2. Сан есімді тіркесті табыңыз.
   A) Қызық кітап.
   B) Жақсы оқушы.
   C) Он екі студент.
   D) Үлкен үй.
   E) Ашық есік.

3. Қатаңнан басталып, қатаңнан аяқталған сөзді табыңыз.
   A) Арман.
   B) Қайрат.
   C) Жел.
   D) Гүл.
   E) Жаз.

4. Көмектес септігіндегі сөзді табыңыз.
   A) Ақылмен.
   B) Айгүлді.
   C) Әжеме.
   D) Ауылдан.
   E) Үйге.

5. Көп нүктенің орнына керекті әріпті қойыңыз.
Мен...ң ..н..м биыл университетке барады.
   A) Ы.
   B) О.
   C) Е.
   D) І.
   E) А.

6. Апта күндерін ретімен көрсетіңіз.
A) Бейсенбі, сейсенбі, жұма, сенбі, дүйсенбі, сәрсенбі, жексенбі.
B) Дүйсенбі, бейсенбі, жұма, сәрсенбі, сейсенбі, сенбі, жексенбі.
C) Дүйсенбі, сейсенбі, сәрсенбі, бейсенбі, жұма, сенбі, жексенбі.
D) Жексенбі, сенбі, жұма, бейсенбі, сейсенбі, дүйсенбі, сәрсенбі.
E) Жексенбі, дүйсенбі, сенбі, сәрсенбі, бейсенбі, жұма, сейсенбі.

7. Тұйық етістікті табыңыз.
A) Барды.
B) Келген.
C) Айтады.
D) Оқу.
E) Жүр.

8. Көптік жалғаулы сөзді табыңыз.
A) Үлкенге.
B) Кітабым.
C) Үйлер.
D) Өзіміз.
E) Күзде.

9. Жаз айларын көрсетіңіз.
A) Желтоқсан, қаңтар, ақпан.
B) Маусым, шілде, тамыз.
C) Наурыз, сәуір, мамыр.
D) Қыркүйек, қазан, қараша.
E) Тамыз, қыркүйек, қазан.

10. Жіктеу есімдіктерін көрсетіңіз.
A) Өз, өзіме.
B) Бұл, осы.
C) Мен, сен.
D) Кім, не.
E) Әркім, әрқашан.

11. Болымсыз етістіктерді табыңыз.
A) Барар, жүрер.
B) Күт, шық.
C) Айтпа, жазба.
D) Күледі, сөйлейді.
E) Оқыған, білген.

12. Табыс септігіндегі сөзді табыңыз.
A) Ауылға.
B) Ауылды.
C) Ауылда.
D) Ауылмен.
E) Ауылдан.

13. Амандасу ұғымы қай қатарда дұрыс көрсетілген?
A) Жолыңыз болсын!
B) Сәлеметсіз бе?
C) Қош болыңыз!
D) Жақсылық тілейміз!
E) Қайырлы таң!

14. Етістіктің өткен шақ түрін табыңыз.
A) Көмектесті.
B) Көмектесер.
C) Көмектеседі.
D) Көмектеспекші.
E) Көмектес.

15. Көп нүктенің орнына керекті сөзді қойыңыз.
Әсия ... жақсы айтады.
A) Биді.
B) Күйді.
C) Сөзді.
D) Әнді.
E) Өленді.

16. Реттік сан есімді табыңыз.
A) Бесеу.
B) Екі.

C) Төртінші.
D) Он-ондап.
E) Үштен бір.

17. Жіктік жалғаулы сөзді табыңыз.
A) Мен студентпін.
B) Әжемнің әңгімесі.
C) Он бес үй.
D) Келген балалар.
E) Озат оқушы.

18. Құрамында сын есім бар сөйлемді табыңыз.
A) Ол жұмыстан келді.
B) Бұл – біздің үй.
C) Кітапты кітапханадан алдым.
D) Маржан қызыл көйлек киді.
E) Әкем ауылда тұрады.

19. Өздік етісті табыңыз.
A) Асқар жуынды.
B) Үй жиналды.
C) Мұрат Айгүлді шақыртты.
D) Қонақтар ұзақ әңгімелесті.
E) Сен ертең кел.

20. Қоштасу ұғымы қай қатарда дұрыс көрсетілген?
A) Аман-есенсіз бе?
B) Қош келдіңіз!
C) Қайырлы күн!
D) Сау болыңыз!
E) Сәлеметсіз бе?

21. Етістікті табыңыз.
A) Адам.
B) Әрқашан.
C) Барады.
D) Екі.
E) Қызыл.

22. Қалау райлы сөйлемді табыңыз.
A) Мен барайын.
B) Менің барғым келіп тұр.
C) Ол ертең барады.
D) Мен барсам.
E) Мен кеше бардым.

23. Күрделі етістікті табыңыз.
A) Жазды.
B) Айт.
C) Оқып отыр.
D) Сөйлеймін.
E) Біледі.

24. Мезгіл үстеуді табыңыз.
A) Жоғары.
B) Әдейі.
C) Ертең.
D) Балаша.
E) Тез.

25. Дұрыс сөйлемді табыңыз.
A) Мен оқып отырмын кітап.
B) Мен кітап оқып отырмын.
C) Кітап мен оқып отырмын.
D) Оқып отырмын мен кітап.
Ақмола қаласының негізі 1830 жылы қаланды. Оның атауы 13-14 ғасырларда тұрғызылған ақ күмбезді бейітке байланысты туған. Әуелде Ақмола әскери бекініс болған, кейіннен, 1862 жылы, сол жерге қала мәртебесі берілген. 1863 жылы Ақмола округ, 1868 жылы уезд орталығына айналды. Қала Орта Азия, Сібір, Орал өңірлерін жалғастыратын керуен жолында орналасқандықтан, жедел дамып, қазақ даласындағы ірі әкімшілік, сауда, шаруашылық және мәдени орталыққа айналды. 1914 жылы қалада 3 кірпіш, 4 май өңдеу, 2 тері илеу, 1 сыра қайнату зауыттары, қасапхана, 20 шеберхана жұмыс істеді. Мәдени-ағарту орындарынан 1 реалдық, 3 жалпы білім беретін училище, ауыл шаруашылығы мектебі, медресе, 2 кітапхана болды. Қала тұрғындарының саны 1914 жылы 15 мыңға жетті.

Кеңес дәуірінде де Ақмола Орталық Қазақстанның қоғамдық-саяси, экономикалық және мәдени өмірінде үлкен орын алды. 1929 жылы қалаға алғашқы поезд келді. 1950 жылы қалада 58 өнеркәсіп орны жұмыс істеді. 1954 жылы 5 наурызда Ақмолаға тың игерушілер тиелген алғашқы эшалондар келіп тоқтады. 1956 жылы 26 желтоқсанда Тың өлкесі құрылып, Ақмола оның орталығы болды. Қаланың аты 1961 жылы 20 наурызда Целиноград болып өзгертілді. Қалада алғашқы жоғары оқу орындары – ауыл шаруашылығы институты, пединститут, инженер-құрылыс институттары ашылды. 1960-80 жылдары қалада 30 жобалау және ғылыми-зерттеу институттары ашылды. 1965 жылы Тың өлкесі таратылып, 1994 жылы қалаға ежелгі Ақмола аты қайтарылды.

Ақмоланың геосаяси тұрғыдан тиімді орналасуы, өнеркәсіптік әлеуеті, құрылыс индустриясын дамытуға қажетті базасының болуы және ірі тасымал торабына орналасуы ескеріліп, 1994 жылы ҚР Жоғары Кеңесі және 1996 жылы 6 шілдедегі Министрлер кабинеті ҚР-ның астанасын Алматыдан Ақмолаға көшіру туралы қаулылар қабылдады. 1997 жылы 20 қазанда Н. Ә. Назарбаев «Ақмола қаласын ҚР-ның астанасы деп жариялау туралы» жарлыққа қол қойды. 1998 жылы 6 мамырда Елбасының жарлығымен ҚР астанасы – Астана қаласы болып аталды, ал 20 мамырда «Қазақстан Республикасы астанасының мәртебесі туралы» ҚР-ның Заңы қабылданды. Осы жылға 10 маусымда тәуелсіз Қазақстанның жаңа Астанасының салтанатты ашылу рәсімі өтті. Астана қаласы 2 ауданға – Сарыарқа және Алматы аудандарына бөлінеді.



БӘЙТЕРЕК

Астана қаласында 2001 жылы салынған мәдениет және сәулет туындысы. Бәйтерек Астана қаласының жаңа орталығының орта тұсында орналасқан. Қазақстан астанасының Ақмолаға көшкен жылына байланысты ғимараттың биіктігі 97 метр болып белгіленген. Әсемдеп жасалған темір конструкциялардың жоғары жағында жұмыртқа бейнесіндегі шар орналастырылған. Бұл аңыз бойынша самұрықтың жұмыртқасы іспетті. Жұмыртқа байлықты, дәулетті, тыныштықты білдіреді. Өйткені самұрық құс өз дұшпандарынан сақтанып, жұмыртқасын осындай биік ағаштың басына салады екен. Осы идея Бәйтеректің дүниеге келуіне себеп болған. Қазіргі кезде Бәйтерек Астана қонақтарының міндетті түрде баратын мәдени орнына айналды. Астананың рәміздік бейнесіне айналған Бәйтерек елордада өтетін әртүрлі шаралардың, жиындардың, шығарылатын кітаптардың таңбалық белгісіне айналып отыр. «Бәйтерек» атауымен еліміздің әр түкпіріндегі нысандары аталып жүр.

Е. Тілешов



АЛМАТЫ


Алматының ресми тарихы 1854 жылдан басталады. Алматы өзенінің жағасында салынған бекініс көп ұзамай Верный деген атқа ие болған. Алайда XVI ғасырдың бірінші жартысында өмір сүрген мемлекет қайраткері, ақын Захириддин Мұхаммед Бабырдың шығармасында болашақ Алматының орнында Алмату атты ортағасырлық қала болғаны айтылады.

«Үлкен Алматы» аймағын адамдар ерте кезден-ақ игерген. X-IX ғасырларда мұнда отырықшы мекендер болған, олардың тұрғындары егіншілікпен, мал шаруашылығымен айналысқан. Қаланың сол жақ шетіндегі шағын мекенжайдан табылған қыш ыдыстардың Ферғанадан табылған ыдыстарға ұқсас болуы осы екі аймақ арасында қола дәуірінің өзінде мәдени байланыс болғанын дәлелдейді. Бұл байланыс кейініректе сақтар дәуірінде де жалғаса түсті. Ол кездерден «сақ патшалары» әулетінің аумақты обақорғандары бар. Қазіргі Алматының шығыс жағында үш қорғаннан тұратын бір топ ескерткіш сақталған. Есік қорғанынан табылған материалдар сақтартың белгілі адамдарын алтын киімдерімен, қару-жарақтарымен, асыл тастарымен қоса жерлегенін дәлелдейді. Ғұрыптық ескерткіштердің қатарына құрбандық сәкісі жатады. Соның ішінде Верный қаласының маңынан табылған, В. С. Стрельцов жариялаған «жетісулық алтарь» деп аталатын ескерткіш әйгілі болған. Ол – төрт сирақты аласа үстел. Үстелдің бет тақтайының ернеуіне қанатты барыстың 25 мүсіні салыныпты. Тағы да осындай құрбандық сәкісі Алматыда, ашылып қалған қорғаннан табылды. Ол төрт бұрышты, конус түріндегі тұғыры бар үстел. Төрт бұрышында қанатты барыс, табанының жиектеріне жеті жолбарыстың мүсіні салынған, ал ортасында екі түйенің бейнесі бар. Сақтардың өзгеше бір храмдары мен қасиетті орындарының бөлшектері, көпке белгілі «Қарғалы диадемасы» Алматы маңындағы көшпелілердің идеологиясы жөнінде білуге көп мүмкіндік туғызады.

Алматы-I қаласының орны қаланың оңтүстігіндегі «Горный гигант» колхозының жерінде орналасқан. Қала екі қатпардан тұрады, терең орлардың ішіне салынған, бұл оның қорғаныс қабілетін арттыра түскен. Жалпы топографиялық белгілеріне қарағанда, оның IX-XIII ғасырларға жататыны анықталған. Алматы-II қаласының орны Кіші Алматы өзенінің бойында, қазіргі шекара училищесі тұрған жерде болатын. Құрылыс жұмыстары кезінде бұл арадан орта ғасырлық ұстахана, дайын бұйымдар, кетпен, соқаның тісі, темір қазанның бүйірі табылған. Осы жерден балқыған металл құятын шөміш пен су құятын екі құмыра да шықты. Есентай (Весновка) қаласы Алматыдағы Ботаника бағының шеңберінде, Ремизовка мекені Әл-Фараби көшесінің жоғары жағында, Тереңқора қаласының орны Алматының солтүстігіндегі «Заря Востока» поселкасының жерінде жатыр.

Сонымен, археологиялық олжалар Алматының тарихын едәуір ұзартып, оны Шығыстың көне қалаларының қатарына қояды.

А. Мұсабекова



БУРАБАЙ

Жер шоқтығы атанған көрікті Көкшетаудың ең бір әсем, жанға шипалы өңірі. Осы төңіректегі атаулар Бурабай көлінің даңқымен көпке танымал болған. Бурабай көлі – емдік қасиетімен әрі әсем табиғатымен ерекшеленеді. Көл – теңіз деңгейінен 320,6 м биіктікте. Қыратта, тектоникалық ойыста, табиғи тұрғыда пайда болған бұл көлдің ұзындығы 4,5 км, ені 3,9 км. Едәуір терең – орташа алғанда 4,5 метрден, ең тереңі – 7 метрге дейін барады. Суы таза, тұщы, жұмсақ, тұнықтығы сондай – түбі және ондағы жәндіктер анық көрінеді. Ешқайда қосылмайтын тұйық көл болғанымен, ақторта, алабұға, сазан, табан, шортан балықтар өседі.

Қарағайлы, қайыңды орман, Көкшенің шоқылары, аңыз болған Жұмбақтас, біріне-бірі жақын жатқан Көкшетаудың сексен көлінің бір үзікті тізбегі – Шортанды, Үлкен шабақты, Кіші шабақты, Қотыркөл, Жөкей, Бурабай болып, тұтастай осы өңірге ерекше сипат береді. Мұнда дүниенің көп еліне аты мәлім Бурабай, Оқжетпес демалыс және сауықтыру орындары бар.

Бурабай демалыс орны тұрғысында 1810 жылдан мәлім бола бастаған. 1910 жылы қымызбен емдеу – сауықтыру орны ашылған. 1920 жылдан мемлекеттік маңызы бар демалыс орнына айналған. Тәуелсіз ел болғалы, іргесіне Астана келгелі Бурабай көлінің, мұндағы демалыс орындарының маңызы бұрынғыдан да арта түскен. Жақсы жол салынып, демалыс үйлері жақсартылып, қызмет көрсету жағдайы жақсартылған.

Бурабай көлі – географиялық атау болса, мұндағы сауықтыру орны Бурабай курорты деп аталады. Мекеннің тұрған жері – Ақмола облы-

сына қарасты Шортанды қаласынан 20 шақырымдай қашықтықтағы Бурабай көлінің жағасында. Абылай алаңы, Оқжетпес, Бурабай кенті, Бурабай қорымы деп аталатын тарихи-мәдени орындар бар.

С. Шүкірұлы



ҚАЗЫҒҰРТ

Еліміздің аумағындағы аңыз-әпсаналарға толы, аты көпке мәлім тарихи орындардың бірі болып саналады. Алатаудың Талас жотасының оңтүстік-батыс сілемі. Халық әдебиетінде, тарихи-мәдени зерттеулерде Қазығұрт тауы деген атаумен белгілі. Шымкент қаласынан 35 шақырымдай жерде. Ұзындығы – 20, ені – 10 шақырымдай аласа тау. Биіктігі 600 метрден 1768 метрге дейін көтеріледі. Оңтүстік беткейінде Келес өзені бар.

Жергілікті жұрт тау атын – Қазығұрт әулие деп кісі есімімен байланыстырады. Халқымыздың аңызында дүниені топан су басқанда қазіргі тіршілік иелерінің тұқымын сақтап қалған Нұх пайғамбардың кемесі осы Қазығұртқа тоқтаған екен дейді. Тауда кеменің нышаны бар. Аңыз өлеңдегі: «Қазығұрттың басында кеме қалған, Ол әулие болмаса неге қалған,» - деген сөз исі қазаққа тараған. Аңыз төрт түліктің, жалпы жер бетіндегі тіршіліктің топан судан кейінгі қайта жануын Қазығұртпен байланыстырады. Бұл туралы басқа жұрттардың да аңыздары бар. Ал бұл біздің қазақы төл аңызымыз. Әркімнің өз аңызы өзіне нанымды. Ал ғылым болса, әлі ізденісте.

С. Шүкірұлы



ҚАРАТАУ

Еліміздің оңтүстігіндегі, Тянь-Шанның сілемі болып саналатын таулы жота. Ол Талас Алатауының батысымен ұштасып, солтүстік батысқа қарай 420 километрге созылады. Бірте-бірте аласара түсіп, Сарысу мен Шу өзендерінің атырабына барып аяқталады. Таудың ені кей тұстарда 60-80 км-ге барады. Негізінен аласа, кәрі таудың ең биігі – Бессаз (2175 м). Оңтүстік батысында Сырдария, солтүстік шығысында Талас өзендері жанай ағады. Жаз айларында қар болмайды. Сондықтан да Қаратау атанған деседі.

Қаратау Оңтүстік Қазақстан және Жамбыл облыстарының аумағын қамтиды. Дені Тараз өңірінде. Қаратау – Кіші Қаратау, Оңтүстік батыс Қаратау болып екі жотаға бөлінеді. Үлкен Қаратау, Кіші Қаратау деп те атайды.

«Қаратаудың басынан көш келеді» - деп басталатын белгілі «Елім-ай» әнінің шыққан жері осы Қаратау. Батырлар жыры, аңыз-әңгімелерде айтылатын «Қараспан тауы», «Қараспанды жауға алдырып», «Қараспанды жаудырып» дегендей сөздер тегі де осы өңірден. Қаратау күй мектебі, Сүгірдің шертпе күйлері дамыған өңір. Моңғол және жоңғар, қалмақ шапқыншылықтарынан қорғану мақсатында салынған ерте заманғы «Қаратау қамалдары» деп аталатын бекініс орындарының қырық шақты ескерткіші бар. Бұған Қарақ, Қатынқамал, Қызтөккен, Әбзел, Бабай, Қарасуан, Суындық тәрізді орындар жатады. Бұлардың кейісін «Мықтың үйі» деседі. Мық – қалмақ қолбасыларының атауы дейді. «Қаратау шимайлы тастары» да – ерте мәдениеттің бір өрнегі болып саналады.

С. Шүкірұлы



ҚАРҚАРАЛЫ

Қарқаралы – тау. Сарыарқадағы ұзындығы қырық, ені жиырма бес шақырымдай жатаған тау. Биігі – Жиренсақал аталатын 1338 метрлік шоқы. Атаудың шығу тегін тау шоқыларының ұлтымыздағы қарқара деп аталатын әйел бас киімінің бітіміне ұқсастығынан деп те санайды. Алайда осы тауды мекендейтін қарқара атты құстың болуы және бас киімнің өзінің де сол құс бейнелілігі – қарқара құсқа жол бермек. Бұл Бұланды, Құланды,Маралды, Арқарлы дегендей атау.

Қарқаралы – өзен. Қарқаралы тауынан көз алатын бұлақтар мен қар суынан қорланып, 63 шақырымдай арнамен Дат көліне құяды. Үлкен Қарқаралы, Кіші Қарқаралы делініп екі саладан қосылады. Өзен атауы тау атауынан, яғни жер атауынан шыққан.

Қарқаралы – осы өңірдегі көне заманғы мекеннің орындары. Жадығаттық зерттеу жұмыстары бұларда б.з.б. 1 мың жылдықтың бас кезінде өмір сүрген адамдардың мал, егін шаруашылығымен, кен ісімен айналысқанын айғақтайды.

Қарқаралы тас мүсіндері – ғылыми жиынтық атау. Бұл VI-VIII ғасырлардағы түрік қағанаты тұсынан қалған тас мүсіндер.

Қарқаралы – қала. Патшалық Ресей заманында 1824 жылы салынған. Қарқаралы уезіндегі Қарқаралы округінің орталығы болған. 1862 жылы 18 болысты біріктірген округ халқы 60 мыңға дейін жеткен. Сол заманда Қарқаралы Орта Азия мен Қытайдан Сібірге, яғни Ресейге баратын керуен жолының үстінде болғандықтан сауда орнына айналады. Қарқаралының Қоянды жәрмеңкесінің аты шығады.

Қарқаралы 1934 жылы Қарағанды облысына қарасты Қарқаралы

ауданының орталығы болды. Қалада бірқатар тарихи-мәдени ескерткіштер бар. Солардың бірі – Қарқаралы мешіт-медресесі. Мешіт 1850-1851 жылдары, Абайдың әкесі Құнанбай Қарқаралы округінің аға сұлтаны болып тұрған кезінде (1849-1852 ж.) салынған. Соған орай Құнанбай мешіті аталып кеткен. Мешіттің жергілікті жұрттың сауатын ашып, хат танытуда, ислам дініне бойсындыруда елеулі еңбегі болған.

Жері шүйгін, сулы, нулы өңір – малға да, жанға да жайлы тұрақ. Кен байлығы да олқы емес. Қарқаралының кенді өңірінде бірнеше полиметалл, барит, темір және түрлі сирек металдар кеніштері бар.

Бұл тарихи қалада Алаш көсемдері, ұлтымыздың ардақты тұлғалары Ахмет Байтұрсынұлы, Әлихан Бөкейхановтар болған. Тарихи «Қарқаралы петициясы» осында жазылған. Ахаңның «Қош сау бол, Қарқаралы жуылмаған,» - деген өлеңі де оны патша үкіметі осында қамауға алғанда жазылған.

С. Шүкірұлы



ОТЫРАР

Сайрамда бар сансыз бап,
Отырарда отыз бап,
Баптардың бабы Арыстан бап.

Аты алты әлемге мәшһүр болған ғұлама, ғалым Әбу Нәсір әл Фараби бабамыздың кіндік қаны тамған өлке Фарабтың астанасы болған Отырар шаһарының аты мен атағы алысқа жеткен. Бабаларымыздың басынан өткен қилы-қилы заманның куәсі болған Отырар жазба деректерде Фараб, Тарбанд, Тұрарбан, Тұрар Отырар деген аттармен

кездеседі. Б.з.д. III ғасырда жазылған Заратуштра ілімінің қасиетті жазбалар жинағы «Авестада» Кангхе (кейінгі қаңлы) аталған ежелгі елдің немесе қаланың, көне түрік жазуларындағы Канғу Тарбант атауларының Отырардың арғы тарихымен ұштасып жатқандығын ғалымдар дәлелдеген.


Отырар – моңғолдың жер қайысқан қолына бағынбай, алты ай бойы алысқан қала тұрғындары мен батыр бабаларымыздың жазықсыз төгілген қаны сіңген қала. Моңғолдар талқандаған қала көп ұзамай қайта бой көтеріп, бұрынғысынша маңызды саяси орталыққа айналды. 1405 жылы Қытайға қарсы жорыққа аттанып бара жатқан Әмір Темір жолшыбай ат басын Отырарға тірегенде, кенеттен суыққа шалдығып, сол жерде қаза болған. Қазіргі кезде 20 м биік төбе болып қалған қаланың орнынан XIV ғасырдың соңы мен XV ғасырдың басында Отырарды билеген Бердібек ханның салтанатты сарай-мешітінің қалдығы ашылды. Оның топографиясы мен күрделі құрылыс жүйесі кезінде бұл жерде хандарға ғана тән зәулім сарайдың болғанын аңғартады. Күйдірілген кірпіштермен қалыңдығы бір метр етіп айналдыра қаланған төрт бұрышты сарайдың құбыла жағында үлкен мешіт, қақ ортадағы аулада терең құдық, оған қарсы шетте әртүрлі сарайлар салынған. Шамамен 12-13 м болатын құдық ішкі жағынан дөңгелентіп күйдірілген кірпіштермен өрілген. Ғалымдар Әмір Темір дәл осы сарайда дүние салған деген болжам айтып жүр.

Отырардағы тіршілік XVIII ғасырдың жартысына дейін жалғасқан. Оның саяси-әкімшілік орталық ретіндегі рөлі XVI ғасырдан бастап бәсеңдеп, керісінше орталық Түркістан қаласына қарай ауысқан. Отырарда теңге соғу кәсібі XVI ғасырға дейін жалғасса, Түркістанда XVI ғасырдан басталады. Отырарда алтын, күміс теңгелер де соғылғаны туралы деректер бар. Отырарда жасалған сырлы ыдыстар бүкіл Орта Азия қалаларына тараған. Қалада шыны ыдыстар жасайтын тамаша шеберханалар болған. Қазбадан табылған көгілдір және түрлі-түсті ыдыстар өздерінің керемет кейпімен танымалы. Олардың сапасы да өз дәуіріне сай жоғары деңгейде. Қазба кезінде табылған теңгелер көмбесі қаланың алыс шетелдермен де, көршілес халықтармен де тығыз сауда байланысы дамығанын байқатады.

Отырардың орны қазіргі Шәуілдір ауылынан солтүстікке қарай 7-8 шақырым жерде жатыр. Орталық аумағы 20 гектардан астам, биіктігі 18-20 м болатын қала қирандысы бүл күнде Отырартөбе аталады. Төбенің батыс бұрышынан қиып салынған қазба Отырардың іргесі б.з. I ғасырында қаланғандығын көрсетті.

Отырарда 2001-2004 жылдары ЮНЕСКО - Қазақстан - Жапония мемлекеттері шеңберінде «Ежелгі қала Отырарды қорғау және сақтау» деген халықаралық жоба іске асырылды. Сол жоба бойынша бұрын қазылған мешіт, монша, құмыра жасайтын шеберханалар, қала қабырғалары әрі қарай бұзылудан қорғалып, ерекше күтімге алынуда. Айтылған Бердібектің сарайы да қатырылып, көпшілік көретін тамаша тарихи нысанаға айналды. 2004 жылдан бері «Ежелгі Отырарды қалпына келтіру» бағдарламасы жүзеге асырылып жатыр. Археологтар мен қаланы жаңғыртушы мамандардың болжамдары бойынша, Отырар ортағасырлық мұражайға айналып, Қазақстанның Помпейі болуы тиіс. 2008 жылы жүргізілген қазба кезінде екі шетінде күйдірілген кірпіштерден өрілген дөңгелек мұнаралары бар қаланың бас қақпасының орны қазылды. Моңғол әскерлерінің шабуылына алты ай бойы ерік бермей тұрған қақпа осы болды. Отырардың қасында Арыстан баб кесенесі бар. Ол – қазақтың діни ғұламаларының бірі Ахмет Иассауйдің ұстазы. Түркістандағы Әзірет сұлтан кесенесіне тәу етіп келген мыңдаған мұсылман қауым алдымен сол Арыстан баб кесенесіне, сосын Отырартөбеге соғып, зиарат етіп шығады. Содан кейін барып Түркістанға, сондағы Ахмед Иассауи кесенесіне бет алады.

Д. Талеев



ТҮРКІСТАН

Есте жоқ ерте заманда «тура» тайпасы мекендеген аймақты Тұран деп атаған. Сол аймақты қазіргі түрік тектес халықтардың,

соның ішінде қазақтың арғы бабалары түрік тайпалар одағы мекендеген. Сондықтан да Түркістан қаласы мен оның маңындағы үлкен аймақты ортақ атаумен Түркістан, яғни «түрік елі» деп атаған. Әрине бұл атаумен алғашқыда анағұрлым үлкен аймақ аталған. Ортағасырлар кезінде Сырдария өзенінің ортаңғы ағысынан Қаратау тауының баурайын қамти отырып, Арал теңізіне дейін созылған аймақты Түркістан жері, Түркістан уәлаяты, Түркістан өлкесі деп әртүрлі атаған. Түркістанның құрамына Отырар, Сауран, Сығанақ, Сайрам, Яссы секілді көптеген қалалар кірген. Осы қалалар алдымен түрік бабаларымыздың, сосын қазақ халқының саяси-экономикалық, мәдени және рухани орталығы болған. Ол кездерде Түркістан қаласының аты Шауғар екен. Шауғар X ғасырдағы араб деректерінде айналасы бірнеше қатар қалың қорғаныс дуалмен қоршалған қала деп көрсетіледі. Мешіті базар алаңының шетінде орналасқан. Сол заманда қарлұқтардың құрамында болған қаланың маңында самани әулетінің қолбасшысы Насыр ибн Ахмед бастап келген жаугершілік жорыққа қарсы тұрған үлкен шайқас болады. XII ғасырда Сайрамнан шыққан діндар, шайқы Қожа Ахмет Иассауи Түркістан өңіріндегі кішкене шаһарға қоныс тепкеннен кейін, мәдени орталық сол жерге ауысты. Ал Шауғардың аты тарих сахнасынан біртіндеп түсіп қалады. Иассауи мекендеген шаһарда қылует мешіт ашылғаннан бастап мұсылман дінінің сопылық ағымының орталығына айналды. Қожа Ахмет өзінің ересек өмірін сол шаһарда өткізіп, бүкіл мұсылман халқын ынтымақ пен бірлікке шақырған тамаша діни шығармаларын сонда жазды. Шайхы қайтыс болғаннан кейін оның денесі қойылған қабірдің басына кішігірім кесене салынып, шаһарға Иассы аты берілді. XIV ғасырда Алтынорданың есі жоқ есерсоқ ханы Тоқтамыс Иассыны шауып, Ахметтің кесенесін талқандап, ішіндегі құнды да қасиетті мұраларын тонап кетеді. Бірақ көп ұзатпай оның ізімен қуып барған Әмір Темір Алтын Орданың астанасы Сарайды талқандап, оны тонаудан жинаған қазынаға Қожа Ахметтің басына зәулім кесене тұрғызады. Осы кесененің тұрғызылуына байланысты ел ішінде керемет аңыз сақталған. Сол аңыздың мазмұны мынадай: Әмір Темірдің бұйрығымен кесене құрылысы басталған күні түн ауа үлкен қара бұқа келіп жерден әжептеуір көтеріліп қалған құрылысты мүйізімен сүзіп, желкесімен соғып талқандап кетеді. Ертесіне құрылысшылар таң-тамаша болып, құрылысты қайта бастайды. Түнде өткендегі бұқа тағы келеді. Не керек алғашқы түнгі оқиға үш рет қайталанған кезде Әмір Темір

ғажайып түс көреді. Түсіне ақ сақалды, үстіне аппақ киім киген қария енеді. Ол: «Иассауидің ұстазы Арыстан баб әулие еді. Оның мазары Отырардың маңында қараусыз жатыр. Соны сезген Қожа Ахметтің әруағы ғой сендерге ескерту жасап жүрген. Әуелі Арыстан бабтың басына ескерткіш тұрғыз. Істерің содан кейін оңға басар» дейді де жоқ болып кетеді. Ертесіне бірсыпыра ойланғаннан кейін Әмір Темір Арыстан бабтың басына кесене тұрғызуды бұйырады. Содан кейін Ахмет Иассауидің мавзолейін бастапты. Ғалымдардың айтуынша Темір кесенені аяқтап үлгермеген. Дегенмен Қожа Ахметтің алғашқы кесенесінен Тоқтамыс әкеткен заттарды қайтып әкеліп орнына қойғызған да сол Әмір Темір деседі.

XV ғасырда Қожа Ахметтің кесенесін қоршай бекініс салынды. Иассы қаласы біртіндеп осы аймақтағы бүкіл мұсылмандардың киелі орны болды. Түркістан өңірінің әкімшілік орталығы Иассыға ауыса бастады. Иассы осыдан бастап Қазақ хандары мен ақсүйектерінің пантионына айналды. Саяси орталық ретінде әлсіреген Отырар мен Сауранның көпшілік тұрғындары Иассыға келіп, қоныс тепті. Қала қорғаныс құрылыстары мықты қамалға айналды. 1582 жылы өзбектің ханы Абдаллах жер қайысқан қолмен келіп, Түркістан қамалын ала алмай, кері кеткені туралы тарихшы Хафиз Таныш жазған.

XVI ғасырдың соңында Қазақ хандығының иелігіне толығымен өткен Түркістан өлкесі хандықтың саяси тірегі, мәдени-экономикалық және рухани орталығына, Түркістан қаласы оның астанасына айналды. Ғалымдардың айтуынша, бұл оқиға Есім ханның тұсында болған. Қаланың атының Түркістан болып өзгерілуі де осы тұсқа сәйкес келеді. Қазақ тарихының қаншама оқиғаларына куә болған қалада хан сайлау салтанаттары да болған. Солардың ішіндегі айтулысы 1771 жылы Абылайды қазақтың бас ханы етіп сайлау рәсімі. Бір орталыққа бағынған қазақтың қуатты мемлекетінің орталығы Түркістан қаласы рухани орын ретінде де үлкен беделге ие болды.

Алғашқы Түркістан саналатын Шауғардың қираған орны қазіргі қаладан 8 шақырым жердегі Шойтөбе қалашығы, Иассы қаласының орны Түркістанның қақ ортасындағы Күлтөбе қалашығы, XVI-XVIII ғасырлардағы Түркістанның орны қазіргі Әзірет Сұлтан (Ахмет Иассауи) кесенесінің айналасындағы құланды төбелер екендігі ғылымда мойындалған. Айтылған орындарда жүргізілген қазбалардан шыққан заттай деректер қаланың жасы 1500 жыл емес 2000 жылдан асатынын толық растайды.

Д. Талеев



ЖЕЛТОҚСАН ОҚИҒАСЫ

Республикамыздың егемендігін құрметтеу, ұлттық тіл мен мәдениеттің қарқынды дамуын қамтамасыз ету, саяси қайраткерлердің жергілікті тұрғындар арасынан жоғарылауына кедергі жасамау талаптарымен 1986 жылы желтоқсан айында Алматыдағы Республика алаңына халық жиналды. Олардың дені студенттер мен жұмысшы жастар еді. Олар орталық өкілдерін маңызды мәселелерді шешуде жергілікті билік органдарымен есептесуге шақырды. Жастар ойындағысын толық айтып қалуға тырысты. Мәскеудегі орталықтың жергілікті халықпен санаспастан Қазақстан Компартиясы ОК-нің бірінші хатшысы Д. А. Қонаевтың орнына Г. В. Колбинді тағайындауы көтерілістің басталуына түрткі болды. 17 желтоқсан күні таңертең 300-дей адам жиналған алаң кешке 20 мыңға толды.

Қазақстан астанасына ІІМ-нің арнаулы әскері жіберілді. 18 желтоқсан күні алаңға әскери училищенің бөлімдері енгізілді. Орталық комитеттің үйі қоршалды. КСРО Мемлекеттік қауіпсіздік комитеті шекара училищесінің курсанттары да әкелінді. Митингіге шыққан халықты ұстап, жазалай бастады. Олардың біразы арнаулы орындарға, тергеу изоляторларына қамалды. Көтерілісшілерге қарсы сапер күректері қолданылып, үйретілген иттер жіберілді.

Көтеріліске «қазақ ұлтшылдығының көрінісі» деген баға беріліп, оған қатысқандар қуғын-сүргінге ұшырады. 8500-ге жуық адам ұсталып, жазаланды. Желтоқсан оқиғасына қатысқандардың бірнешеуі қаза тапты. Олардың қатарында Е. Сыпатаев, С. Мұхаметжанова, Қ. Рысқұлбеков, М. Әбдікұлов, Л. Асанова сынды ержүрек қазақ жастары бар еді.

Қазақ елі өз тәуелсіздігін алғаннан кейін Желтоқсан оқиғасының барлық шындығы ашылып, ол жөнінде жинақтар, кітаптар жарық көріп, кинофильм түсірілді.



ТӘУЕЛСІЗДІК


Қазақ халқы – болмысынан еркіндікті сүйетін, кең дала төсінде табиғатпен туыстасып, еркін өмір сүрген халық. Ата-бабаларымыз сонау көне түркі заманынан XYIII ғасырдың бел ортасына дейін өз билігі өзінде болып, дербес мемлекет ретінде тіршілік етіп келді. 1731 жылы алдымен Ресейге тақау тұрған Қазақстанның батыс өңірлері, кейінірек басқа аймақтары Ресейдің бодандығына кірді. Содан бері қазақ даласын орыс отаршылдығының билеп-төстеуі басталды. Бірақ намысты ата-бабаларымыз осы отаршылдыққа қарсы сан көтеріліске шықты. Олардың ішіндегі ірісі Кенесары Қасымұлы бастаған ұлт-азаттық көтеріліс еді.

XX ғасыр басында қазақ зиялылары бастаған ұлт-азаттық көтерілісі өрістеді. Ол тарихқа «Алаш қозғалысы» деген атпен енді. Ә. Бөкейхан, А. Байтұрсынұлы, Х. Досмұхамедұлы, Ж. Досмұхамедұлы, М. Дулатов, Ә. Ермеков, М. Тынышбаев, М. Шоқай т.б. ұлы қайраткерлер 1917 жылы шілде, желтоқсан айларында өткен жалпықазақ сиездерінде «Алаш» партиясын және Алаш автономиясын құрды. Кеңес үкіметінің орнауы бұл шын мәніндегі мемлекеттік құрылымның қалыптасуына мүмкіндік бермеді. Сөйтіп халқымыз кеңес үкіметінің құрамында алдымен автономия (1920), кейінірек одақтас республика (1936) болып енді.

Өткен ғасырдың соңына таман кеңес үкіметі ыдырап, соның нәтижесінде 1991 жылы қазақ елі ғасырлар бойы аңсаған тәуелсіздікке қол жеткізді. Осы жылдың 25 қазанында тәуелсіздің жөніндегі декларация қабылданды, ал 16 желтоқсанда Қазақстан тәуелсіздігін жариялады. Тәуелсіздікті нығайту, оны әлемдік қауымдастыққа

мойындату үшін Қазақстан Республикасының тұңғыш президенті Н. Назарбаев үлкен еңбек сіңірді.

Әр ұлт үшін тәуелсіз ел болу ұлы арман. Дүние жүзінде алты мыңға жуық ұлттар мен ұлыстар бар екен. Солардың ішінде екі жүздей ұлт қана тәуелсіз мемлекет болып отыр. Бұл үлкен ұлттар, егемендік бақыты бұйырған халықтар. Сондықтан тәуелсіздік әрбір азаматқа қымбат болуы тиіс. Еліміз жерінің аумағы жағынан бүкіл әлемде тоғызыншы орын алса, қазақ халқы саны жағынан шамамен жетпісінші орындарда. Бұл халқымыздың дүниедегі үлкен ұлттардың бірі екендігін көрсетеді. Тәуелсіздіктің арқасында біз өз саясатымызды еркін жүргізіп, мемлекет мүддесіне орай саяси, халықаралық, экономикалық байланыстарымызды дамыту үстіндеміз. Қазақ жерінің байлығы, мол табиғи ресурстары еліміздің әлеуметтік өркендеуіне бастап келеді. Осының бәрі тәуелсіздік тұсында қол жеткен табыстар.


Мавзолей Ходжа Ахмета Яссави (г. Туркестан)

ҚОЖА АХМЕТ ИАССАУИ КЕСЕНЕСІ

Қожа Ахмет Иасауи кесенесі – ортағасырлық сәулет өнері ескерткіші. 1396-1399 жылдары Әмір Темірдің бұйрығымен Түркістан қаласында Қожа Ахмет Иасауи қабірінің басына тұрғызылған. Қожа Ахмет Иасауи кесенесі – үлкен порталды-күмбезді мемориалдық құрылыс. Архитектуралық жергілікті дәстүрді жете меңгерген парсылық шеберлердің жобасы құрылысқа негіз етіп алынған. Кесене оңтүстік-шығыстан солтүстік-батысқа қарай созылып жатыр. Ені – 46,5 м, ұзындығы – 65 м. Күйдірілген шаршы кірпіштен өрілген. Кесене жобасының ерекшелігі – онда Орталық Азия сәулет өнерінде бұрын-соңды ұшыраспаған шатыр жабу тәсілдері қолданылған. Ескерткіште күмбезді, аркалы элемент-

тер мол. Сәулетші-шеберлер тек аркалы күмбезді жүйенің өзіне сан түрлі әдістерді қолданған. Кесенеде аса үлкен портал (ені – 50 м-ге жуық, порталдық арканың ұзындығы – 18,2 м), бірнеше күмбез, 35 бөлме бар. Ғимараттың биіктігі – 37,5 м. Сыртқы қабырғалардың қалыңдығы – 1,8-2 м, қазандық қабырғаларының қалыңдығы – 3 м. Қожа Ахмет Иасауи кесенесі мешіт, медресе қызметін де атқарған. Кесененің үш қабырғасының үстіңгі жағымен өтетін эпиграфтық фризде Құран Кәрім сүрелері мен аяттары жазылған. Жазулар көгілдір қышпен өрнектелген. Жазулардан «Алла», «Мұхаммед», «О, жарылқаушы», «Билік Аллада», «Алла менің әміршім», «һижраның 800 жылы» деген сөздерді оқуға болады. Қоладан соғылып, алтын, күміс жалатылған есік тұтқалары мен алты шырағдан да сәулет өнерінің інжу-маржандарының қатарына жатады. Бұларда оны жасаушы исфаһандық шебер Тадж әд-Дин Изеддиннің есімі жазылған. Қола шырағдандағы жазулар һижраның 799 жылдың 20-рамазанында жасалғандығын көрсетеді. Бүкіл құрылыстың мағыналық кіндігі – қабірхана ортасында Қожа Ахмет Иасауиге құлпытас қойылған. Қабірхана есігі жұқа темірмен қапталып, оған алтынмен жазулар түсірілген. Кесене мешітінің 16 терезесі, қос қабат күмбезі бар. Мешіттің батыс жақ кабырғасына Меккедегі Қағба іспетті 3,5-2,5 метрлік мозаикалық михраб орнатылған. Кесененің оңтүстік-батыс жағындағы Аллаға құлшылық етуге арналған жер асты ғибадатханалары Иасауидің тірі кезінде жасалып, кейін қайта жаңғыртылған. XVI ғасырдан кесенеде және оның төңірегінде қазақ халқының атақты адамдары (Жолбарыс хан, Есім хан, Абылай хан, Қаз дауысты Қазыбек би, Жәнібек батыр, т.б.) жерлене бастады. XIX ғасырдың алғашқы ширегінде Қоқан билеушілері кесенеге жөндеу жұмыстарын жүргізіп, оның төңірегіне қамал-бекіністер салуды қолға алды. 1864 жылы Түркістан қаласын жаулап алған Ресей отаршылары зеңбірекпен атып, кесененің 11 тұсына зақым келтірген. XIX ғасырдың соңына қарай Қожа Ахмет Иасауи кесенесі тарихи-мәдени мұра ретінде ғылыми тұрғыдан зерттеле бастады. 1978 жылы қыркүйекте Қожа Ахмет Иасауи республикалық мұражайы ашылды. 1989 жылы 28 тамызда ҚР Үкіметінің шешімімен «Әзірет Сұлтан қорық-мұражайы» ұйымдастырылды. Түркия елімен арадағы келісім бойынша жүргізілген ғимаратты қалпына келтіру жұмыстары 2000 жылы аяқталды. 2003 жылы маусымда Парижде өткен ЮНЕСКО-ның 27-сессиясында Қожа Ахмет Иасауи кесенесі дүниежүзілік мәдени мұралар тізіміне енгізілді.

Ж. Әскербекқызы



АРЫСТАН БАБ КЕСЕНЕСІ

Көне Отырар жеріндегі сәулет өнері ескерткіші. Түркістан жерін мекендеуші халықтардың арасында мұсылман дінін таратушы Қожа Ахмет Иасауидің ұстазы болған, есімі Отырар, Сайрам, Иасы өңіріндегі сопылардың рухани ұстазы ретінде кеңінен жайылған Арыстан баб ата қабірінің басына салынған.

Аңыз бойынша, Арыстан баб өте ұзақ жасаған екен. Алты жүз жасаған шағында Хз. Мұхаммед ғ.с. мен кездеседі. Оған дейін бұл кездесудің таудың арасында болатыны туралы түсінде әулиелер аян береді. Пайғамбар сол кездесуде Арыстан бабқа «алты жүз жылдан кейін өмірге Қожа Ахмет атты бір данышпан келеді, соған мына құрманың дәнін сен апарып бересің», - деп дәнді аманаттайды. Арыстан баб құрманың дәнін тілінің астында сақтайды. Аманатты табыс еткенде, бала Қожа Ахмет ол дәнді жұтып қояды. Арыстан баб балаға «Алты жүз жыл сақтағанда маған дәм татырмадың», - деп ренжиді. Сонда «Алты жүз жыл дәмін сорып, маған құр сүйегін ғана қалдырдың ғой», - депті Қожа Ахмет. Халық Арыстан бабқа әулие деп сыйынған. Сондықтан зиярат етушілер бейсенбі сайын әулие басына түнеп, ғибадат етеді. Ел арасында «Арыстан бабқа түне, Қожа Ахметтен тіле» деген ұлағатты сөз бар. Сондай ақ «Сайрамда бар сансыз баб, Отырарда отыз баб, Түркістанда түмен баб, ең үлкені – Арыстан баб» делінеді.

Арыстан баб кесенесі дәлізхана, мешіт, құжырахана, азан шақыратын мұнара сияқты жеке бөлмелерден құралған. Кешеннің ең көне бөлігі қабірхана болуы тиіс. Қазір де оның едені басқа

бөлмелермен салыстырғанда едәуір биік. Қабір үстіне алғашқы белгі XII ғасыр шамасында салынған. Мазар XIV ғасырда қайта жөнделген. Осыған орай ел арасына тараған мынадай аңыз бар: «Қожа Ахмет кесенесінің қабырғалары қаланып болған түні алып жасыл өгіз келіп, дуалдарды мүйізімен соғып, құлатып кетеді. Ғимараттың қабырғасы қайта тұрғызылып, күмбездері қалана бастағанда осы оқиға тағы қайталанып, құрылыс үйілген төбеге айналады. Бұл жай Әмір Темірді көп ойландырады. Бір күні түсіне ақ киімді шал еніп, ол Қожа Ахметтің алғашқы ұстазы Арыстан бабтың қабірінің үстіне мазар сал деп кеңес береді. Осы кеңес орындалған соң ғана, Әмір Темір Түркістандағы Қожа Ахмет Иассауи кесенесі құрылысын ойдағыдай аяқтапты». Арыстан баб пен Қожа Ахмет Иасауи кесенесінің арасы алпыс шақырым екен. Бұл – Арыстан бабтың аттаған алты адымы екен дейді аңыз.

Арыстан баб кесенесі XX ғасырдың басында жергілікті халықтың қаражатымен күйдірілген кірпіштен (ауданы – 35 х 12 м, биіктігі – 12 м,) бұрынғы Меккеге қараған есігі Түркістанға, Әзірет Сұлтанға бағытталып, солтүстік жағы кесене, оңтүстік жағы мешіт есебінде қайта жөнделеді. Дәліз-қақпа маңдайшасына мәрмәр тақта қаланып, бетіне hижра бойынша 1327 жыл, яғни соңғы құрылыс жүрген уақыт деп көрсетілген. Кесене мемлекеттің қорғауына алынған.

Ж. Әскербекқызы



АЙША БИБІ КЕСЕНЕСІ

Айша бибі кесенесі – XII ғасырда салынған сәулет өнері ескерткіші. Жамбыл облысы Жамбыл ауданы Айша бибі ауылында орналасқан.

Айша бибі – тарихтан белгілі Қараханның әйелі. Күмбезді сол Қарахан салдырған. Бірақ кесенені салдырған сәулетші туралы нақты дерек жоқ. Пішіні шаршыланып біткен, ауданы – 7,6 х 7,6 м, бұрыштар бағана-тіреулер арқылы көтерілген. Кесене ортасында 3 х 1,4 м құлпытас орнатылған. Батыс жақ қабырға мен бағаналар оюлы ұсақ плиткалармен қапталған. Қабырғаның ортасында сүйір аркалы текше жасалған. Текше бетінің қабырғаға ұласар тұсы шағын бағаналармен сәнделген. Бұл бағаналардың жоғарғы жағы көгеріс өрнекпен әшекейленген мығым блок болып келеді. Бұрыштағы бағаналар көгеріс өрнекті жұқа кірпішпен өрілген белдеу арқылы әсемделген. Айша бибі кесенесінің іргетасынан бастап есептегенде 3,4 м биіктікте бағаналарға араб әрпінде жазуы бар белдеу жүргізілген. Солардың бірінде «күз, бұлттар, дөңгеленген дүние...» деген сөздер араб әрпімен жазылған. Кесене қабырғаларының қалыңдығы – 80 см. Ол үш бөліктен: күйдірілген кірпіштен қаланған ішкі жағынан, оймыш әшекейлі плиталармен қапталған сыртқы жағынан, сонымен бірге саз балшықпен және жарамсыз плиткалардың сынықтарымен толтырылған қабырға ортасындағы кеңістіктен тұрады. Қабырғалар мен бағаналар беріктігін арттыру үшін қабырғаның ішкі жағына арша ағашынан арқалық қойылған. Кесене қабырғаларының сыртқы беті артқы жағындағы сыналармен бекітілген оймыш ұсақ плиталар арқылы безендірілген. Ұсақ плиталардың шырмауық өрнегіне 60 түрлі әшекей қолданылған. Қашаумен үңгіп жасалған бұл оюлар бір-бірімен қиюласып, кесененің мақсатына лайық сәулеттік сипат, композициялық шешім тапқан. Кесене құрылысынан Темір дәуіріндегі сәулет өнерінде үлкен орын алған порталды-тақталы дәстүр айқын аңғарылады. Қазақ жобалау-қалпына келтіру институты Айша бибі кесенесін жөндеу жұмысының жобасын жасап, Тараздағы шеберхана ескерткішті қалпына келтірді. Айша бибі кесенесі республикалық маңызы бар тарих және мәдениет ескерткіштерінің тізіміне енгізіліп, мемлекет қорғауына алынған.

Ж. Әскербекқызы



БЕКЕТ АТА ЕСКЕРТКІШ ҒИМАРАТТАРЫ

Бекет ата ескерткіш ғимараттары – Маңғыстау, Үстірт, Жем бойындағы Бекет Ата есімімен байланысты жер асты ғимараттарының ортақ атауы. Олар туралы халық жадында сан алуан аңыздар сақталған.

Бекет Ата Мырзағұлұлы (1750-1813) – әулие, халық батыры, абыз көреген, ағартушы, сәулетші. Туып, өскен жері Жем өзені бойындағы Ақмешіт Құлжан, Маңғыстау өңірі. Бекет Атаның білімдарлық, батырлық, әділдік, еңбексүйгіштік, абыз көріпкелдік қасиеттері өз дәуірінде ерекше танылған. Халық оны айрықша қадірлеп, әулие тұтқан. Адайлар өзінің ұранына айналдырған. Халық Бекет Атаның өмірін, қысылғанға жар болған ерекше қасиетін, әулиелігін ықыласпен әңгімелеп, ұрпақтан ұрпаққа ұластырған.

XIX ғасырда Үстіртті зерттеген топограф Э. Эверсман, А. Дюгамель сияқты ғалымдар сол аңыз-әңгімелердің негізінде жинаған деректерін жазып қалдырған. Эверсман: «Үстірттегі таудан үңгіп жасалған мешіттер араб, парсы жазуларымен безендірілген. Мұндай ескерткішті Бекет Ата төрт жерден жасаған. Оның бірі Маңғыстаудан қашық емес, Оғыландыда, екіншісі Бейнеуде, үшіншісі Жем бойында, төртіншісі Арал жағасындағы Баялыда» дейді. Бекет Ата бұл мешіт-медреселерде құдайға құлшылық еткен, бала оқытқан. Бекет Ата ескерткішінің бірі, Эверсманның дерегіне сәйкес, Жем өзені бойындағы Ақмешітте, Атырау облысы Құлсары кентінен 65 шақырым жерде. Әктасты жартасқа қоржын там етіп ойып жасалған шағын ғимарат. Оның басына кейін қос кесене тұрғызылған. Екіншісі – Ескі Бейнеуде, ұлутасты шатқалға қашалған. Бөлмелері құлап,

үгітіліп, байырғы қалпын жоғалта бастаған. Баялыдағы ескерткіш-ғимараттың жай-күйі мәлім емес. Бекет Атаның Оғыландыдағы жер асты ғимараты жақсы сақталған. Оңтүстік Үстірттің Маңғыстау ойысына тірелген бір тұмсығының үзіліп қалған шоқысына қашалған. Үш-төрт қанат киіз үй көлеміндей үш бөлме. Бекет ата мүрдесі осы бөлмелердің бірінің іргесіне қашап орналастырылған. Немересі Мұрынның мүрдесі де осы бөлмеге қойылған. Кіре беріс бөлмеден жоғары шығатын есік арқылы жоғары бөлмеге баруға болады. Онда Бекет Атаның қызы жерленген. Жер асты ғимараты маңында кезінде Бекет Ата пайдаланған бұлақтар, құдықтар бар. Қыр басынан ғимаратқа дейін қиялап түсетін жалғызаяқ тастақ жол сақталған. Жаз күндерінде төменгі жағындағы Түркіменстанға қарай созылып жатқан ойпат арқылы қатысқан. Ел жадында қалған әңгімелерде Жем бойындағы Ақмешітте Бекет Ата бала кезінде, Бейнеуде жігіт шағында, Баялыда елдің көші-қон уақыттарында болған. Өмірінің соңғы жылдарының көбін Оғыландыда өткізген. Хорезмдегі Бақыржан қажыдан білім алғаннан кейін-ақ Оғыландыға келген. Бірақ бұл мекенге қай жылдары орныққаны мәлім емес.

Бекет Ата ескерткіштері – оның дарынды сәулеткерлігінің, биік талғамының куәсі.

Ж. Әскербекқызы



ТӨЛЕ БИ
(1663 – 1756)

Төле би – қазақ тарихында аса маңызды іс-әрекеттерімен бағаланатын атақты шешен, ірі қоғам және мемлекет қайраткері, қазақ халқының бірлігін қалыптастырып, нығайтуға зор үлес қосқан әйгілі үш бидің бірі. Он бес жасынан ел билігіне араласқан, ақыл-парасаттылығы, әділ шешімі, шешендік өнерімен ерекше көзге түскен. Атақты Қаз дауысты Қазыбек, Әйтеке билермен бірге Тәукені хан етіп сайлауға қатысады. Үш жүздің ұлықтарын бір орталыққа бағындыруға, бірегей қазақ хандығын нығайтуға атсалысады. Жоңғар шапқыншылығына қарсы туыстас қазақ, қарақалпақ және өзбек халықтарының жауынгерлік

одағын құруға бағытталған іс-шараларды жүзеге асыруға белсене араласады. Әсіресе Қазыбек би, Әйтеке бимен бірлесе отырып, қазақ халқының дәстүрлі әдет-ғұрып заңдарының жинағы болып табылатын «Жеті жарғының» қабылдануына атсалысуы ұлттық заңнама тарихымыздағы аса маңызды шаралардың бірі болып қалды. Қазақ тарихында ең бір ауыр кезеңде ел басшысы болған, екі жағындағы алып империялар Ресей, Қытай секілді алпауыт мемлекеттермен өз халқы үшін оңтайлы саясат жүргізген Абылай ханды тәрбиелеп, азамат қатарына қосуда Төле би зор еңбек сіңірген.

Ішкі және сыртқы саясатта сара бағыт ұстанған Төле бидің әділ, шыншыл, даналығы мол, ойлы тұлға екендігі жөнінде көп әңгімелер ел ішіне кең тарап, сақталған.

1748 жылы орыс сауда керуені тоналғанда бұған кінәлі болған өз туысы Қойгелді батырды билер алқасына шақыртып алып, оған керуен шығынын жұрт көзінше төлеттіреді. Тағы бір мысал, 1748 жылы Әбілқайыр хан қаза тапқанда оның баласы Ералы сұлтан әкесінің құнын даулап Төле биге шағымданады. Төле би Әбілқайырдың өлімі үшін Жеті жарғы заңына сәйкес айыпкерлер жеті құн төлеуі керек деген шешім шығарады. Төле би Әбілқайыр ханның өлімі үшін жеті адамның құнын кескенде де, туысы Қойгелді батырға тоналған орыс сауда керуенінің шығынына екі мың жылқы төлеуге шешім шығарғанда да елдің елдігін бұзбауды, әлі келгенше халықтың тыныштығын, тұтастығын сақтауды көздейді. Оның артына қалдырған көптеген өсиет сөздері ұрпаққа адаспайтын жол көрсетіп, жөн-жоба сілтейтін терең ойлы мағынаға толы.

Шешендігі мен даналығы, әділдігі мен парасаттылығы ұштасқан Төле бидің «Көпті қорлаған көмусіз қалады», «Хан азса халқын сатады, халық азса хандыққа таласады» т.б. осы тәріздес өсиет сөздерінде бүгінгі күнде де басшылыққа алатын, көңілге түйетін мәні зор ойлар жатқаны айқын көрініп тұр.

Төле би халық арасында «Қарлығаш әулие», «Қарлығаш би» деген атпен де танымал. Бұлай аталуы туралы да аңыз сақталған. Құрманғазы секілді Төле бидің сүйегі де өзге мемлекетте Өзбекстан астанасында жатыр. XIX ғасырдың 20-жылдарына дейін Ташкент қазақтың жері болғаны белгілі. Ұлы би өмірінің соңғы жылдарында Ташкентте тұрып, ел басқарған.

Қ. Алпысбаев



ҚАЗ ДАУЫСТЫ ҚАЗЫБЕК БИ (1665-1765)

Қазаққа ғана емес, жоңғар мен қалмаққа да, қытай мен орысқа да аты мәлім, ел мүддесі жолындағы күресте айтулы еңбегі сіңген қайраткер – Қазыбек Келдібекұлы. Жастайынан шешендігімен орынды төрелік жасай білгендігінен Бала би аталып, кейін қаздың қаңқылына үндес қоңыр дауысына қарай Қаз дауысты Қазыбек би атанған.

Тәуке хан тұсында Орта жүздің биі болып, иісі қазаққа ортақ заңға айналған «Жеті жарғыны» жасасқан. Сәмеке, Әбілмәмбет, Абылай хандар тұсында да тура жолдан таймай, әділдікті ту еткен жоңғар-қазақ соғысында тұтастай Отан соғысын ұйымдастыруда іскерлікпен басшылық ісіне араласқан, аса қабілетті, айбынды кісі болған. Руаралық, жүзаралық хан-сұлтандар тартысы һәм халықаралық маңызды шиеленістер мен келісімдер Қазыбек бидің кесіміне тіреліп отырған.

1763 жылдың 11 наурызында жазылған Қазыбек би туралы Фрауендорофтың Ресей Сыртқы істер алқасына мәлімхатында: «Өйткені Арғынның ішіндегі ең күштісі – Қаракесек ұлысы. Оның барлық билігі Қазыбек бидің қолында. Қазыбек би бүкіл Орта жүзде ең басты би болып табылады. Оған Әбілмәмбет ханның өзі, сондай-ақ Абылай сұлтан, басқа да ұлыстардың сұлтандары мен ел ағалары жыл сайын келіп, әртүрлі кеңестер алады, тіпті Қазыбек бидің келісімінсіз Орта жүзде бірде-бір маңызды мәселе шешілмейді екен», - деп жазылған («Абылай хан» Өмірі мен қызметіне қатысты құжаттар мен материалдар. Астана баспасы – 2005. 350 бет).

Ел аузында, халық әдебиетінде Қаз дауысы Қазыбек бидің шешендік сөздері мен билік кесімдері кең таралған. Жазба әдебиетке түскен сөздері де мол. Тарихи мұрағаттық құжаттарда, Қытай, Ресей жазбаларында көп деректер сақталған.

С. Шүкірұлы



ӘЙТЕКЕ БИ
(1683-1739)

Қазақ халқының бірлігін нығайтуға үлес қосқан атақты үш бидің бірі, мемлекет қайраткері – Әйтеке Байбекұлы. Ол – жаратылысында әйгілі адам: Әмір Темірдің бас кеңесшісі болған Ораз қажының бесінші ұрпағы, бүкіл парсы, өзбек, қырғыз, қазақ халқы «жаны пәк жан» деп атаған Сейітқұл әулиенің үшінші ұрпағы. Әйтеке Байбекұлы – Қоқан ханы Ақшаның немересі, Жалаңтөс баһадүрдің немере туысы.

1644 жылы 23 наурызда Өзбекстанның Қазбибі тауында, Қызылша ауылында дүниеге келген Әйтеке бес жасында ауыл молдасынан сауат ашқан. Шешендік қасиеті әкесі Байбек пен Қосуақ бидің ықпалынан болған. Жеті жасынан бастап Әйтекені аталары Ақша хан мен Жалаңтөс баһадүр өз тәрбиелеріне алады. Ол Самарқандағы Ұлықбек медресесінде оқып, оны бітірген соң, ел басқару ісіне араласады. Тілге шешен, істе шебер Әйтеке 21 жасында бүкіл Бұхара мен Самарқан төңірегіндегі қазақ, өзбек, қарақалпақ құрама жұртының бас биі болады. 25 жасында барша Кіші жүз халқы оны бас би етіп сайлайды. Әйтекенің атсалысуымен 1680 жылы Салқам Жәңгірдің кіші баласы Тәуке хан болып сайланады да, ол шешенді ресми түрде айрықша құқылы «Хан кеңесінің» мүшесі жасайды. Осы кезде жаңа заң үлгісіндегі «Жеті жарғы» қабылданады.

Әйтеке шешен «қара қылды қақ жарған әділ» ғана емес, жоңғарлармен ұрыстарда қол бастаған батыр да болған. 1685 жылы Нұрата маңына шабуыл жасаған Қалдан Бошақтының он мың жасағына бес мың қол әскерімен қарсы аттанған. Қырғын соғыс бір күнге созылады. Әйтекеге Самарқаннан, Бұқарадан қалың әскер көмекке келе жатыр деген қауесетті естіп, Қалдан Бошақты Сайрам төңірегіне шегініп кетеді. Сайрам талқандалып, ендігі жиын Күлтөбеде емес, Түркістанда өтетін болады.

Қазақ сахарасына көз тіккен көрші елдерден қауіптенген Әйтеке 1698-1699 жылдары жиында бірнеше ұтымды ұсыныстар жасайды: шекара аймақтарында өз жасақтарымызды ұстау; қару-жарақты көптеп сатып алу және оған қаражатты ауқатты адамдардан жинау;

қазақ жасағын басқаратын қолбасшының қарадан шыққан шешен, көсем, батыр және елшілік жұмысты жақсы білетін адам болуы және оны Ресей, Қытай, Түркия немесе Еуропа елдерінің бірінде оқытып алу. Бұл Әйтекенің мемлекеттік саяси мәселелердегі көрегендігін көрсеткен еді. Әйтекенің бұл ұсынысын Төле, Қазыбек сынды ел басқарған билер қолдайды да, мол шығынды ауырсынған байлар қолдамайды.

Ел аузында Әйтеке би айтқан билік, шешендік сөздер, толғаулар мен баталар, ол туралы аңыз-әңгімелер, жырлар көп сақталған. Соның бірі – «Әйтеке би» атты ұзақ дастан.

Әйтеке би 1700 жылы Өзбекстанның Нұрата ауданы Сейітқұл қорымында қайтыс болады. Ақтөбе облысының бұрынғы Қарабұтақ және Комсомол аудандары біріктіріліп, қазір «Әйтеке ауданы» деп аталады.

А. Мұсабекова



ҚАБАНБАЙ БАТЫР
(1692-1770)

Тұлғаны заман шығарады. Әрі сол уақытына сай қалыптастырады. Адам қабілеті қоғам қажетсінген күрделі жағдайды шешуге бейімделеді. Бұл өз кезеңінің тұлғаға жүктер міндеті. Жоңғар-қалмақ басқыншылығына қарсы Отан соғысы халқымыздан батырларды көп шығарды. Тіпті сол шақтағы қазақ жұртын бүтіндей батырлардан тұрады деуге де болғандай. Әлбетте, сол көп батырдың ішінде де дарасы, батырларға да батырлықтың өнегесін көрсететіндері болады. Сондай дарабоз батыр – Қабанбай. Халықта Қаракерей Қабанбай атанған – Ерасыл Қожақұлы жеке батырлықтан қолбасшылыққа дейін жеткен, ел сыйлап, жұрт сенген, қайратына халық сүйінген кісі болған.

Батыр, батыр болғанда да ештеңеден ықпайтын нағыз батыр болыпты. Замандасы Шақшақ Жәнібектен Қарақыпшақ Ерназар батыр:

- Өзіңіз білетінде кімнің ерлігін ерен деп санайсыз? – деп сұрапты. Сонда Жәнібек:

- Өткендегі, бергідегі қазақта Қабанбайдан артық батыр болған емес. Қабанбай – әруақты батыр. Бір өзі келе жатқанда екпінінен 400-

500 адамның дүмпуі білінетін. Қабанбай қаранөпір жауға тиіскенде, кірген жағы – есік, шыққан жағы – жол болып қалушы еді, - депті.

Қаракерей Қабанбай батыр туралы халық әдебиетінде сол заманнан бері талай ақын жырлаған толғау, дастан, өлеңдер аз емес. Ғылыми зерттеу жазба әдебиеттен де өз орнын алған тұлға. Батырдың тұтастай толық бейнесі жасалған шығарма – Қабдеш Жұмаділовтың «Дарабоз» романы. Астана қаласы іргесінде батырға арналып салынған кешенді ескерткіш тарихи-мәдени орындардың біріне айналып отыр.

С. Шүкірұлы



РАЙЫМБЕК
(1705-1785)

Райымбек – елін, жерін жоңғар шапқыншыларынан азат етуде көрсеткен батырлығы мен ерлік істері аңызға айналған тұлғалардың бірі. Оның жасаған ерліктері халық жадында жатталып, ауыздан ауызға көшіп, ұрпақтан ұрпаққа ауысып, қазақтың қас батырлары Қаракерей Қабанбай, Қанжығалы Бөгенбай, Шақшақұлы Жәнібек, Шапырашты Наурызбай секілді ғасырлар бойы есімі ерекше аталып келеді.

Айтушылардың бүгінге жеткізген әңгімелеріне қарағанда, Райымбектің нағашысы Жалайыр Орақ батыр болса керек. Ал өз әкесі Түкенің батырлығы болмағанмен атасы, яғни Түкенің әкесі Қангелді әйгілі батыр, ел басшыларының бірі болған. Осы тұрғыдан келгенде Рйымбекке батырлық өз атасынан да, нағашы жағынан да дарыған.

Райымбектің жас кезінен-ақ көріне бастаған болашақ батырға тән ерекше іс-әрекеті мен әулиелік қасиетін сипаттайтын аңызбен аттасқан әңгімелердің бір парасы мынадай: Райымбек үш жасында ат басын алып жүреді, бес жасқа келгенде өзі ат ұстап мініп, жылқы айдайды. Жеті жасында жігіт ретінде жылқы бағуға жарайды. Болашақ батыр жеті жасқа келгенде нағашы атасы бір көк тай, садақ, айбалта, қылыш, найза, қалқан, сауыт, болат семсер даярлап алып келіп, Қангелді батырға тапсырады. «Менің жиенім Райымбек өсіп жігіт болады, ел қорғау үшін жорыққа аттанады. Сонда мінетін аты, асынатын құралдары» депті. Сол сәттен бастап Райымбек көк

тайды иемденіп, оны өзі айтқанын ұқтыруға, түрлі жағдайға икемдеп дағдыландырып үйрете бастайды. Өзі он бес жастан асқанша садақ тарту, қылыш шабу, атпен ойнау әдістерін, суда атпен жүзу, жеке өзі суға сүңгіп малып өту әдістерін меңгереді. Жастайынан дағдыланып, әбден бойына сіңірген бұл қасиеттер кейін жорықтарда жеңіске жетуіне зор мүмкіндік туғызады. Ержүрек батылдығы мен соғыста жеңіске жетудің түрлі амал, айла-тәсілдерді қолдана білумен ұштасқан іс-әрекеті Райымбекті ерекше даңққа бөлеп, аты аңызға айналады. «Іле өзені қақ жарылып жол беріпті» деген аңызбен астасқан әулиелік қасиеті дәріптеледі. Райымбектің әулиелігі жайында айтылатын мына бір аңыз соның дәлелі: «Менің өлігімнің өзі бір қазан, ошақ», - дейді екен тірісінде батыр баба: «Мен өлгенде денемді түйеге артып жүріңдер. Түйе шөккен жерді қазып жерлеңдер. Сол жерден бір қазан, ошақ шығады» дейді. Шындығында батырдың айтқанын орындап, түйе шөккен жер қазылғанда қазан мен ошақ шығыпты дейді аңыз желісі. Ол жер қазір Алматы қаласындағы Райымбек батырдың есімімен аталатын даңғылдың бойы. Батыр жерленген жерде шөккен түйе мүсіні қоса салынған үлкен ескеркіш тұрғызылған. Халықтың құран оқып, тәу ететін қасиетті орынның бірі саналады. Алматы облысында бір аудан, Астанада бір мектеп Райымбектің атымен аталады. Белгілі жазушы Жолдасбай Тұрлыбаевтың батыр баба өмірі мен ерлік ісін арқау еткен екі кітаптан тұратын «Райымбек» романы жарық көрді. Оның алғашқы томы қазақтың өткен ғасырлардағы батырларын ашық дәріптеуге болмайтын кеңес өкіметі тұсында 1987 жылы «Тамыз таңы» деп аты өзгертіліп шыққан.

Бұл тарихи батырлар жеке кейіпкер етіп алынған қазақ әдебиетіндегі алғашқы роман еді.

Қ. Алпысбаев



АБЫЛАЙ ХАН

(1711-1781)

Абылай хан – аса көрнекті мемлекет қайраткері, әйгілі қолбасшы, ірі тұлға. 1711 жылы Шыңғыс хан әулеті Уәлидің шаңырағында дүниеге келген. Оның шын аты – Әбілмансұр. Қалмақтармен

соғыстарда көрсеткен ерлігі үшін халық оны Абылай деп атаған. 1771 жылы Әбілмәмбет хан қайтыс болғаннан кейін Абылай хан болды.

Жиырма жасында хан сайланған Абылай жарты ғасырға жуық хандықты абыроймен басқарады. Зерделі саясаткер, білімді дипломат, дарынды қолбасшы болды. Оның көздеген мақсаты – мемлекетті нығайту, қазақ халқын аман сақтап қалу. Ол дұшпандардан қорғану үшін үш жүздің басын біріктірді.

Абылайдың алыстан болжағыш қасиеті ерекше еді. Ол біртұтас қазақ мемлекетін құрды. Көрші елдермен экономикалық, саяси байланысты да нығайтудың қажет екенін білді.

1743 жылы Түркістан қаласында үш жүздің хандары, сұлтандары, батырлары бір тудың астына бірігіп, Абылайды ресми түрде Қазақ ханы етіп сайлайды. Абылай Қазақ мемлекетін нығайту мен оның тәуелсіздігін сақтау жолында көп еңбек сіңірді. Ол билік құрған жылдары алғаш рет қазақтар мен қалмақтар арасында бейбіт келісім жасалды, Ресеймен, Қытаймен тату қарым-қатынас орнатылды.

1752 жылы жоңғар басшысы Лама Доржы қазақ жеріне шабуыл жасағанда, Абылай хан бастаған қазақ әскері оларға ойсырата тойтарыс береді. Кезекті шабуылдан соң соғыстың айла-тәсілдерін жетік білетін Абылай өзінің бес жүз таңдаулы жауынгерлерін жібереді. Лама Доржыны тұтқындап, дарға асады.

Абылай хан жоңғарларды жеңіп, Қытай және Ресеймен терезесі тең мемлекет орнатуды көздеді. Осы мақсатта ол Қабанбай, Бөгенбай, Өтеген сынды батырлармен қалмақтарға шабуылды күшейте түсті. 200 жылға созылған ойраттар мен қазақтар арасындағы сұрапыл соғыста қазақ халқы жеңіске жетті.

Бұл жеңіс көршілес Қытай мен Ресей үшін қолайсыз болып, 1756 жылы Қазақ хандығы мен Қытай мемлекеті арасында соғыс өрті тұтанды, ол 1757 жылға дейін созылды. Бұл қақтығыс та Абылай ханның арқасында бейбіт жолмен шешілді.

1763-1770 жылдары Абылай хан қырғыз ұлысына қарсы жорыққа шығып, жеңіске жетеді. 1771 жылы Еділ қалмақтарын басып алады.

Абылай хан ел билеген кезде қазақ халқының рухы көтеріліп, мерейі үстем болды.

Л. Серғазы



ШОҚАН УӘЛИХАНОВ

(1835-1865)

Сауатын мұсылман мектебінде ашып, артынан орысша оқыған, 1847-1853 жылдар Омбыдағы Кадет корпусында білім алған Шоқан Шыңғысұлы Уәлиханов – әскери шенді қызметкер болғанына қарамастан тарихта артына мол мұра қалдырған ағартушы ғалым ретінде бағаланатын оқшау тұлға. Шоқан қазақ сахарасындағы ақсүйектер отбасынан шыққан. Ол атақты Абылай ханның тікелей ұрпағы. Кадет корпусында оқуға қол жеткізе алуының негізі осында. Жаратылысынан қабілетті, тума талант Шоқан кадет корпусындағы негізгі мамандыққа қатысты әскери сабақтармен қатар жағрапия, тарих, батыс, орыс әдебиеттері мен философия, физика мен математика, шетел тілі тәрізді пәндерді де бар ынтасымен оқып, ерекше меңгереді.


Өзінің ізденгіштігінің, зеректігінің нәтижесінде азаматтық позициясы тез қалыптасып жетілген Шоқанды қараңғылыққа шырмалған, езгіде отырған туған халқының тағдыры ерекше толғандырады. Сондықтан қызметтік тапсырманы орындай жүріп ел тарихына, әдебиеті мен мәдениетіне қатысты құнды мәліметтерге мән береді.

Қызмет бабына орай қазақ даласының көп жерін аралағанда, Ыстықкөлге саяхат жасағанда, Қытайдың Құлжа, Қашқар қалаларына сапар шеккенде халық мұрасының үлгілерін қағазға түсірген. Шоқан қырғыз еліне, Ыстықкөл аймағына саяхатқа шыққанда, Омбыдан бастап жол-жөнекей Семей, Аягөз, Ақсу, Қапал, Шелек, Қарқара жерлерін мекендеген қазақ елінің бай тарихи-мәдени мұраларына, этнографиясына назар аударады, мүмкіндігінше жазып алады. Қырғыздың «Манас» эпосының «Көкетай ханның асы» атты тарауын тұңғыш рет қағазға түсіреді. Ыстықкөл сапарының нәтижесінде «Қырғыздар туралы жазбалар», «Ыстықкөл сапарының күнделіктері», «Қазақ халық поэзиясының түрлері туралы» атты еңбектерін жазады. Құлжа, Қашқарға сапары негізінде «Қытай империясының батыс провинциясы және Құлжа қаласы», «Жоңғария очерктері» атты еңбектері сол дәуір үшін Ресей ғылымында аса маңызды жаңалық, құнды зерттеу болып табылды.

Өзінің бар білімін туған халқын оятуға арнаған, ағартушылық

жолмен өркениетке жеткізуді көздеген ұлы ғалым отыз-ақ жыл өмір сүріп, 1865 жылы Алтынемел асуының маңында дүниеден озды. Зираты сол жерде.

Қ. Алпысбаев



ЫБЫРАЙ АЛТЫНСАРИН
(1841-1889)

Ұлттың ғылым-білімге көзін ашқан екі данасы, рухани тұлға тұтып ұлықтар екі ұстазы бар. Олар – Ыбырай мен Ахмет. Бірі кирилше, яғни орыс әліпбиі бойынша бала оқытуды бастап, ұлттық мектеп тәрбиесінің негізін салушы Ыбырай Алтынсарин де, екіншісі – араб қаріптері бойынша, исі түркі жұртының жаңа әліпбилеріне негіз болған қазақ жазуын дүниеге әкеліп, қазақ-түркі тіл білімінің тұжырымдарын жасап, түркі тілтануының атасы атанған Ахмет Байтұрсынұлы. Қазақ қана емес, еңбектеріне өзге жұрттар да бас иген ұлтымыздың бұл екі тұлғасын бүгінгі ұрпақтың да, келер ұрпақтың да қастерлеуі парыз.

Көне сөзде ең сауапты іс – кісіге хат таныту болып саналады екен. Сондықтан да «Бір әріп үйреткенге қырық күн сәлем бер» деген. Ал, бұл екі ғұлама – әріп қана емес, күллі ғылым-біліміміздің, XIX-XX ғасырлардағы оқу-тәрбиеміздің негіздерін жасап, қабырғаларын қалап бергендер.

Бүкіл славян әлемі өз алфавиттерінің негізін салған Кирилл мен Мифодийді ерекше құрметтейді. Қаншама заманнан бері, саясат қалай өзгерсе де, олар жасаған алфавит қаншалықты жетілдірілсе де, аттарына кіршік жуытпай, дақ салдырмай аялап келеді. Олардың есімдері қасиетті әулиелер санатында. Жыл сайын құрметпен атайды, әрқилы мерекелік шаралар жасап, ғылыми мәслихаттар өткізеді. Олар орыс әріптерін өздері жоқтан ойлап тапқан жоқ. Басқаның көне жазуынан алып, бейімдеді. Осыдан басқа олардың ешбір еңбегі жоқ. Ал біздің қос ұстазымыз қаншама мұра қалдырды, қаншама нұсқалар жасап берді.

Бұл істе Ыбырай Алтынсарин – алғашқы ізашар тұлға. «Өнер білім бар жұрттар» көш бойы ғана емес, дәуірлік уақытқа озып кетіп, дәуірлеп тұрған шақта, жүрегінде қастерлі істің қасиетті оты жанған Ыбырайдың алдында, қазақты салбөкселіктен сергітіп,

самарқаулықтан серілту, білім қақпасының есігін аштырып, күнкөрерлік кәсіпке баулу мұраты тұрды. Ыбырайдың алдында өз тілінде оқыту тәжірибесі де, оқу-құралдары да, мұғалімдер де, тіпті мектептің өзі де жоқ еді. Оған сол жоқтың бәрін жасауға, ұйымдастыруға, табуға – жоқтан бар жасауға тура келді. Ыбырай – оқу-ағарту ісінің үлкен ұйымдастырушысы, қоғамдық қайраткер бола жүріп сол мақсатқа бар өнерін, бар қабілетін орайлы пайдалана да білген адам. Ол болайын деп емес, болатын ешкім болмаған соң, еріксіз өнер өресіне де қол созған. Ағартушы-ұстаз қолға алған абзал ісін мақсатқа жеткізу жолында жазушылық, аудармашылық, ақындық, журналшылық, этнографтық, тіпті мәмілегерлік қабілеттерін де барынша пайдалана білген.

«Егер пайдалы істі бастамасаң, ешқашан да ештеңе болмақ емес» деп қиын да болса тәуекелге бел буған ұстаз өзін ұлылық биігіне көтерген үлкен істің алғашқы қадамын Торғай қаласында аттады. Қазақ жерінің қақ ортасында тұрып, ғылым шырағын тұтатып, білімге шақырған дала қоңырауын қақты. Бұл 1864 жылдың 8 қаңтары еді. Бұл оның Торғай қаласында Орынбор бекінісі комендантында аудармашы бола жүріп, жергілікті тұрғындардан қаржы жинап, мектеп құрылысын да өзі басқарып, төрт жыл бойы дамыл таппай, тағатсыздана күткен арманды күні болатын. Содан Торғай облыстық мектептер инспекторы дәрежесіне дейін көтерілген ол ұлан-ғайыр өңірде (қазіргі Қостанай, Ақтөбе, Ресейдің Орынбор, Қорған, Челябі облыстарын қамтиды) жаңа оқу орындарын ашу жолындағы үлкен ұйымдастыру жұмыстарына қызу кірісіп кетті.

Ыбырай Алтынсариннің елі үшін жасаған еңбегі ұлт есінде мәңгі қалмақ. Оның есімімен өзі іргесін қалаған Торғай қазақ орта мектебі, Арқалық педагогикалық институты, Алматыдағы педогогикалық академия, ауыл, аудан, бірнеше қалалардағы көшелер аталады. Ескерткіштер мен мұражайлар бар. Ыбырай шығармалары әлі күнге дейін маңызын жойған жоқ. Көптеген шығармалары қазақ әдебиетінің тозбас қазынасына жатады. Әсіресе «Қазақ хрестоматиясы» – ұлттық мектеп оқулықтарының бастауы, сыныпты үлгісі болып табылады. «Кел, балалар, оқылық» атты өлеңі күні бүгінге дейін мектеп оқушыларының әнұранындай болып келе жатыр. Ыбырай Алтынсарин туралы Ғафу Қайырбеков «Дала қоңырауы» атты дастан, Жайсаңбек Молдағалиев «Таза бұлақ» атты роман жазды. Оған арналған өлеңдер мен әндер, еңбектерінен ғылыми зерттеулер жазылып келеді.

С. Шүкірұлы



АБАЙ
(1845-1904)

Болашақ өзі білер, ал бүгінге дейінгі ақындықта, өлеңші-ақын емес, ойшыл ақындықта Абайдан астым деп тасырлық қылған пенде болмаған шығар. Бұл ақындықтың небір шыңына көтерілген, биігінде жүрген ұлт ақындарын төмендетпес деймін. «Алуан-алуан жүйрік бар, әліне қарай шабады» дегендей, әр ақынның ешкім таласпас өз биігі, қазақ өлеңіндегі өз орны бар. Олардың орнын Абай алмайды, Абайдың орнын олар алмайды. Бұл Алатаудың бір-біріне қосылмас, алайда тұғыры бір шыңдарындай ақиқат. Дегенмен Хан-Тәңірі шыңының орны бөлек. Семейдің Шыңғыстауынан Алатаудың сол биігіне көтерілген ақын – Абай.

Заманында Ахмет Байтұрсынұлы «Қазақтың бас ақыны» деп бағалаған Абай сол Ресейге қараған патшалық заманда да, кешегі ә дегенде бай нәсілді деп ат-тондарын ала қашып, соңынан Абайдан асқан ақын жоқ деп мойындаған кеңестік заманда да, бүгінгі Тәуелсіз Қазақ елі тұсында да Абай ақын дара келеді.

Абайдың атын, оның ақындығын халқы, ұлтым деген білімпаз зиялылар қорғап келеді. Абайдың аты, атағы, ақындығы Абайдың өзіне емес, ұлтына, жұртына керек. Ақындықта, ақындық арқылы айтылған даналық ойда, ғибратты сөзде Абайға жүгінудің мәнісі осында.

Ахмет Байтұрсынұлының, Әлихан Бөкейхановтың, Мұхтар Әуезовтің, исі Алаш зиялыларының, қазақтың жіктен азат, әділмін деген игі жақсылары Абайға ұйып, тоқталған. Бір Абайдың өзі қазақ өнерінің қаншама тарауының өркендеуіне жол салды. Абай өлеңі, Абай қарасөзі, Абай беріп кеткен өнеге мен ақыл-ой – пьеса, опера, кино, роман, сандаған ғылыми еңбектер болып, әлем мәдениетінің санатынан орын алды. Абай Мұхтар Әуезовті дүние жүзі қаламгерлерінің таңдаулы жүздігінің санына қосты. Абай спектакльдері, операсы, киносы, әндері арқылы, Абайға орнатылған ескерткіш, салынған сурет, жазылған ғылыми еңбектер арқасында қаншама өнер мен ғылым адамдары даңққа бөленді. Абай дүниеге келгеннен бергі бір жарым ғасырдан астам кезеңде қоғам неше мәрте

өзгерді, саясат талай құбылды, соның бәрінде де Абай тұғырынан тапжылмай, қазағымен бірге келеді. Абай XIX ғасырда жасап, XX ғасырға төрт-ақ қадам басып, есігінен ғана қарап кеткенімен, өткен жүз жылдықтағы ұлттық мәдениетіміздің тұғыры болды. Абайдың ұлылығы осында. Яғни, Абай Мұхтар Әуезовтің таланты арқылы өз тұлғасы, өз ортасы, өз заманы, өз өре-биігі, өз өнерімен Қазақ ұлтын әлемге танытуға, сөйтіп дүниежүзілік мәдениетке үлес қосуға арна бола алды. Мұхтар Абайды терең қабаттан алтын аршып алғандай жарқыратса, Абай да Мұхтарды ұлылық биігіне көтерді. «Тіл жүректің айтқанына көнсе, жалған шықпайды. Амалдың тілін алса, жүрек ұмыт қалады» деп білген Абай – жалғандыққа бармаған шыншыл, ойшыл, өлеңді сара сөзбен көмкерген ақын.

С. Шүкірұлы



«АБАЙ ЖОЛЫ»

М. Әуезовтің әлемге әйгілі роман-эпопеясы. «Абай жолы» – қазақтың көркем прозасын жоғары деңгейге көтеріп, әлем әдебиетіне биік эстетикалық талғам, көркемдік қуат әкелген үздік туынды. Әуезов өзінің роман-эпопеясында қазақ халқының, оның ұлттық дәстүрін барлық қырынан жан-жақты ашып көрсеткен. Қазақтың дана ұлы Абай образын, шығармалық және қайраткерлік тұлғасын сөз өнерінде өзгеше даралықпен сомдаған. «Абай жолы» роман-эпопеясына шетелдік қаламгерлер Луи Арагон, Н. Тихонов, Б. Матип т.б.жоғары баға береді. Әуезов алғашқыда романға «Телғара» деген ат бермек болды. Автордың алғашқы мөлшерлеуінде роман үш кітаптан құралмақшы болатын. Алайда жұмыс барысында оның шеңбері кеңейе түсті. Әуезов алғашқыда екі кітаптан тұратын «Абай», онан кейін мұның жалғасы болып табылатын «Абай жолы» (бұл да екі кітаптан тұратын) романын жазды. 1-кітабы 1942 жылы, 2-сі 1947 жылы, 3-сі 1952 жылы, 4-томы 1956 жылы жарыққа шықты. Алғашқы екі кітаптан тұратын «Абай» романы үшін жазушыға КСРО мемлекеттік сыйлығы (1949) беріліп, төрт томдық «Абай жолы» роман-эпопеясы жарық көргеннен кейін, ол Лениндік сыйлықтың лауреаты (1959) атанды. Жазушы ойшыл, ақын Абайды басты кейіпкер етіп ала отырып, оның бейнесін айналасына топтасқан көптеген қаһармандармен тығыз қарым-қатынас үстінде жан-жақты ашады. «Абай жолы» роман-эпопеясында қазақ

халқының этнография, діни, жалпы мәдени-танымдық дәстүрлері: жаз жайлауға көшу, құдалыққа бару мен той жасау, кісі өлімі мен аза тұту, ас беру, жұрт, болыс сайлауы, дауға билік айту т.б. бәрі бар. Оқиғалар мен фактілерді баяндау үстінде жазушы өмірлік тартысты барынша ашып көрсетуге, оның әлеуметтік мәнін күшейтуге тырысады. Белгілі фактілердің шеңберімен шектелмей, қажет жағдайда бүкіл баяндаудың барлық желісін бір түйінге келтіру үшін, басты мәселелерді бір арнаға түсіріп, түйістіру үшін болған оқиға барысын өзгертіп, өзінше қиыстырып, жаңғыртады. Романдағы түгелдей немесе жарым-жартылай ойдан шығарылған көптеген кейіпкерлердің тағдыры өмірде болғандай кескін-кейіпке ие болып, жалпы тарихи даму бағытымен байланысты, біртұтас көркемдік ойдың өзегімен тығыз ұстасып жатады. Тарихи оқиғалар мен фактілердің бәрі роман-эпопеяның бүкіл мазмұнымен тығыз ұштасып, шығарманың көркемдік өміріне орайлас мән-мағынасы басқаша ашыла түседі. Жазушы көркем шығарманың өз заңдылықтары мен мүмкіндіктерін толық пайдалануға күш салады. Яғни жазушы кейіпкердің өмірде болған адамның жай көшірмесі ғана болмай, типтік тұлға дәрежесіне көтеріліп суреттелуін ұтымды көрді. «Абай жолы» эпопеясының ұлттық әдебиетіміз бен мәдениетімізді, ана тілімізді өркендетудегі рөлі орасан зор. Эпопеяның кең мағынасында тарих, этногрофия секілді ғылымдар тұрғысынан қарағанда да танымдық мәні аса күшті екенін кезінде академик Қ.Сәтбаев атап көрсеткен болатын. «Абай жолы» дүние жүзі халықтарының 116 тіліне аударылған. 200 томдық «Әлем әдебиеті кітапханасы» топтамасында екі том болып басылды.

Д. Мәсімхан



АХМЕТ БАЙТҰРСЫНҰЛЫ

(1873-1937)

Ахмет Байтұрсынұлын заманында үлкен-кіші атын толық атамай, Ахаң десіпті. Ұлтым деп патшалық Ресей заманының қуғынынан көз ашпаған, халқым деп кеңес заманының бар азабын тартып, «Жазығым не?» деп қоғамға сұрақ қойған, ақыры саясат құрбаны болған Ахаң бір тұлғаға емес, мың тұлғаға татар ұлтына қайыры тиген кісі.

Сол Сәбит: «Ленинді бай сыйламайды, сөзін оқып сүйінбейді, күледі, мазақтайды. Ал, Ахаңды еңбекші сыйламайды. Өйткені, Ахаңның еңбекшіге арнап өткізген еңбегі жоқ», – деген. Ленинге қатысты сөзі жөн болар, ал Ахаңа қатысты сөзінде ұшқарлық бар. Ахаң таптан, топтан биік тұрған тұлға, ұлт көсемі болған тұлға. Сәбит «Көсеммін деп айтуға Ахаңның өзі батырлық қыла қоймас», дегеніндей Ахаң «мен көсеммін» демеген, көсемдікке ұмтылмаған да. Ол тек ұлтына қызмет етуді ғана мақсат еткен. Ахаңды көсем деп мойындаған – ел, жұрт, халық, ұлт. Сөздің бастапқы шығуы – шәкірті Мұхтар Әуезовке тән. Тіпті, сол шақта қызыл сұңқар атанып, билікте отырған Сәкен Сейфуллиннің өзі Ахаңның 50 жылдығында, «...байын, кедейін айырмай, қазақты ғана сүйетін адал жүрек, ұлтжанды» деп сипаттаған. (Ахмет Байтұрсынов. Шығармалары. «Жазушы» 1989. 7-бет).

Қалайда Сәбит Мұқанов та: «Ахаңның тарихи істері бар. Әйткенмен, Ахметті қазақ еңбекшілері ұмытпайды емес, қазақ тарихы ұмытпайды», - деп еріксіз мойындайды. (С. Мұқанов сөзінен келтірілген деректер «Алаш ақиқаттары кітабынан. Алматы «Алаш 2006. 84-бет).

1998 жылы мынадай жағдайға өзім куә болдым. Қостанайда Ахмет Байтұрсынұлы атындағы Мемлекеттік университеттің бастамасы бойынша (сол кездегі ректоры марқұм Зұлқайнар Алдамжаров) Ахаң күндері өтті. Қостанайдың ең мәртебелі көшелерінің біріндегі «Советская» деген сөз алынып тасталып, «Ахмет Байтұрсынұлы көшесі» деген сөз салтанатты түрде шегеленді. Бұрынғы облыстық атқару комитеті ғимараты алдындағы алаңда тұрған бір ғасырдай сананы билеп, өзіне жарты әлемді бас идіріп келген Лениннің мүсіні тұғырынан алынып, орнына Ахмет Байтұрсынұлына ескерткіш орнатылатындығы жазылған белгі тас қойылды (кейін ескерткіші орнатылды). Көзқарастары әуелден келіспеген, оның билікті саясатының сілтісі тиіп, тақсірет тартқан Ахаң уақыт сынынан өтіп, тарих қойнауынан көтеріліп, әу баста өзі тұруға тиісті орынға тұрды. Бұл Ахаңды тарихтың ғана емес, халықтың да ұмытпағандығы болса керек. Сол жолғы жиында академик Зейнолла Қабдолов Ахаң еңбегін Аристотельдің ісіне теңей отырып: «Ахаң ана тілін түрлеуші, Ана тілі деп атаған кісі. Кезінде Қажым Жұмалиев пен Есмағамбет Ысмайылов екеуі қазақ әдебиетінің теориясын жазды. Бірақ ол еңбектің басы жоқ еді. Бассыз нәрсе түсінікті болар ма? Ол бас – Ахаң еңбегі болатын. Ахаңды тірілтіп алған бақытымызбен құттықтаймын», - деп еді.

Ахаң – қазақ әліпбиінің атасы, қазақ тіл ғылымының, түркі тілтану ғылымының атасы. Бұл бүгінгі сөз емес, кезінде оны солай деп танып, мойындаған болатын. Бүгінгі қазақ әліпбиін Ахаң негіздеген, оның дыбыстарын анықтап, әріптерін атап, жазу ережеемлесін жүйелеп, бүкіл қазақ тіл ғылымы атау сөздерін қазақша қалыптастырып берген. Ахаң – қазақ мысалының негізін салушы, аудармашы, көсемсөзші, кәсіби журналшылықтың, баспагерліктің бұларды ұлт мүддесіне орайлы пайдаланудың өнегесін танытқан, жалпы бойға біткен қабілетті баспайдаға емес, халыққа арнау үлгісін көрсеткен тұлға.

С.Шүкірұлы



МІРЖАҚЫП ДУЛАТОВ

(1885-1935)

Міржақып Дулатов – ағартушы, ұлт мүддесі, тәуелсіздік жолындағы жалынды күрескер, Алаш қозғалысының қайраткері болған азамат. Осы жолда ақындық, жазушылық аудармашылық, журналшылық қабілеттерін барынша пайдаланған. Алғашқы қазақ романы – «Бақытсыз Жамалдың» авторы. Жалынды үнге, жігерлі шақыруға толы «Оян, қазақ!» кітабын шығарып, қуғынға түскен.

Бұл еңбекті белгілі әдебиет тарихын зерттеуші ғалым Ербол Тілешов: «Сөйтіп, Алаш қалам қайраткерлері қазақ әдебиетінің ұлтазаттық идеяны мұра тұтқан ояну дәуірінің жаңа беттерін ашты. Бұл мазмұны жағынан да, бейнелеу мүмкіндіктері жағынан да, түрлікжанрлық жағынан да жаңа әдеби дәуір деген атауға лайықты кезеңдік әдебиет болатын. Оны «Алаш әдебиеті» деп атай бастадық. Алаш әдебиетінің басы – Ахмет Байтұрсыновтың «Масасы» мен Міржақып Дулатовтың «Оян, қазақ!» жинақтарына енген, алғашқылары 1904-1905 жылдардан бастап жазылған жалынды жырлар», – деп қазақ әдебиетінің жаңа бір дәуірінің басы деп бағалайды («Алаш және Әуезов» «Жазушы»– 2007. 204-205 беттер).

Азаттық мүддесі жолындағы күреске халықты шақыру, ояту, еңсе көтерту ісіне Міржақып өз уақытының мүмкіндігіне қарай баспасөзді жақсы пайдалана білген. Ол «Қазақ» газетінде бас редактордың орынбасары, жауапты хатшы болды. «Айқап», «Серке», «Ақжол» және татар, орыс тіліндегі басылымдарға да жиі шығып

тұрды. Әлбетте, бұл әйтеуір бірдеңе жазу емес, мақсатты түрдегі ой-пікір, елді ояту, саясатқа тарту мүддесіндегі саяси жұмыс болатын. Ол Алаштың табанды күрескері болды. Бірінші және екінші жалпықазақ сиезінің ұйымдастыру жұмыстарына белсене араласып, Алаш партиясының бағдарламасын жазды.

Очерк, көсемсөз, мақала, кескіндеме, шағын әңгімелер арқылы Міржақып Дулатов қазақ журналшылығының, оның жанрларының да жетіліп, қалыптасуына үлес қосты. Зерттеушілер Міржақыптың «Қазақ, қырғыздың ататегі» атты мақаласын жоғары бағалайды. Бұл зерттеуде қазақ тарихына қатысты өзге жұрттар жазбаларындағы XVIII-XIX ғасырлардағы ұшқары, дәйексіз болжамдарды сынай отырып, «Д.Фердоусидің «Шахнамасындағы» қазақтар туралы мәліметтерге, қазақтар жайында X ғасырдағы Вамбери пікіріне сүйене отырып, қазақ атауының тарихы ежелгі дәуірлермен астасады деген пікірлерге тоқталады» («Қазақстан тарихы. энциклопедиялық анықтамалық» Алматы – 2006, 211 бет).

Міржақып Дулатов Ахмет Байтұрсынұлымен тізе қоса, тізгіндесе жүріп, ұлт тәуелсіздігі жолындағы күресте батыл болған, айнымай, табандылықпен не бейнетті көрсе де шыдай білген. Ол 1935 жылы айдауда Ақтеңіз-Балтық каналы құрылысында жүріп қайтыс болады. Ахаң, Жақаңдардың замандасы, саяси көзқарасы үшін қуғын көрген ақын Файзолла Сатыбалдыұлы Міржақыптың қазасын естігенде:

Міржақып өлді деген сөз,
Ішімді өртеп кетті лез.
Дірілдеп жүрек демігіп,
Малынды жасқа екі көз.
Қасиет тұтқан Алашым,
Кеңге жайған құлашын.
Намысты қолдан бермеген,
Қайран да менің нағашым.
Міржақып пен Ахмет
Нақақтан-нақақ болды шет.
Бір уақыттар болғанда
Ақталар орнап әділет.
Қиянат кетпес тоқтаусыз
Әділ сөз қалмас құптаусыз.
Күндердің күні болғанда

Міржақып кетпес жоқтаусыз, - деген екен. Сол сөздің шындығын міне, тәуелсіздік заманында көріп отырмыз.

С. Шүкірұлы



МАҒЖАН ЖҰМАБАЕВ

(1893-1938)

Жастық шақ, жастар жайлы сөз қозғала қалса, кім де болса, «Мен жастарға сенемін!» деген Мағжанның сөзінен бастары анық. Алаш қозғалысының қайраткері, ақын, қазақ әдебиетінің көрнекті өкілі Мағжан (Әбілмағжан) Бекенұлы Жұмабаев жас жүрегі қазағым, ұлтым деп жалындап тұрған айтулы азамат, ұлт мақтанышы еді. Ол 1893 жылы 25 маусымда Солтүстік Қазақстан облысы, қазіргі Мағжан Жұмабаев ауданы Сасыққөл жағасында дүниеге келген. Дәулетті отбасынан шыққан Мағжан ауыл молдасынан сауатын ашып, 1905-1910 жылдары Қызылжардағы (Петропавл) татар зиялысы М. Бегішевтің медресесінде, 1910-1913 жылдары Уфа қаласындағы «Ғалия» медресесінде оқып білім алды. Білімге құмар жас Шығыс халықтарының, қазақ, татар әдебиетін, дастандарын, 1909 жылы шыққан Абай өлеңдерін оқып тұщынды, тағылым алды. Өзі де «Атақты ақын, сөзі алтын хакім Абайға» деген өлең жазды. 1912 жылы «Шолпан» атты тұңғыш өлеңдер жинағы басылып шықты.

Татар жазушысы Ғ. Ибрагимовтен дәріс алып, белгілі қайраткер С. Жантөринмен, көрнекті жазушы Б. Майлинмен танысуы ақынның өмір жолына игі ықпал етті. Ол 1913-1916 жылдары Омбы мұғалімдер семинариясында оқып жүріп, «Бірлік» ұйымының жұмысына араласты, Ә. Бөкейхан, А. Байтұрсынұлы, М. Дулатов секілді Алаш қайраткерлерімен байланыс орнатты. Бұл кезде өлеңдері де «Қазақ» газетінде жарияланып тұрды.

1917 жылғы ақпан көтерілісінен кейінгі саяси жағдайларға Мағжан белсене араласып, Алаш партиясының Ақмола облыстық комитетінің мүшесі болды. Алайда «Үш жүз» партиясының жаласымен бір айға жуық абақтыда отырып шыққан соң, «Бостандық туы» газетінде, «Шолпан», «Сана» журналдарында, «Ақжол» газетінде қызмет істеп жүріп, халық ағарту жұмыстарымен айналысты. Осы жылдары жалынды ақынның «Батыр Баян» поэмасы жарыққа шықты.

1923-1927 жылдары Мәскеуде орыс әдебиетшілерімен тығыз байланыста болады. Алайда Мағжанның 1923 жылы Ташкент-

те шыққан жыр жинағы талқыға түсіп, ақынды жаңа құрылысқа «уралап айғайламады», кедей сөзін сөйлемеді деп айыптап, ақын шығармаларын теріске шығаратын қаулы қабылданды. Онымен қоймай, Бурабайда, одан соң Қызылжарда оқытушылық қызметтер атқарып жүрген Мағжанды қаскүнемдер «Алқа» атты жасырын ұйым құрғаны үшін айыптап, 10 жылға айдауға кесті. 1936 жылы М.Горький мен Е.Пешкованың араласуымен бостандық алса да, көп ұзамай, оны «саяси себептерге байланысты» деген айыппен тағы да мұғалімдік қызметтен босатады. Айналдырған қырсық алмай тына ма, 1937 жылы Алматыға келіп, аударма ісімен шұғылданып жүрген, азып-арып, кедейшілік пен рухани таршылыққа душар болған Мағжан 1938 жылы қайтадан қамауға алынып, ату жазасына кесіледі.

А. Мұсабекова



МҰХТАР ӘУЕЗОВ

(1897-1961)

Қазақтың жаңа мәдениетке бет бұрған кезеңінде жұлдыздай жарқырап көзге түскен ұлы үш тұлғасы бар. Олар – Абай, Ахмет Байтұрсынұлы және Мұхтар Әуезов. Мұхтар Абайды да, Ахметті де ұстаз тұтқан. Бұл үш тұлға жаңа дәуірдегі біздің бүкіл мәдениетіміздің бастауы, қайнар көзі десек артық айтқандық болмас. Егер Мұхаң болмаса, рухани өміріміз не күй кешер еді? Иә, егер Мұхтар болмаса, Абай енді ғана аршылып жатар ма еді, «Абай жолынсыз» әлем әдебиеті мен мәдениетіне Қазақ деген жұрт қай мұрасымен мойындалып, қосылар еді, Манастай жыр Алатаудың шатқалынан асып, дүниеге танылар ма еді, Мұса Жалил түбегейлі ақталып, «Моабит дәптері» даңққа бөленер ме еді, қазақ халық әдебиетінің жетпіс жеті атадан келе жатқан қатпар-қатпар қыртыстарының бүгістері жазылып, беті ашылар ма еді, қазақ ұлттық операсының сыныпты негізі дәл осылай жасалар ма еді? Ұлттық сахна өнерін Мұхаң негіздеп бермегенде, үлгі етеріміз кім болар еді? Қазақ әдебиетінің тұжырымы мен сынының негізін Мұхаң салмағанда, ол үрдісті кім бастар еді? Ахаңдар ақталғанша әдеби сын зерттеулеріміз Зейнолла Қабдоллов айтқандай «бассыз» жүре берер ме еді? Арғы замандардан арна тартқан үлкен ұстаздықтың үрдісі мен дәрістік шешендік өнегесін кім қалдырған болар еді? Заманына орай сонынан арна тартқан

ұлттық сан-салалы өнер мен ғылымның қайнар көзі Мұхаң болып бастау алмағанда, даламызда дарындар қаулап қайта көктер ме еді? Кезінде көріп, уақтылы батасын бермесе, Қылышты Шыңғыстан кейін Сөзді Шыңғыс дүниені қайта жаулап алар ме еді, алмас па еді? Өнер мен ғылымның сан-саласында Мұхаң көзін ашып берген рухани бай мұраға қанар ма едік, әлде кенеземіз кебер ме еді? «Абай жолындағы» бар қазақты сүйсінткен, қазақ қана емес, оқыған қай ұлттың да өкілі таңғажайып көрген ұлттық болмыс, мәдениет сипаты сондай тұнық қалпында бізге жетер ме еді, жетпес пе еді? Абайды өз бетімізше түсініп, ұлы деп таныр ма едік, танымас па едік, әлде бір даңғой ол орын менікі дер ме еді? Ұлы есімді ырым еткен сөзге бейім басқа Мұхтарлар көпке танылар ма еді, танылмас па еді? Сезімге тыйым салынған кеңес заманында да, қандай қуғын-сүргін болса да махаббатқа тосқауыл жоғын кім дәлелдер еді? Абайдан кейінгі алып деп, тіпті Абайдың өзін де жарыққа алып шыққан алып деп кімді айтар едік?

Пәлі, Абай ғана ма? Тек Абайды ғана таныту ма еді мақсат? Абай тұлғасы, Абай ортасы, Абай заманы, Абай өре-биігі арқылы дүниежүзілік мәдениетке енші қосу ғой Мұхаң мұраты. Бәйтеректің көлеңкесі түскен жерге ештеңе шықпайды, ал Мұхаңның көлеңкесі түскендердің бәрі мықты. «Әке балаға қырық жыл азық» дейді, ал Мұхаң барша халқына мәңгілік рухани азық боларлық мұра жасады-ау. Ендігі жерде оны ұлттың Абай шоғырындағы рухани атасы десе көп пе екен?

Иә, Абайды тұғыр етіп, Ахаңды ұстаз тұтып, албырт талант қанатында саясат майданына шығып, әдебиет пен ғылымда ұстаздық пен қайраткерлікті тең тартқан, әлем әдебиетіне «Абай жолы» атты екі томдық мұра қосқан, ұлт есімін жер-жиһанға паш еткен, ұлы деген ұғымға шын лайықты тұлға – Мұхаң, Мұхтар Әуезов. Мұрат Әуезовтің «Саналы қазақтың барлығы мойындайтын айқын нәрсе – Алаш азаматтарының бізге қалдырған мұрасы – кең байтақ жер, терең ой, биік рух, қайсар мінез» деген сөзін Мұхаңа да айтсақ абзал. («Алаш және Әуезов», Жазушы – 2007. 46 бет).

С. Шүкірұлы



ҚАНЫШ СӘТБАЕВ

(1899-1964)

Сәтбаев Қаныш – ұлттың ұлы тұлғалары қатарынан орын алған, ғылымда Кеңес одағының өзін мойындатып, есімі дүние жүзіне танылған, ерен еңбегімен 100 жылдығы (1999ж.) ЮНЕСКО көлемінде аталып өткен, талантты ұйымдастырушы, кемел кісі. Қазақ Ұлттық Ғылым Академиясын құрып, ұзақ жылдар оның Президенті болды. Ғалымдығын дүниеге мәшһүрлеп, жаңадан табылған бір минерал мен кіші планетаға есімі берілген. Сондай-ақ Алатауда Сәтбаев мұздығы, Сәтбаев шыңы бар. Сәтбаев атында Геологиялық ғылымдар институты, Қазақ ұлттық техникалық университеті аталады. Астана, Алматы және басқа да қалаларда көшелер мен мектептерге, мекендерге ғалымның есімі берілген, ескерткіштер орнатылған. Қ. Сәтбаев еліміздің кен байлықтарын ашуда, ел экономикасын дамытуда, мәдениетін өркендетуде орасан еңбек сіңірген, жан-жақты қабілет иесі болған. Мемлекет және қоғам қайраткері, геология-минерология ғылымының докторы, профессор, Қазақстан және КСРО ғылым академиясының академигі, Қазақ КСР және КСРО Жоғарғы Кеңесінің бірнеше мәрте депутаты және Одақ көлеміндегі көптеген ғылыми комиссиялардың мүшесі болған.

Қаныш Имантайұлының екінші дүниежүзілік соғыс және соғыстан кейінгі халық шаруашылығын қалпына келтіру ісіне қосқан еңбегі айрықша. Бұл тұста ол Одақ көлемінде аса беделді болған. Алайда Қаныш Имантайұлы да саяси қуғындаудан шет қалмаған. Қызметтен, елден ығыстырылып, Мәскеуде бой тасалаған кезі де болған. Алайда, кейін жағдай сабасына түсіп елге оралып, Қазақстан ғылым академиясын екінші мәрте басқарған.

С.Шүкіржұлы



ӘБІЛХАН ҚАСТЕЕВ
(1904-1973)

Қазақтың алғашқы кәсіби суретшісі Әбілхан Қастеев Алматы облысы, Жаркент ауданында дүниеге келген. Ол – қазақ бейнелеу өнерінің негізін қалаған ұлттық сурет өнерінің алғашқы шеберлерінің бірегей тұлғасы. Кескіндемеші-график ретінде де белгілі. Қазақстанның халық суретшісі, еңбек сіңірген өнер қайраткері Ә. Қастеев сурет өнері бойынша алғашқы білімді Алматыда Н. Хлудовтан алады. Кейін Мәскеуде И. И. Бродскийдің көркемсурет студиясында тәлім алған талантты қылқалам шебері өзінің тума қабілетін өзіндік ізденіспен жетілдіріп, өнердегі айтулы тұлғалардың біріне айналды. 1954-1956 жылдары Қазақстан Суретшілер Одағын басқарады. Екі рет Қазақ КСР Жоғарғы Кеңесінің Депутаты болып сайланды. КСРО-ның жоғарғы Мемлекеттік Орден, медальдарымен марапатталды. Оның алғашқы «Тігін үстінде», «Мектепке», «Көгілдір көйлекті қыз» еңбектерінен бастап, «Түрксиб», «Амангелді сарбаздары», «Колхоз тойы», «Қалыңдық» т.б. туындылары халықтың сүйіспеншілігіне бөленді. Ол «Киіз үйдің ішкі көрінісі», «Қыз Жібек», «Қыз ұзату», «Қос құрбы», «Келін түсіру» тәрізді ұлттық салт-дәстүрге арналған көптеген шығармалар салды. «Афтопортрет», «Қарындасымның портреті» деп портрет салуға ұмтылған атақты суретші кейіннен «А. Құнанбаев», «Ж. Жабаев», «Ш. Уәлиханов», «А. Иманов», «Ғ. Мұратбаев», «К. Әзірбаев» портреттерін бейнелеу арқылы әйгілі адамдарымыздың өшпес тұлғасын кескіндеді. Бір ғана Абай тұлғасын бейнелеуге «Абай киіз алдында», «Жас Абай», «Абай жаз жайлауда» еңбектерімен қатар классик ақын шығармаларын оқып, әсерлену негізінде салған суреттері де жетерлік. Ол Ш.Уәлиханов атындағы сыйлықтың лауреаты. Шымкенттегі өнер училищесі мен ҚР Мемлекеттік өнер мұражайы атақты суретшінің атында.

Қ.Алпысбаев



ӘЛКЕЙ МАРҒҰЛАН

(1904-1985)

Әлкей Хақанұлы Марғұлан – қазақтың ғұлама ғалымы, ұлттық археология мектебінің негізін қалаушы, шығыстанушы, әдебиеттанушы, өнертанушы, Қазақ КСР Ғылым академиясының академигі, қазақстандық ғылымға еңбек сіңірген қайраткер, профессор. Павлодар облысы, Баянауыл ауданында дүниеге келген. 1925-1931 жылдары Ленинград қаласында Шығыс институтында, сонымен қатар Ленинград мемлекеттік университетінің қоғамдық ғылымдар факультетінің шығыс бөлімінде оқиды, бұларға қоса Өнер тарихы институтында дәріс тыңдайды. Осында оқып жүргенде КСРО Ғылым академиясы ұйымдастырған Қазақстан мен Алтай халықтарының тарихын зерттеу экспедициясына қатысып, адайлар мен наймандардың әдет-ғұрпы, тұрмысы мен өнерін зерттейді. Оқуды бітіріп келгеннен кейін Қазақстан Оқу Халық комиссариатының жанындағы Жаңа Алфавит комитетінде ғылыми қызметкер болады.

Сырдария, Талас, Шу өзендері бойындағы ежелгі қалалардың орнына алғаш рет археологиялық қазба жұмыстарын жүргізіп, содан жинаған материалдар негізінде «Ежелгі Қазақстан қалалары мен құрылыс өнерінің тарихына» атты монографиялық еңбек жазады.

«Хандар жарлығының тарихи-әлеуметтік мәні» деген тақырыпта кандидаттық диссертация қорғап, көне қыпшақ тарихын зерттеудегі құнды ғылыми еңбекті дүниеге әкеледі.

Қазақ КСР Ғылым академиясының тарих, археология және этнография институты археология секторының меңгерушісі болып тағайындалған Әлкей Марғұлан К. А. Ақышев, М. Қ. Қадырбаев, А. М. Оразбаевтармен бірігіп, «Орталық Қазақстанның ежелгі мәдениеті» атты кітап жазуға қатысып, оның редакциясын басқарады. Ұзақ жылғы зерттеу нәтижесінде жарық көрген еңбек жоғары бағаланып, оның авторларына Шоқан Уәлиханов атындағы мемлекеттік сыйлық беріледі.

Шоқан Уәлихановтың әдеби мұраларын жинастырып, оны бес том етіп шығаруға басшылық еткен. Қазақтың ежелгі жыр-

аңыздарын жинастырып, зерттеген. Қазақ халқының тарихы мен әдебиетін зерттеуге зор еңбек сіңірген.

Тарих, археология, этнография, әдебиет және өнер салаларына қатысты ондаған кітап, үш жүзден астам ғылыми зерттеу және жүзден атсам энциклопедиялық мақалалар жариялаған.

Л.Серғазы



БАУЫРЖАН МОМЫШҰЛЫ

(1910-1982)

1941-1945 жылдардағы Ұлы Отан соғысында жеңімпаз батыр командир ретінде даңқы шыққан қазақтың біртуар ұлдарының бірі – Бауыржан Момышұлы. Соғыс басталған жылы күзгі, қысқы алапат шайқастарда өз батальонын 27 рет шабуылға бастап шыққан, 5 рет жау қоршауын бұзып, жауынгерлер құрамын аман-есен дивизиясына қайта қоса білген Бауыржанның атағы аз уақыттың ішінде-ақ шартарапқа жайылып үлгерді. Ұлтжандылығы, ержүректігі, ақыл-парасаты, әскери білімділігі мен тактиканы терең білуі отансүйгіштікпен ұштасқан ол майдан даласында жасаған ерліктері арқылы шын мәнінде көзі тірісінде аты аңызға айналған тұлға болды. Қандай жағдайда жүрсе де ұлтжандылығын көрсете білді, ұлттық намысты қорғай білді. Тез арада-ақ аты аңызға айналған Бауыржанның соғыс жүріп жатқан кездің өзінде өмірін, ерлік істерін арқау еткен А. Бектің «Волоколамск тас жолы» атты кітабы жарық көрді. Кейінгі дәуірде де ол туралы Ә. Нұршайықов «Ақиқат пен аңыз», К. Серікбаев «Менің өмірімдегі Бауыржан Момышұлы» (орыс тілінде) атты кітаптар жазып жариялады.

Алайда батырлық даңқы соншалықты кең жайылғанымен Бауыржанға дер кезінде «Кеңес Одағының Батыры» деген атақ берілмеді. Өйткені ерлігі адал болғанымен, өз ұлтын ерекше сүйетіні, кіршіксіз таза ұлтжандылығы шовинистік пиғылдағы басшыларға ұнамады. Тек мемлекетіміздің дербестігі туралы декларация жарияланған соң ғана (12.12.1990) «Кеңес Одағының Батыры», «Қазақстанның халық қаһарманы» (1995) атақтары берілді.

Бауыржан Момышұлы әскери қызметкер, ержүрек қолбасшы ғана

емес, сонымен қатар қазақ әскери прозасының негізін қалаған жазушы. Оған «Офицер жазбалары», «Артымызда Москва», «Генерал Панфилов», «Куба әсерлері», «Ұшқан ұя» т.б. кітаптары дәлел. Оның өмірі үлгілі, іс-әрекеті тағылымды. Алматы мен Астана қалаларында Б.Момышұлы атында көшелер, мекемелер бар. Жамбыл облысында, Алматы, Астана қалаларында батырға арналып ескерткіш қойылған.

Қ.Алпысбаев



ДІНМҰХАММЕД ҚОНАЕВ

(1912-1992)

Қонаев Дінмұхамед Ахметұлы ата-анасының болашағынан үлкен үміт күттірген ұлы еді. 1912 жылдың 12 қаңтарында Алматы қаласында қызметкерлер отбасында дүниеге келген ол жасынан оқу-білімге аса зерек болады да, 1930 жылы Мәскеу қаласындағы түсті металдар мен алтын институтына оқуға түседі. Болашақ ғалым еңбек жолын Балқаш мыс комбинатының Қоңырат кенішінде бұрғылау станогінің машинисі болып бастайды, одан цех бастығы, сол кеніштің бас инженері, кейін директоры болып қызмет атқарады. Қиын да қызығы мол еңбек жолында жас жігіт оңды-солын таниды, өз ісіне мығым, табанды, байсалды азамат болып қалыптасады. «Алтайполиметалл» комбинатында, Риддер кенішінде, Лениногор кен басқармасында басшы қызметтер атқара жүріп, ғылым саласында да еңбектенеді. 1968 жылдан техника ғылымдарының докторы.

Д. А. Қонаев өмірінің 45 жылға жуығын ел басқару ісіне арнады, 25 жылдан аса Қазақстан Компартиясы Орталық Комитетінің бірінші хатшысы қызметін атқарды. Осы жылдарда республикамызда жаңа өнеркәсіпті аудандар қалыптасты, Жезқазған, Маңғыстау, Торғай облыстары шаңырақ көтерді. Павлодар-Екібастұз отын-қуат кешені, Қарағандыдағы ГРЭС-2, Шығыс Қазақстандағы Бұқтырма су электр стансасы, Павлодар трактор зауыты т.б. кәсіпорындар осы жылдардың жемісі еді. Алматы облысының Кербұлақ алқабын игеруге, Қапшағай су қоймасын салуға да айрықша көңіл бөлді.

Д. Қонаев нағыз «ұлтым» деген азамат еді. Ол басшылық еткен жылдарда КСРО-ны Н. Хрущев, М. Горбачев, Л. Брежнев сияқты басшылар билеген. Ол әрдайым өз халқына адалдығын ұмытқан емес. Республика аумағының тұтастығын сақтап қалуда табандылық та-

нытты. Өзбекстанға берілген Оңтүстік Қазақстанның мақта өсіретін аудандарын қайтарып алды. Қазақстанда неміс, ұйғыр автономияларын құру, Маңғыстауды Түркіменстанға беру сияқты Орталықтың ұсыныстарына қарсы шықты. Д. А. Қонаев Алматы қаласының қазіргі заманғы ең көрікті қалаға айналуына көп күш салды.

Табиғатында сабырлы, ешкімге қатты сөйлемейтін Димекеңнің адалдығы, адамгершілік қасиетінің жоғарылығы бір бөлек әңгіме. Асыл азаматтың көп жылдар бойы өз жалақысын балабақшаға аударып тұрғаны кейіннен мәлім болған.

Д. Қонаев үш рет Социалистік Еңбек Ері атағын алды. Өмірінің соңғы жылдарында ел ішін аралап, көптеген қызықты кездесулер жасады, осылайша өзін халық ақсақалы ретінде танытты. Ұзақ жылдар елінің сүйіктісіне айналған ол 1993 жылдың 22 тамызында дүние салды. 2002 жылы 12 қаңтарда Алматы қаласында ұлттың ірі тұлғасының мұражай-үйі ашылды.

А. Мұсабекова



ІЛИЯС ЕСЕНБЕРЛИН
(1915-1983)

XX ғасырдың алпысыншы жылдарының соңына қарай қалың көпшілікті дүр сілкіндірген шығарма дүниеге келді. Әдеби ортаға ұйқыдан оятқандай әсер еткен бұл шығарма «Қаһар» романы болатын да, авторы жаңа есім – жас талап емес жасамыс, орта жастағы Ілияс Есенберлин еді.

Шындығында да «Қаһар» романы қазақ әдебиетіне сілкініс әкелді. Өйткені роман қаншама аңыздарға, жырларға, әңгімелерге арқау болған, қаншама ғылыми-зерттеулер, көркем-әдеби туындылар жазылғанымен, кейінгі ұзақ жылдар бойы ауызға алуға тыйым салынған Кенесары көтерілісі жайлы болатын. Бұл шығарма кезінде тарихи шындықты объективті түрде жазғанымен, саяси қылмыскер ретінде сотталған Е. Бекмаханов зерттеуінің негізгі өзегі етілген, «Хан Кене» пьесасын жазғаны үшін М. Әуезовті қуғындауға себеп болған тарихи тұлға жайлы еді. Зерттеу еңбектер «қамауға» алынып, ол туралы аңыз, әңгіме, жыр айтқан ауыздарға қақпақ қойылған уақытта тарих тағылымын кейінгі ұрпаққа жеткізу

мақсатын көздеп, ел шежіресінің, ұлт тағдырына қатысты шетін мәселелерді жеткізудің ауыр жүгін арқалап, тағдыры беймәлім сапарға шыққан осы ««Қаһар» еді. Халық тарихына барлау жасаған алғашқы сапар сәтті болды. Оқырманның ықыласына бөленіп, қалың жұртшылықтан қолдау тапқан «Қаһардан» кейін ұлтжанды қаламгер ел рухын көтеріп, ұлт санасын оятуға деген ынта-жігері бұрынғыдан да күшейіп, осы тақырыпты жалғастыра «Алмас қылыш», «Жанталас» романдарын дүниеге әкелді. Үш роман «Көшпенділер» деген атаумен трилогияға бірікті. Сөйтіп І. Есенберлин бұрыннан бар «Көшпенді» сөзін қазақ әдебиетінде бірінші болып айналымға енгізді. «Көшпенділер» фильмінің аты мен идеясы І. Есенберлин әкелген тарихи ұғымның жаңғырығы мен ізі екені ақиқат.

Кейінірек «Алтын Орда» трилогиясын жазып бітіріп, бірақ кітап болып шығуын көрмей өзі дүние салды. «Қаһар» романы бірінің артынан бірі жазылып толықтырылған алты кітаптан тұратын тарихи эпопеяның нүкте қойылатын соңғы бөлігі болғанымен, ұзақ ғасырлық шежіренің қағазға түскен, кітап болып оқырман қолына тиген алғашқы қарлығаш үзігі болатын. Шығарманың эстетикалық мәнімен қатар, көкірек көзін ашып, көңіл көкжиегін кеңейтер танымдық маңызын оқырман жақсы түсінді. Сондықтан да тарихи эпопеяның алғашқы кітаптары шыға бастағанда студенттік жатақханаларда, алыстағы ауылдарда оқырмандар бір-бірінен қолқалап сұрап, қолдан-қолға көшті, қойшының қонышында, егіншінің қойнында, студенттің қолтығында жүрді.

Бір ұрпақтың ауысуы ғана емес, бір халықтың екінші халыққа ауысуы сипатын да көркем баяндайтын тарихи шежіре болмысында жазушы тарихи тағдырлардың қатыгез әрекеті мен жанкешті тіршілігі арқылы көрінетін тарихи тағлым мен тарихи таным тұжырылатынын аңғартады.

Тарихи дәуірлер бедерін реалистік тұрғыдан көркем бейнелеудегі Ілияс Есенберлин концепциясының дұрыстығын бүгін уақыттың өзі дәлелдеп отыр. Тарихқа жаңа ғылыми көзқарасты Ілияс Есенберлин сонау алпысыншы-сексенінші жылдар арасында-ақ өзінің тарихи романдары арқылы халық зердесіне ұсынып кеткен.

Қазақтың көптеген аға буын жазушылары секілді Ілияс Есенберлин де төңкерістен кейінгі өтпелі дәуірдің сан қилы оқиғаларына қатысып, соған куә болды, соны өз шығармаларына арқау етті. Ол кезең, расын айтқанда, үлкен шырғаланға, терең трагедияларға толы еді. Есенберлин сол шырғаланды, халық басындағы сол тра-

гедияларды жазып, өзге қаламгерлер бара бермеген тақырыптарға қалам тербеді, ел өміріне, ұлт тағдырына қатысты мәселелерді арқау етті. Оның қаламынан туған «Айқас», «Ғашықтар», «Көлеңкеңмен қорғай жүр», «Қатерлі өткел», «Маңғыстау майданы» тағы басқа романдар соған дәлел болады. Бұл романдарда бүкіл бір қоғамның, бүкіл бір дәуірдің тыныс-тіршілігі, мәдени-тарихи, әлеуметтік-психологиялық жағдайлары кең көлемде қамтылды.

Қазақ әдебиетінің тарихында бүгінге дейін ең көп роман (17) жазған қаламгер де – осы І. Есенберлин.

Қ. Алпысбаев

«КӨШПЕНДІЛЕР»

І. Есенберлиннің алты кітаптан тұратын тарихи эпопеясы – қазақ сөз өнерінің әлемдік нұсқасына қосылған тарихты көркемдік пайымдаудың үздік үлгілерінің бірі.

І. Есенберлиннің ұлт тағдырына қатысты шетін сырлары мен идеялары кемел бұл эпопеяның алғашқы бөлігі «Көшпенділер» трилогиясы еді. «Көшпенділер» трилогиясында бес ғасырлық оқиға, яғни, XV-XIX ғасыр аралығындағы қазақ хандығы өмір сүрген кезең суреттеледі. Оқиға бүгінгі шекаралық аймақ тұрғысынан қарағанда, Алтайдан атырауға дейінгі шығыс пен батыс аралығы, Батыс Сібір ойпаты және Самарқан мен Сырдарияға дейінгі солтүстік пен оңтүстік аралығын қамтитын географиялық аймақта өтіп жатады.

Шығарма кейіпкерлері – негізінен, тарихи тұлғалар, Шыңғысхан дәуірінен басталып Кенесарымен аяқталатын қазақ мемлекетінің бастау көзі мен қиын-қыстаулы тағдыр-талайының басында тұрған хандар тізбегі, ел мұңы мен арман-тілегінің хабаршысы – ақын-жыраулар, ел мен жер үшін, ұрпақ болашағы үшін жан аямай шайқасып, Отанын қорғай білген арыстан жүрек, атан жілік батырлар. Бұлар – ел есінде аттары жатталып, тарихта қалған, өмірде болған тұлғалар.

«Көшпенділер» трилогиясы – партиялық идеологияның қылышынан қан тамып тұрған уақытта дүниеге келген шығарма. Ол кезде мұндай шығарманы жазбақ тұрмақ, қазақ халқының ертеректе өмір сүрген, артында мол мұра қалдырған, елім деп еңіреген, ел үшін, жер үшін мерт болған батырлардың, хандардың, шешендердің атын атаудың өзі, олар жөнінде әңгіме қозғаудың өзі қиын еді, қауіпті

еді. Ал Ілияс Есенберлин осының бәрін біле тұрып, қазақ халқының өткен тарихын бейнелейтін, тарихтан мол мағлұмат беретін бір кітап емес, бірнеше роман жазып, оқырманға ұсынуы жай ерлік қана емес, талантты жазушының жеңісі еді.

«Көшпенділер» қазақ халқының ұлттық тарихының бастау көзі беріде емес, әріде жатқандығына жөн сілтеді. Бүкіл бір халықтың өмір-тарихы ұмытылып бара жатқандығын еске сала отырып, оған кінәлі – коммунистік саясат екендігін ашып айтпаса да, өмір ағысы басқа арнамен ағып бара жатқандығын, тарих беттері бұрмаланғандығын көркем тілмен бейнелеп берді.

Д. Мәсімхан



ТАЛҒАТ БИГЕЛДИНОВ

(1922 ж.т.)

Сәби кезінде ұшқыш болсам деп арман-дамайтын бала сирек болар. Екі рет Кеңес Одағының Батыры атағына ие болған Талғат Бигелдинов те осындай ізгі арманның иесі болды. Батыр кәдімгі ауыл баласы еді, ол 1922 жылы Ақмола облысы, Ақмола ауданы, Майлыбалақ ауылында дүниеге келді. Оның жастық шағы Фрунзе (қазіргі Бишкек) қаласында өтеді. Талғат осы қаладағы аэроклубқа үзбей барып жүргендіктен, оның ұшқыш болуға құмарлығы бірте-бірте арта түседі. Сөйтіп ол он алты жасында парашюттің жібек жібін ұстап, зеңгір көктен жерге қарай талай секірді. Аэроклубтағы осындай жаттығуларды толық меңгерген Талғат өзі талаптанып, Орынбор және Саратов қалаларындағы әскери авиация училищелеріне түсіп оқиды.

Сұрапыл соғыс біреудің арман қанатын қиып түссе, Талғат секілді ұшқыш болып Отанымның керегіне жарасам деп армандаған жандардың өзін-өзі сынайтын уақытын жақындатып-ақ жіберген жоқ па?! Ел басына күн туған 1943 жылдың қаңтар айында Т.Бигелдинов 144-гвардиялық авиация полкіне қабылданады. Қанды соғыс кезінде Талғат Бигелдиновтің жүрек жұтқан батыр болғандығын айғақтайтын әрекеттері көп болды. Мәселен, жанындағы достарынан айырылып, жалғыз қалған ұшқыш өзінің ізіне түсіп, пулеметтен оқ жаудырып келе жатқан, аса тез ұшатын жау ұшағына өзінің штурмовигін шұғыл

бұрып алып, оны өзінің оқ құшағына алған. Неміс ұшқышы оқыстан болған бұл әрекетті мүлдем күтпеген болатын, сондықтан да лезде отқа оранып, жерге құлдыраған.

Осылайша ұшқыштық шеберлігі күн сайын ұштала түскен Талғат аспанға көтерілген сәтте, жау әскері командирлерін талай-талай есі кетіп, құдайына сыйынатындай жағдайларға душар етті, батыр жау ұшақтарын баудай түсіріп, танктерін, автомашинасын, зеңбірегін бірден-ақ жойып жіберіп отырды.

Аспан көгінде ойнақтаған кешегі сержант капитан дәрежесіне дейін көтеріліп, «ИЛ-дер» эскадрильясын басқарды. Кеңес Одағының Батыры Т.Бигелдинов басқарған бұл эскадрилья Харьков түбінде, Днепр өзенінен өтерде, Львов операциясы кезінде неміс басқыншыларына жойқын соққы беріп, Одер және Нидте асқан ерлікпен Берлинге шығар жолдарды ашты. Батыр Берлин төбесімен өте төмен ұшып, картаға жау әскерінің шоғырлануын түсіріп алады, бомба тиеп алып, гитлершілерді тұншықтыруға аттанып бара жатады. Осындай ерен ерліктері үшін 1945 жылы 26 қазанда Т. Бигелдиновке екінші рет Кеңес Одағының Батыры атағы берілді.

Жас ұрпаққа батырлықтың керемет үлгілерін көрсеткен қос Алтын Жұлдыз иегері Талғат Бигелдинов бейбіт өмірге аманесен оралғаннан соң да Әскери-әуе академиясын бітіріп, әртүрлі қызметтер атқарды. Оның өмір жолы мен кереметтей ерлік істері ел есінде мәңгіге сақталардай болды.

А. Мұсабекова



НҰРҒИСА ТІЛЕНДИЕВ

(1925-1998)

Қазақстанның (1975) және Кеңестік Социалистік Республикалар Одағының (1984) халық артисі, Қазақстанның халық қаһарманы (1998) сазгерлікті орындаушылық өнермен ұштастыра отырып, тыңдаушысын тамсандырған, аты аңызға айналған Нұрғиса Тілендиев – қазақ музыка тарихында қайталанбас тұлға.

Кеңестік дәуірде туып, бүгінгі кәсіптік өнердің аясында тәрбиеленсе де халықтық фольклордан мол сусындап өскен, өз творчествосына да фольклорлық сипатты көп сіңіре білген ол – си-

рек кездесетін талант. Нұрғисаның ерекше қасиетінің өзі – өткен дәуірдегі халық өнерпазының бойында кездесетін бірнеше өнердің жиынтығы бір өзінен табылатындығы. Ол – композитор, ол – виртуоз домбырашы, ол – дирижер, ол – ұйымдастырушы, ол – фольклоршы, зерттеуші, халық мұрасын ынтамен жинап, ел игілігіне асырушы.

Нұрғиса бойындағы табиғат сыйлаған дарынның негізгі тамыры әріде жатыр. Ол дүниеге келген Жетісу өңірі – суырып салма ақындық мектеп қалыптасқан, әншілікті, күйшілікті, сал-серілікті мирас етіп, дәріптеген құйқалы топырақ әсіресе айтыс өнерінің айрықша дамып, жетіліп бергі заманға дейін қаймағы бұзылмай жеткен аймақ та – осы жер. Оның үстіне батыс пен шығысты, оңтүстік пен солтүстікті жалғастырып, Ұлы Жібек жолының торабы болған Жетісу өлкесі XIX ғасырдың соңына ала қазақ даласының түкпір-түкпірінен келіп, ат басын тірейтін жәрмеңке базарына, өнер ордасына айналған. Абайдан бастап Балуан Шолақ, Біржан, Әсет, Естай, Шашубай сияқты әнші, композитор, ақындар келіп, халыққа өнерін тамашалатқан. Әйгілі Балуан Шолақ пен Әсет әндері Жетісу аспанында қалықтап, даланы, тау-тасты, сай-сала, орманды әсем сазға бөктірген. Нұрғисаның үлкен әкесі Тіленді де – Байсерке күйшімен үзеңгілес жүріп күй тартысқан, күйшілік өнерді мирас қып, артына мол күй мұрасын қалдырған өнерпаз.

Талантты жастың үлкен өнер жолына түсіп, музыкалық білім алуына жол ашқан, мүмкіндік туғызған өнер саласы бойынша тұңғыш әрі жалғыз академик, композитор, музыка зерттеушісі Ахмет Жұбанов болған. Болашағынан үміт күтіп, қаршадай баланы үлкен оркестрге мүше етіп алуы – Ахмет Жұбановтың Нұрғиса талантын жазбай танып, оған сенім артқаны болса керек. Ұшқан ұяда көрген тәрбие, өскен ортадан алған тағылым, өнер ордасы берген білім ұштасып келіп Нұрғиса талантын шыңдап, бойына біткен дарын тармақтарын бір арнада тоғыстырады.

Ол – көкірегін кернеген арман сазы, жүрек сыры, махаббат назы, туған ел қуанышы ән болып төгілген, күй болып шалқыған композитор. «Жан сәуле», «Кел еркем, Алатауыңа», «Куә бол», «Құстар әні», «Өз елім», «Саржайлау», «Алатау», «Көш керуен», «Аққу», «Аңсау», «Баянауыл бауырында» тәрізді әндер, «Ата толғауы», «Әлқисса», «Жеңіс салтанаты», «Махамбет» т.б. аспаптық шығармалары мен ондаған драма, кинофильмдерге жазған музыкалары соның айғағы.

Ол – тыңдаушысының құлақ құрышын қандырып, құмарынан шығаратын, көрерменді тамсантып, таңдай қақтырар, күй шерткен-

де бармағы пернеден бал тамшылататын домбырашы. Бұған мысал ретінде оның барлық концерті туралы айтпай-ақ, 1946 жылғы Кремль сарайында «Балалайканы» орындап, жеке орындаушылық шеберлігімен тәнті етсе, 1983 жылы Москвадағы Чайковский залында «Отырар сазы» оркестрінің концертінде оған қоса композиторлық, дирижерлігімен сүйсіндіріп, сондай-ақ 1994 жылы Солтүстік Кореяда жыл сайын өтетін дәстүрлі дүниежүзілік ән мерекесінде 64 мектептен келген өнерпаздардың ішінде Нұрғиса басқарған, дирижерлік еткен «Отырар сазы» оркестрінің бірінші орын алғанын айтсақ та жеткілікті.

Қ. Алпысбаев



ШӘМШІ ҚАЛДАЯҚОВ

(1930-1992)

Қазақ халқында «Шәмші, Шәмшінің әні» десе, ішкен асын жерге қоймайтын жан жоқ. Адам жүрегін тебірентетін сезімдердің қайсысы болмасын – асыл ана, ардақты әке, мөлдір сезім, шынайы махаббат – осының бәрі Шәмші әндерінің тақырыбы десек – артық айтқандық болмас...

1930 жылдың 15 тамызында Оңтүстік Қазақстан облысы, Отырар ауданы, Шәуілдір ауылында дүниеге келген Шәмші Қалдаяқов – қазақтың ұлттық музыка өнерінің ән жанрына аса айқын да соны леп ала келген сазгер. 1950 жылы Сарыағаштағы Қапыланбек малдәрігерлерлік техникумын бітірген Шәмші 1951-1954 жылдары Қиыр Шығыста әскери борышын атқарды. Шығармашылық жұмыспен 1950 жылдан бастап айналысқан ол 1955 жылы Ташкенттегі музыка училищесінің музыка теориясы факультетіне (проф. В. В. Великановтың класы бойынша) қабылданды.

Ш. Қалдаяқов – композитор және Қазақстанның халық әртісі. Оның шығармаларының тақырыптық, мазмұндық ауқымы кең. Шәмші шығармаларының қайсысын алмайық, олардың басты тақырыбы – елге, жерге, Отанға деген сүйіспеншілік. Оның әндері құлаққа жағымды, жүрекке жылы қабылданады. «Ақ ерке – Ақ жайық», «Арыс жағасында», «Сыр сұлуы», «Жарқырайды Жезқазған», «Қарқаралы», «Фосфорлы Жамбыл», «Талдықорған – әнім менің», «Теріскей», «Мойынқұмда», «Отырардағы той», «Өмір – өзен» т.б. өлеңдерінен кең байтақ жерімізге, елімізге деген ыстық ықылас, мейірім, сүйіспеншілік сезімдері байқалады.

Ал «Бақыт құшағында», «Бәрінен де сен сұлу» сияқты әндері жастық жігер мен шаттыққа толы. Сазгердің «Ана туралы жыры» әрбір аналар мерекесінің, аналар тойының сәні болса, марш екпінді, мағына-мазмұны терең «Менің Қазақстаным» әні бүгінгі күні тәуелсіз Қазақстан мемлекетінің әнұраны болып отыр.

Ш. Қалдаяқовтың көптеген әндері Р. Бағланова, Р. Абдуллин, Б. Төлегенова, Р. Мұсабаев, З. Қойшыбаева т.б. әншілердің репертуарынан берік орын алды. Ш. Қалдаяқов 1965 жылы Республика жастар сыйлығының лауреаты болды. 1991 жылы Ш. Қалдаяқов жайлы «Жылдарым менің, жырларым менің» (реж. Т. Ахметов) атты ғұмырнамалық деректі телефильм түсірілді. Артына музыкалық мол мұра қалдырған Ш.Қалдаяқов 1992 жылы 29 ақпанда Алматы қаласында қайтыс болды.

Сүйікті халқын ән бесігіне, вальс ырғағына бөлеген аса белгілі сазгерді есте сақтау мақсатымен Шымкент қаласындағы облыстық филормония мен бір көше, Алматы қаласындағы бір көше, композитордың туған өлкесі – Шәуілдір ауданындағы музыка мектебі Қалдаяқовтың есімімен аталады. Шымкент филормониясының алдына сазгердің ескерткіші орнатылған. Ал 1992 жылдан бастап жыл сайын сазгерлер мен әншілер үшін Қалдаяқов атындағы халықаралық байқау-фестивалінің өтілуі – Шәмшіге деген халық ілтипатының белгісі. 2002 жылы «Шәмшіғұмыр» атты естеліктер мен мақалалар жинағы жарық көрді.

А.Мұсабекова



МҰҚАҒАЛИ МАҚАТАЕВ
(1931-1976)

«Қазақ әдебиетінің алтын ғасыры» атанған жиырмасыншы жүз жылдықтағы ұлттық поэзиямыздың ірі тұлғаларының бірі, әр жүрекке жол тапқан әсерлі өлеңдері оқырман сүйіспеншілігіне бөленіп келе жатқан Мұқағали ақын 1931 жылы Алматы облысы, Райымбек ауданы, Қарасаз ауылында дүниеге келген.

Аспан тіреген Ақбас шыңдар, айналасын қарағайлы таулар, аршалы белдер қоршалай көмкерген Шалкөденің жазығы, жалбызды жағасына күміс шашқан тұма суының сыңғыры, мөлдіреп аққан

қасиетті Қарасаздың сылдыры бала Мұқағалидың ойын әлдилеп, қиялына қанат бітірген алтын бесігі еді.

Мұқағали Мақатаев – қазақ поэзиясының көгінде кешегі майдангер, ғажайып дарын иесі Қ. Аманжоловтан кейін жарық жұлдыздай жарқ етіп, оқырманды өзіндік сыр-сипаты қайталанбас дарынмен баурап алған ерекше тұлға. Мұқағали Қасымды қай жағынан болсын пір тұтып мақтан еткен.

Дейсіңдер-ау, Қасымның несі басым?!
Қасым солай болмаса, несі Қасым.
Ақынмын деп қопаңдап жүргендердің,
Әммесінен Қасымның десі басым, -

деп толғайды. Қасым тағдыры өз басына келіп, дерт меңдеген шақта да, ол ажал алдына бас имей, Қасымның қайратын өнеге тұтады.

М. Мақатаев асқар тау мен дархан даланың жаны-жарқын асыл адамдары мен таңғажайып табиғатының асқақ жыршысы болды. Бұл егіз тақырып ақын шығармашылығында ажырамастан біте қайнасып, кереметтей сіңісіп кеткен.

Таулар менің таусылмайтын бақытым,

Ал, ырысым – ұлан ғайыр кең далам, – деп жырлайды. Ақын суреттеуінде дала дидары әр қырынан жақсы жадырап ашылады.

Боз далам, күрең далам, жасыл далам.
Кісі емес саған келіп бас ұрмаған.
Құныға құрышым бір қанбай қойды-ау,
Қалай ғана құшармын ғашық далам? – деп сыр төгеді.

Мұқағали нені жырласа да поэзиясында өзіндік үні естіліп, өзіндік қолтаңбасы көрініп тұрады. Ақынның туған жері, ауылы, оның адамдары, өз өмірі – поэзиясы. Ол әр уақытта өз халқымен бірге қуанып, халқымен бірге күйініп отырады. Сондықтан ақын жасаған әр образ – сол бір кезең тарихының, өмірінің шынайы бейнесі.

Қырық бес жыл ғана өмір сүрген ақынның тірі кезінде шығармалары өз дәрежесінде кітап болып жарық көре алмады. Шағын-шағын екі-үш кітапшасы ғана басылды. 1976 жылы қайтыс болғаннан бері ақынның мол мұрасы жеке том болып та, екі томдық, төрт томдық болып та жинағы шықты.

Тірісінде өз бағасын ала алмаған, алайда шығармалары арқылы халқының ең сүйікті ақынының біріне айналған М.Мақатаевқа 2000 жылы Абай атындағы мемлекеттік сыйлық берілді. Алматыдағы бір мектеп, бір көше ақын есімімен аталады. Туған ауылы Қарасазда ақын мұражайы бар.

Қ.Алпысбаев



НҰРСҰЛТАН НАЗАРБАЕВ

(1940 жылы туған)

Тұңғыш Елбасымыз Нұрсұлтан Назарбаев жайлы әңгімелеудің өзі – бақыт. Олай деудің себебі – басынан бейнеті арылмаған, «мың өліп, мың тірілген» қазақ халқының тәуелсіздіктің қыл бұғауынан мәңгілік азат болуы – осы есіммен тікелей байланысты. Ата-бабаларымыз жылдар бойы қан төгіп, күрессе де ала алмаған тәуелсіздікке біз тек өткен ғасырдың соңын ала ғана қол жеткіздік. Осыған орай 1991 жылы 16 желтоқсанда «Қазақстан Республикасының Мемлекеттік тәуелсіздігі туралы» заңға қол қойған осы тұңғыш Елбасымыз болды.

1940 жылы 6 шілдеде Алматы облысы, Қарасай ауданының Шамалған ауылындағы қарапайым қазақтың отбасында дүниеге келген Нұрсұлтан Назарбаев жасынан отбасына мейірімді, іні-қарындастарына қамқор, ата-анасының нағыз сүйеніші болып өсті. Шаруаға икемді, тіл алғыш, үлкен-кішіге ілтипатты бала үй-ішіне азық-түлік, малына жем-шөп тасумен өзі де айналысатын болған. Мектепте озат оқып, ылғи алдыңғы қатарда көрінетін, сыныптас достарынан да көмегін аямайтын. Мінезі орнықты, ісіне тындырымды да сабырлы Нұрсұлтан жаңалыққа жаны құмар жігіт болып өсті. Ол алғаш, барлық алғыр балалар сияқты, ұшқыш болуды армандаған, кейін ол ойынан бас тартты. Сөйтіп ол Днепродзержинск техникалық училищесін, Қарағанды металлургия комбинатына қарасты жоғары техникалық оқу орнын, жоғары партия мектебін бітірді.

Нұрсұлтан Назарбаев қазір экономика ғылымдарының докторы, академик. Н. Ә. Назарбаевтың бастамасымен жасалған игілікті істерге тоқталатын болсақ, ең бастысы, 40 жыл бойы 459 рет жер беті және жер асты ядролық жарылысын жасап, адамзат баласына ажал оғын төгіп келген Семей ядролық сынақ полигоны жабылды. Астананы Елордаға көшірудің де ұлт тұтастығын, ел тыныштығын ойлаған Елбасының көреген бастамасы екендігі бүгінде баршаға аян. Қазіл бұл қала әлемді таңғалдырып отырған, қазақ халқының ұлттық мақтанышына айналған сәулетті де сәнді елордаға айналды.

Қарап отырсаңыздар, қаншама ірі мемлекеттік мәселелер Елбасы көрегендігімен әрдайым оңтайлы шешімін табуда. Қытай мен Ресей сияқты алып мемлекеттермен арадағы шекараның жайы – Нұрсұлтан Әбішұлы бейбіт жолмен шешкен халықаралық мағынадағы ең сүбелі мәселелердің бірі емес пе?! Ал қазақтың ана тілін мемлекеттік тіл етіп, мәртебесін жоғарылатқан кереметті айтсаңызшы! Тұтастай мемлекет болып ана тілімізде ойлап, ана тілімізде сөйлейтін халге жеткеніміз жеңіс емей немене?! Халықтың әл-ауқатын жоғарылатуға, қазақ ұлты санының өсуіне бар мүмкіндік пен жағдай жасалуда...

Нұрсұлтан Назарбаев халық тілегімен өткен 2005 жылғы сайлауда қайтадан Президент болып сайланды. Бұл – Елбасыға халқы тарапынан жасалған зор құрмет екені анық.

А.Мұсабекова



МҰХТАР ШАХАНОВ

(1942 жылы туған)

Қазақтың тілі мен ділі, ұлттық қалып-қасиеті жайлы, адамгершілік ізгіліктер жайлы танбай жазып келе жатқан ақын, қоғам қайраткері Мұхтар Шаханов үлкеннің де, кішінің де сүйіктісіне айналғаны белгілі. Ол – Қазақстан Республикасы Халық жазушысы (1996), Қырғыз Республикасының Халық ақыны (1999). 1942 жылы 2 шілдеде Оңтүстік Қазақстан облысы, Төле би ауданы, Қасқасу ауылында дүниеге келген. М.Шаханов 1969 жылы Шымкент пединститутын бітірді. Ол 1961-1965 жылдары «Оңтүстік Қазақстан» газетінде әдеби қызметкер, 1965-1970 жылдары «Ленишіл жас» (қазіргі «Жас Алаш») газетінің оңтүстік облыстарындағы тілшісі болып қызмет атқарды. Болашақ ақынның алғашқы өлеңі «Сырдария» (1959) деп аталады. 1966 жылы М. Шахановтың тұңғыш өлеңдер жинағы «Бақыт» деген атпен жарық көрді. 1968 жылы махаббат, достық тақырыбындағы, адамгершілік абзал қасиеттерді жырлаған «Балладалар», 1970 жылы «Ай туып келеді» атты өлең жинақтары жарық көрді. 1970-1971 жылдары М. Шаханов Шымкент облыстық комсомол комитетінде сектор меңгерушісі, 1971-1976 жылдары ҚР Телевизия және радиохабар жөніндегі мемлекеттік комитеттің аға, бас редакторы, ал 1976-1979 жылдары ҚР Баспа, полиграфия және кітап саудасы істері жөніндегі мемлекеттік комитеттің бөлім бастығы

қызметін атқарды. 1974 жылы М. Шахановтың «Қырандар төбеге қонбайды», 1979 жылы «Ғашықтық» атты жинақтары жарыққа шықты. Ақын 1984-1993 жылдары «Жалын» альманағының бас редакторы әрі Қазақстан Жазушылар одағының хатшысы (1986 жылдан бастап) қызметтерін атқарды. Осы жылдары ақынның «Махаббатты қорғау» (1982) және «Ғасырларды безбендеу» (1988) атты өлеңдер, балладалар мен поэмалар жинақтары басылды. М. Шаханов 1993-2004 жылдары Қазақстан Республикасының Қырғыз республикасындағы төтенше және өкілетті елшісі, 2004-2007 жылдары ҚР Парламенті Мәжілісінің депутаты болды.

М. Шаханов поэмаларының тақырыптары сан алуан. «Танакөз» шынайы достық, адал махаббат, қайырымдылықты дәріптесе, «Сейхундария» Сырдария туралы көне аңыздардың желісіне құрылған, «Күретамырды іздеу» жастық шақты жырласа, «Сенім патшалығы» көне дәуір мен бүгінгі өмір адамдарын шендестіре суреттеп, философиялық ой түйеді, «Махаббатты қорғау» махаббат триптихтарынан тұрса, «Нарынқұм трагедиясы» халық қамы үшін күрескен патриот ақын Махамбеттің өміріне арналған. Ақынның «Жеңілген жеңімпаз хақындағы Отырар дастаны немесе Шыңғыс ханның қателігі» атты поэмасы Отырар тағдырын суреттейді.

М. Шаханов – драматургия жанрына да қалам тербеген. Оның «Махаббат таңы» (1970), «Сенім патшалығы» (1977), «Көкейкесті» (1987) атты поэзиялық пьесалары театр сахналарында қойылды. «Уақыт бедерлері» (1981), «Зерде кітабы» (1984) атты жинақтары орыс тілінде жарық көрді. М. Шахановтың шығармалары шет елдерде де басылып шықты.

А. Мұсабекова



ТОҚТАР ӘУБӘКІРОВ

(1946 жылы туған)

Жас кезінен алдына қалайда ұшқыш болуды мақсат етіп қойған арманшыл жандардың бірі Тоқтар Әубәкіров 1946 жылы 27 шілдеде Қарағанды облысының Бірінші Май ауылында туған. Ата-анасынан жастай жетім қалған ол апасының қолында тәрбиеленеді. Тоқтар үшін

өзі балалық шағын өткізген аяулы мекенін көк жүзінен көру арман болды. Балаң жігіт, ең алдымен, бос уақытында аэроклуб үйірмесіне қатысып, парашюттен секіруге әуестенді. Осылай асыл арман аясында жүріп ол орта мектепті бітірген соң, Армавирдегі ұшқыштар училищесіне оқуға түсті.

Инженер-ұшқыш атағымен училищені бітірген Тоқтар Қиыр Шығыста жұмыс істеп жүріп, 1-класты әскери ұшқыш атағын иеленді. Өз ісін жетік меңгерген маман ретінде ол аса жауапты да қиын жұмыстар атқарды: түрлі маркадағы бірнеше әскери ұшақты сынақтан өткізді. Албырт жастың әлі де алдына қойған мақсаттары көп еді, ақыры ол өз арманына жетті. 1986 жылы «Тбилиси» авиакрейсеріне «МИГ-29К» дыбыстан жылдам ұшатын ұшағын қондырып алып, сол кememен әлемде тұңғыш рет трамплиннен ұшып шықты. Осы батырлығы үшін Т. Әубәкіровтің есімі Гинестің рекордтар кітабына жазылды.

Тоқтар 50-ден астам жаңа ұшақтарды сынақтан өткізді. Осындай өміріне аса қауіпті сынақтарды жүзеге асырғаны үшін ер жүрек жігітке Кеңес Одағының Батыры атағы берілді. Қазақ жігіті Отан алдында жасаған ерлік әрекеттерін әлем жұртшылығы алдында дәлелдеуін осылай бастады.

Өз өміріндегі ең бір шуақты сәт жайлы Тоқтар былай деп әңгімелейді: «Ол кезде ғарышқа тек Тоқтар Әубәкіров емес, бүкіл қазақ баласы ұшып бара жатты. Сонда мен рапортты басқа тілде беруім керек пе? Рас, ол уақытта мен қазақ тілін жете білмейтін едім. Себебі 30 жыл ғұмырым орыстар арасында өтті. Сонда да тілімді бұрап: «Мен қазақпын! Мен ұшуға дайынмын! Қазақ халқы үшін!» - дедім. «Кемеңіз от алып, жерден көтеріліп бара жатқанда, қандай сезімде болдыңыз?» - дейсің. Жалпы, ғарышкерлердің арасында жазылмаған мынадай заң бар. Ғарыш кемесі көтерілер сәтте «поехали» деп айту керек. Ол сөз Ю.Гагариннен қалған. Бірақ мен осы дәстүрді бұзып: «Халқым, сен үшін отқа да, суға да түсуге дайынмын!» - дедім. Қазақша айттым, ол сөздерім таспада бар».

Ресейдегі әскери қызметтен босаған соң, Тоқтар Әубәкіров тәуелсіз мемлекетіміздің ғарыш саласындағы істеріне басшылық жасады, Елбасының ғарыш істері жөніндегі кеңесшісі болды. Тоқтар Әубәкіров – техника ғылымдарының докторы (1998), профессор (1997), Кеңес Одағының еңбек сіңірген ұшқыш-сынақшысы, авиация генерал-майоры (1995). Қазір Тоқтар Әубәкіров – Қазақстан Парламенті Мәжілісінің депутаты, халық қалаулысы. Елімізде ту-

ындап отыратын күнделікті мәселелерге белсене араласып, олардың оңтайлы шешілуіне үлесін қосуда.

А. Мұсабекова

Қазақ халқының ұлттық құндылықтары

ШЕЖІРЕ



Шежіре арқылы біз халықтың этникалық құрылымы, шығу тегі, таралуы, тұтастығы жөнінде мол мағлұмат аламыз. «Шежіре» сөзі «сақтау», «ағаштың бұтағы» деген ұғымдарды білдіреді. Шежірешілдік көшпелі қоғам туғызған қажеттілік және көшпелілердің әдет-ғұрып, салт-санасының негізінде туған. Ел арасында өмір тарихын өте жақсы білген «шежіре адамдар» болған. Олар қазақтың ата-бабадан келе жатқан салт-дәстүрін, заңдарын, әдет-ғұрпын, ай-күн есептерін жақсы білген, небір аңыз-әпсана, жырларды жадында сақтаған. Қазақ тарихын зерттеуші ғалымдар негізгі дерек көзін шежіреден алады. Шежіренің ішінде аңыз бен шындық та, ертегі мен әпсана да, өнер мен ғылым да бар. Осы жағынан алғанда дәстүрлі қазақ мәдениеті мен шежірені біртұтас қарастырамыз. Қазақтар өз бастауын Алаша ханнан алады. Алаша ханға байланысты айтылатын шежірелердің орны бөлек. Өз мемлекеттілігін танығысы келген халықтың осы Алаша ханға байланысты аңыздарға жүгінгені жөн. Кейінгі орта ғасырлардағы тарихи оқиғаларды, халықтың басынан өткен айшықты кезеңдерді Рашид ад-Дин, Әбілғазы Бahадүр, Өтеміс қажы, Мұхамед Хайдар еңбектерінен көруге болады. Қазақ елінің тарихын толықтыра түсетін бір дерек Махмуд Абдоллах пен Уәлидің «Зубдат ал-асрары» деген еңбегі. Мұнда қазақтардың орта ғасырлардағы көрші елдермен саяси қарым-қатынасы баяндалады. Бертін келе XIX ғасырдың соңында Ш. Құдайбердіұлының «Түрік, қырғыз-қазақ һәм хандар шежіресі» деген кітабы, Ә. Бөкейхан сөзімен айтсақ, «қазақ шежіресінің тұңғышы» болды. Мұнда Шәкәрім халықтың өткен тарихын баяндаған. Халық ауыз әдебиетін жинауда М. Ж. Көпеевтің де еңбегі зор. С.Мұқанов: «М. Ж. Көпеев

шежіресінің өзге шежірелерден ерекшелігі, ол әрбір аталарды баяндағанда, сол аталардың тұсында болған оқиғалар туралы ел аузында қалған ертегі-аңыздарды қоса айтады» деп жазады. Жарық көрген құнды шежірелердің бірі – Құрбанғали Халидтің «Тауарих Хамсасы». Шағатай тілінде жазылған бұл туындыда қазақ елінің тарихы, әдет-ғұрпы, «қазақ» этнонимінің шығу тарихы, рулар жөнінде тың деректер кездеседі.

XIX ғасыр мен XX ғасырдың басында қазақ шежіресін жасауға Ш. Уәлиханов, А. Құнанбаев, М. Сералин, М. Тынышбаев, Н. Наушабаев көп еңбек сіңірді. Шежірелік дәстүрді XX ғасырда Х.Арғынбаев, С. Толыбеков, С. Мұқанов, В. Востров, М. Мұқанов жалғастырды.

Қазақ шежіресінің өскелең ұрпақты ұлтын ұлықтауға тәрбиелеуде үлкен мәні бар.

ҚАЗАҚТЫҢ ТӨЛ МЕЙРАМЫ



1. ***Наурыз мейрамы*** күн мен түн тепе-теңдікке келген сәттен бастап тойланады. Наурыз мерекесінде көпшілік бұлақтардың көзін ашып, тал егіп, игілікті жұмыстар атқарады. Бұл кезде мал төлдеп, жер көктеп, дүние жаңара бастайды. Сондықтан да наурыз тойын «тепе-теңдік», «игілік», «жаңару» мейрамы деп атайды.

2. ***Қымызмұрындық*** – жаз тойы болып, мамыр айынан бастап маусым айына созылатын үлкен той. Осы кезде мал отығып, биелер желіге байланып, қымыз жиналып, ағайын-жекжаттар бірін-бірі қымызға шақырады. Құран оқып, мал сойылып, түрлі ойын-сауықтар, жарыстар ұйымдастырылады. Осы кезде түрлі той-томалақтар да өткізіледі.

3. ***Мизам (Сабан той)*** – күз айында дикандар мен бағбандардың құрметіне арналған той. Бұл тойда түрлі жарыстар мен ойын-сауықтар өткізіледі.

4. ***Соғым басы*** қыс тойы болып алғаш рет қар жауып аяз түскен

сәттен басталады. Осы кезде ауыл адамдары соғымға сақтаған малдарын сойып, бірін-бірі қонаққа шақырады. Қыстың ұзақ түнінде ақындар мен жыршылар терме, қисса, ертегі айтып, жұртты қызыққа батырады.

Қазақ дәстүрлі мәдениетінің анықтамалығы



ҚАЗАҚ ХАЛҚЫНЫҢ ҰЛТТЫҚ КИІМДЕРІ

Тақия – Шығыс халықтарына тән бас киімнің түрі. Жеңіл, дөңгелектеп тігілетін бас киім. Ұлттық өрнегіне, тігілуіне қарай әртүрлі болады. Тақияны тіккенде бір түсті матадан (сәтен, шұға, барқыт т.б.) таңдаса, төбесі төрт сай немесе дөңгелек, үшкіл төбелі етіп тігіледі. Ерлерге арналған тақияның кестелісі де, кесетесізі де кездеседі. Жиегі қолмен немесе машинамен сырылады. Қыздарға арналған тақиялар әртүрлі жіптермен кестеленіп, моншақ, асыл тастармен безендіріледі.

Сәукеле – қызды ұзатқанда киетін бас киім. Сәукелені қыз ұзатылғанда күйеу еліне киіп бару үшін тіктіреді.Сәукеле арнайы басылған ақ киізден немесе арасына қыл салынып сырған матадан жасалып, сырты қымбат матамен (барқыт, атлас, шұға) қапталып, шетін құндыз, кәмшәт терісімен айналдыра тігіледі.

Сәукеленің төбесіне, өн бойына алтын, күміс, маржаннан әшекей тағылып, алтын жібек жіппен кестеленеді. Сәукеленің төбесіне жібектен желек тағылып, оған үкі қадайды.

Тымақ – аңның немесе малдың терісінен тігілетін қыстық бас киім. Тымақты ішік сияқты тігілген терісіне байланысты: түлкі тымақ, елтірі тымақ деп аталады. Тымақ төрт сайлы, биік төбелі, суықтан қорғайтындай етіп тігіледі. Тымақтың екі құлағы және мойынды жауып тұратын артқы етегі болады.

Кимешек – әйелдердің бас киімі. Кимешек ақ матадан немесе ақ жібектен тігіледі. Ол басты, кеудені, иық пен арқаны жауып тұрады. Кимешектің кеуде жағын, бет жаулықтарын көмкеріп кестелейді.

Бөрік – қазақтың ертеден келе жатқан бас киімі. Бөрік қыстық бөрік (жүн немесе мақта салып тігіледі), жаздық бөрік болып екіге

бөлінеді. Бөрікті қыздар да, ер адамдар да киеді. Аңның терісімен немесе қымбат матамен тысталады. Аңның терісіне қарап оларды құндыз бөрік, кәмшәт бөрік, түлкі бөрік деп атайды. Қыздар киетін бөріктің төбесі төрт сайлы болып келеді және үкі тағылады, асыл тастармен көмкеріліп, күміс теңгелерден салпыншақ тағылады. Қазақта әшекейлі, үкілі бөрікті сал-серілер де киген.

Етік – ертеде илеген теріден, бертінде былғарыдан киген. Былғарыдан тігілген етіктің қонышы ұзын болып келеді.

Былғары етік қара, сары, қызыл түсті бояулармен боялады. Қыз-келіншектер қызыл түсті былғарыдан ою-өрнектеп тіктірген етік киген. Оны «сапиян етік» деп атайды. Ал мырза сал-сері жігіттер қара түсті былғарыдан, оюлатып етік киюді әдет еткен, оны «саптама етік» деп атаған.

Мәсі – аяқ киімнің бір түрі. Оның етіктен айырмасы – өкшесі болмайды, сыртынан кебіс киеді. Мәсіні ерлер де, әйелдер де киеді. Мәсіні жұмсақ былғарыдан немесе құрымнан тігеді.

Кебіс – мәсінің сыртынан киюге арналып, былғарыдан тігілген аяқ киім. Оның басын жұмсақ былғарыдан, табанын қатты ұлтаннан биік етіп тігеді. Кебісті оюлап әшекейлеп тігеді.

Саптама етік – қазақтың ұлттық қысқы аяқ киімдерінің бірі. Оны ерлер киеді, кең қонышы тізені жауып тұрады. Саптама етікті қыста киетін болғандықтан, оны сапалы былғарыдан тігеді, ішінен киіз байпақ киеді.

Байпақ – жылы аяқ киім. Киізден жасалады, саптама етіктің ішінен киіледі. Байпақтың қонышы етіктің қонышынан ұзын болады, тізені жауып тұруы керек. Тізе басары былғарыдан, барқытпен, басқа да матамен көмкеріледі.

Шапан – қазақ үшін өте сыйлы киім. Оны қалың матадан қазақтың ою-өрнегін салып, астарлап сырып тігеді. Шапандар әртүрлі тігіледі: сырмалы шапан, қаптал шапан, қыз-келіншектерге арналған қималы шапан. Шапанды ерлер де, әйелдер де, балалар да киеді. Қазақ халқында сыйлы қонаққа шапан жабу дәстүрі әлі жалғасып келеді.

Ішік – аң терісінен немесе мал терісінен матамен қапталып тігілетін қыстық сырт киім. Ішік тон сияқты ұзын тігіліп, сәнді мол жаға салынады.Тігілген терісіне байланысты ішіктің әртүрлі атауы болады: бұлғын ішік, құндыз ішік, қасқыр ішік, түлкі ішік.

Тон – қойдың терісінен жүн жағы ішіне қаратылып тігіледі, әрі жылы, әрі жұмысқа өте ыңғайлы киімнің түрі. Тон тігіп кию ежелгі

қазақ салты болған. Тонға мол жаға салынып, екі өңірі, жеңінің ұшы, етегі түсті матамен немесе елтірімен көмкерілген.

Шекпен – қазақтың ұлттық сырт киімінің бір түрі. Ол қойдың немесе түйенің жүнінен тоқылып, көбінесе, шапанға ұқсас үлгімен тігіледі. Шекпеннің арасына жүн немесе мақта салып тігілген түрі жеңіл пальто немесе қаптал шапан орнына киіледі.

Қамзол – жеңсіз жеңіл киім. Жас ерекшелігіне қарай: бір түсті едәуір қалың матадан, жібектен, мақпалдан, атластан тігіледі. Қыздарға арналған қамзолдың өңіріне кесте тігіліп, ою-өрнек салынады. Қамзолдың етегі кең болып келеді. Қазақ халқына кең тараған ұлттық киім.

Көйлек, жейде – әйелдердің киімі. Қос етек көйлекке екі, үш етекті қоса тігеді. Кең етекті көйлекке ештеңе қоспай тігеді. Тік етек пен кең етек көйлекті әжелер, бүрмелі көйлекті жас қыздар мен жас келіншектер киеді. Етегінің қатпарына сай, жеңіне де қатпар түсіріледі.

Белбеу – киім сыртынан бел бууға арналған, бір ұшы айылбасты былғары (1,5-2 м), қайыс немесе (2-3 м) шүберек. Шүберекте айылбас болмайды. «Бел» және «Бау» сөздерінен қосылып, фонетикалық өзгеріске ұшыраған. Былғары сыртына кейде алтын, күміс әшекей орнатылады.

Биялай – қолға киетін киім. Иленген қой терісінен, былғарыдан тігіледі немесе жүннен тоқылады. Бармақтан басқа төрт саусағы біріктіріліп, кейде қажетіне қарай сұқ саусағын даралап та жасайды. Биялайды кей жерлерде қолғап деп те атайды. Ол бес саусақты болады.

Адамның жасына байланысты атаулар

- 1 жасқа дейін – шақалақ, нәресте
- 1 жастан 2 жасқа дейін қыз бала – бөпе, ұл бала – бөбек
- 2 жастан 3 жасқа дейін – бүлдіршін
- 3 жастан 5 жасқа дейін – балдырған
- 6 жастан 7 жасқа дейін – сәби
- 8 жастан 12 жасқа дейін – ойын баласы
- 13 жастан 15 жасқа дейін – ересек бала
- 16 жастан 19 жасқа дейін – бозбала
- 20 мен 30 жас аралығы – жас жігіт

- 30 бен 40 жас аралығы – дүр жігіт
- 40 пен 50 жас аралығы – ер түлегі
- 50 мен 60 жас аралығы – жігіт ағасы
- 70 пен 80 жас аралығы – ақсақал
- 80 жастан жоғары – шал, қарт, қария

Мүшел жас

1-мүшел – 13 жас (ер жете бастау)
2-мүшел – 25 жас (жігіттік жас)
3-мүшел – 37 жас (ақыл тоқтау)
4-мүшел – 49 жас (орта жас)
5-мүшел – 61 жас (орта жас)
6-мүшел – 73 жас (қарттық)
7-мүшел – 85 жас (кәрілік)
8-мүшел – 97 жас (қалжырау)
9-мүшел – 109 жас (шөпшек сүю)
10-мүшел – 121 жас (немене сүю)

Ер адамның өз жұртының атаулары
Ата – әкенің әкесі, бергі ата
Арғы ата – атаның әкесі
Әже – әкенің шешесі, үлкен әже
Әке – өзінің туған әкесі
Апа – өзінің туған шешесі (анасы)
Әпке – өзінен жасы үлкен қыз (әйел)
Қарындас – өзінен жолы кіші қыз (әйел)
Аға – өзінен үлкен ұл бала
Іні – өзінен кейінгі ұл бала
Ағайын – бауырлас, аталас адамдар
Баба – арғы ата, үлкен ата
Жеңге – ағаның әйелі
Келін – інінің әйелі
Жиен – күйеуге шыққан әпкеден не қарындастан туған бала
Жиеншар – жиеннен туған бала
Жезде – әкесінің күйеуі
Күйеу – қарындасының күйеуі
Немере – ата-ананың ұлынан туған баласы

Шөбере – немереден туған бала
Шөпшек – шөбереден туған бала
Немене – шөпшектен туған бала
Туажат – неменеден туған бала
Жүрежат – туажаттан туған бала
Жегжат – жүрежаттан туған бала

Ер адамның нағашы жұртының атаулары
Нағашы ата – шешенің әкесі
Нағашы әже – шешенің шешесі
Нағашы аға – шешенің аға-інілері
Нағашы апа – шешенің апа-сіңлілері
Нағашы іні – шешенің бауырларынан туған жасы кіші бала
Нағашы қарындас – шешенің бауырларынан туған жасы кіші қыз
Нағашы жеңге – шешенің апа-сіңлілері күйеуі
Бөле – шешенің апасы не сіңлісінің ұл-қыздары

Ер адамның қайын жұртының атаулары
Қайын ата – әйелінің әкесі
Қайын ене – әйелінің шешесі
Қайын аға – әйелінің ағасы
Қайын бике – әйелінің әпкесі
Қайын іні – әйелінің інісі
Балдыз – әйелінің сіңлісі
Бажа – әйелінің әпкесінің не сіңлісінің күйеуі

Әйел адамның қайын жұртының атаулары
Қайын ата – күйеуінің атасы
Қайын ене – күйеуінің шешесі
Қайын аға – күйеуінің ағасы (жақын ағалары)
Қайын бике – күйеуінің әпкесі (жақын әпкелері)
Қайын іні – күйеуінің інісі (жақын інілері)
Қайын сіңлі – күйеуінің қарындасы (жақын қарындастары)
Абысын – қайын ағасының әйелі
Ажын – қайын інісінің әйелі
Жезде – қайын бикесінің күйеуі
Күйеу – күйеуінің қарындасының жұбайы



МАҚАЛ-МӘТЕЛДЕР

Отан қадіріне жетпеген
өз қадіріне жетпейді.

Отанын сатқан оңбас.

Отан үшін күрес – ерге тиген үлес.

Елдің елдігі ерінен танылар,
Елдің байлығы жерінен танылар.

Ел-елдің бәрі жақсы,
өз елің бәрінен де жақсы.

Еліңді тастап шетке кетпе,
Шетке кетсең де көпке кетпе.

Ерден аспақ бар, елден аспақ жоқ.

Өзге елде сұлтан болғанша,
Өз еліңде ұлтан бол!

Жемісті ағаш жер бауырлар өседі,
Жетелі жігіт ел бауырлап өседі.

Жер – қазына, су – алтын.

Аққу көлін аңсайды,
Адам туған жерін аңсайды.

Үйіңде қартың болса – асыл қазынаң.

Ағаш тамырымен, адам досымен мықты.

Ағашты жемісінен таниды,
Адамды ісінен таниды.

Көпке топырақ шашпа.

Жолдасты жол айырады.

Жөн сұраған кісі адаспайды,
Жол сұраған кісі жаңылыспайды.

Бір жеңнен қол шығар,
Бір жағадан бас шығар.

Жаман туыстан жақсы жолдас артық.

Бас болмақ оңай, бастамақ қиын.

Ел иесіз болмайды,
Сөз жүйесіз болмайды.

Көп ішінде сөйлеген
көсемдіктің белгісі.
Көпке сөзі ұнаған
шешендіктің белгісі.

Бірлік еткен озар,
Бірлеспеген тозар.

Ата өнері балаға мұра.

Ата тұрып бала сөйлесе – шіркіндігі,
Аға тұрып іні сөйлесе – еркіндігі.

Баланың ұяты әкеге,
Қыздың ұяты шешеге.

Ана алдында құрмет,
Ата алдында қызмет.

Анаңа ауыр сөз айтпа,
Атыңа ауыр жүк артпа.

Ана сүті бой өсіреді,
Ана тілі ой өсіреді.

Әке балаға сыншы.

Әкесі бардың арысы бар,
Ағасы бардың жағасы бар,
Інісі бардың тынысы бар.

Мінсіз дос болмайды,
Мүлтіксіз қос болмайды.

Адамның әдемілігі шыншылдығында.

Шындық бар жерде өтірік байқап жүреді,
Шындық жоқ жерде шіреніп, шайқап жүреді.

Адал дос алтыннан қымбат.

Үлкенді сен сыйласаң
кіші сені сыйлайды.
Кіші сені сыйласа
Кісі сені сыйлайды.



ЖАҚСЫ СӨЗ– ЖАРЫМ ЫРЫС

• Кездескен адамдар бір-біріне «Ассалаумағалейкум!» деп сәлем береді. Бұл «сізге нұр жаусын» деген сөз. Сәлем алушы «Уағаликүміссалам!» дейді. Бұл «Сізге де нұр жаусын» деген сөз.

• Таңертеңгілік немесе таң атып келе жатқанда кездескен адамдар «қайырлы таң болсын» деп тілектестік білдіреді.

• Наурыз күні «Ұлыс құтты болсын!», «төрт түлік ақты болсын» деуді ұмытпаған жөн.

• Жаңа жылға «жыл құтты болсын», «бақыт, табыс жылы болсын» деп құттықтайды.

• Халық әдетінде әрбір істі, тамақты «біссімілда» деп бастайды.

• Үйге келген кісі шаңырақка сәлем беріп кіреді. Үй иесі сәлемін алып, жасы кіші болса қайта сәлем беріп, «хош келдіңіз», «төрге шығыңыз» деп ілтипат көрсетеді.

• Кешкілік үйге келгендер «кеш жарық» деп кіреді.

• Қазақ әрбір сәтті күнге, қуанышқа, мәжіліске, тойға келгенде «құтты болсын» деп игі сөзді қосып айтады.

• Тойға жиналғандар «той-тойға ұлассын» деп құттықтайды. Мұны қабыл алғандар «айтсын», «айтқаның келсін», «бірге болсын» деген жылы сөздермен қарсы алады.

• Мәжіліске немесе бірнеше адам бас қосқан жерге келген адам «орта толсын» дейді. Үйдегілер «кемісі сізбен толсын» деп орын ұсынады.

• Жұмыс немесе іс басына келген адам «іске сәт» десе, оған «айтсын-ақ» деп жауап береді.

• Жаңа үйленген жастарға «құсың құтты болсын», «отау берік болсын» деп құттықтайды.

• Ас үстіне келгендер «ас тәтті (дәмді) болсын» дейді.

• Жаңа қоныстанып жатқандарға «қоныс құтты болсын» деп жөн сұрасады.

• Көшіп бара жатқандарға «көш оң болсын», «көш көлікті болсын» деп тілек білдіреді.

• Жолаушыға «қайда барасыз» деген дұрыс емес, «жол болсын», «жолдасың Қыдыр болсын, «сапар сәтті болсын» деу керек. Ол «әлей болсын» деп жөнін айтады.

• Зат, бұйым сатып алғандарға «игілігіңе тұтын» деген жөн.

• Киім сатып алғанға «киімің күйрек, жаның берік болсын» деп айтады.

• Соғым сойған үйге «бұйыртып жегізсін» дейді.

• Жаңа туған айды көргенде «ай көрдім, аман көрдім, ескі айда есірке, жаңа айда жарылқа» деп бата жасайды.

• Ағып түскен жұлдызды көргендер «менің жұлдызым жоғары» деп тәубаға келеді.

• Алғаш күн күркірегенде «жер көк болсын, ақ көп болсын» деп тілек тілейді.

• Мал төлдетіп жатқандарға «төл көбейсін» дейді.

• Мал айдағандарға «айдар көбейсін» дейді.

• Бәйгеге ат қосқандарға «шабар көбейсін» дейді.

• Егін егіп жатқандарға «бір дәнің мың дән болсын» дейді.

• Ораза ұстаған кісілерге «оразаң қабыл болсын» деу керек.

• Ораза кезінде біреулер ауыр сөз айтатын болса оған «менің аузым берік еді» деген жөн.

• Адам түшкірсе «жәрәкімалда» дейді.

• Мал түшкірсе «тұш, жануар» деу керек.

• Шашалған адамға «май қап» дейді.

• Жел шығарып қойған адамды «шөремді бер» деп құлағынан тартып, ұялтады.

• Ауырған адамның көңілін сұрап, «тез сауығыңыз», «дертіңе шипа берсін» деп тілектестік білдіреді. Кешкілік аурудың көңілін сұрамайды.

С.Кенжеахметұлы

АТАДАН ЖЕТКЕН АСЫЛ СӨЗ

Халқыңа қызмет ет,
Ізгілерге ізет ет,
Жаны жақсы жайсаңдарға құрмет ет.

Жақсыдан ғибрат ала бергеннің ісі оңға басады.

Ұстазыңа бар ықылас-ниетіңмен қызмет қыл.

Қожа Ахмет Йасауи

Естіге айтқан ақыл сөз – шыңға тіккен тумен тең,
Ессізге айтқан ақыл сөз – құмға сіңген сумен тең.

Хан әділ болса – халық ынтымақты болады.

Майқы би

Надандықтың белгісі – тілін алмау білгеннің.

Асанқайғы

Сәлем – сөздің анасы.

Бұқар Қалқаманұлы

Сырт тазасы не керек, тазарт әуел ішіңді.

Үмбетей Тілеуұлы

Мен ағайынды екеумін: біреуі – өзім, екіншісі – халқым.

Сырым Датұлы

Ата-ананы, мейманды құрметтесең – Меккедей нұрға толар үйдің іші.

Шал Құлекеұлы

Қазақ халқы – ең бір бейбіт халықтардың бірі.

Тіл – қай халықтың болсын басты белгісі.

Шоқан Уәлиханов

Жақсы жолдас сыр шашпас.

Ақан сері Қорамсаұлы

Естілердің айтқан сөздерін ескеріп жүрген кісі өзі де есті болады.

Тегінде адам баласы адам баласынан ақыл, ғылым, ар, мінез деген нәрселермен озады. Одан басқа нәрсемен оздым ғой демектің бәрі де – ақымақшылық.

Құдайшылық – жүректе. Қалпыңды таза сақта!

Ғылымды , ақылды сақтайтұғын мінез деген сауыт болады.

Жаман дос – көлеңке: басыңды күн шалса – қашып құтыла алмайсың, басыңды бұлт алса – іздеп таба алмайсың.

Еріншектік – күллі дүниедегі өнердің дұшпаны. Талапсыздық, жігерсіздік, ұятсыздық, кедейлік – бәрі содан шығады.

Адамды сүй, алланың хикметін сүй.

Алланың өзі де – рас, сөзі де – рас.

Үш-ақ нәрсе адамның қасиеті: ыстық қайрат, нұрлы ақыл, жылы жүрек.

Қаракет қыл, пайдасы көпке тисін.

Кекшіл болма – көпшіл бол.

Біріңді, қазақ, бірің дос,
Көрмесең – істің бәрі бос.

Тамағы тоқтық,
Жұмысы жоқтық,
Аздырар адам баласын

Пайда ойлама – ар ойла.

Хақ сөзді бала айтса да тоқтамақ керек.

Абай

Орынсыз ұмтылудан сақтайтын алты түрлі ноқта бар: олар – ынсап, рақым, ар, ұят, сабыр, сақтық. Ең әділі – ынсап, өзгелердің тізгіні сонда болуға тиіс.

Адамдық – борышың.

Адамның ең асылы – қиянатсыз, ақ пейіл адам.

Мейірім, ынсап, әділет, адал еңбек, таза жүрек, тату дос – өміріңде өкіндірмес қасиеттер осылар.

Анық бақ: кірсіз ақыл, мінсіз сөз, адал еңбек.

Жүрегіңді нұрмен жу.

Ғибрат алар артыңа із қалдырсаң – шын бақыт осы.

Бәріне қанағат қыл да, адал еңбек қыл. Шын бақ – ата-ананың махаббаты мен балалардың таза жүрегінде.

Шәкәрім Құдайбердіұлы

Бостандыққа апатарын жалғыз жол – ұлттық ынтымақ қана.

Ұлтына, жұртына қызмет ету – білімнен емес, мінезден.

Қазақ баласы бірігіп, тізе қосып іс қылса – халықтық мақсат сонда орындалады.

Анық түрік затты халық тілі – біздің қазақ тілі.

Ғұмыр бәйгесінде біздің қазақ тілі өз бәйгесін алар.

Тірі болсақ – алдымыз үлкен той. Алаштың баласы бұл жолы болмаса, жақын арада өз тізгіні өзінде бөлек мемлекет болар!

Әлихан Бөкейхан

Тілі жоғалған жұрттың өзі де жоғалады.

Адамға ең қымбат нәрсе – жұрт қамы, жұрт ісі.

Білімнің бас құралы – кітап.

Ғылым мен өнер көбейген сайын – бейнет кемиді.

Әркім өз білгенін, өзінің қолынан келетінін істеу керек.

Ахмет Байтұрсынұлы

Ел түзелсін десең – әуелі өзіңді түзе.

Ер еңбегі – елге ортақ.

Арманың болсын – арманға қоса дәрменің болсын.

Сұлтанмахмұт Торайғыров

Жігіт қадірі – өнерімен өлшенер болар.

Жалған намыс – қасиет емес, ар сақтаған – қасиет.

Берекені көктен тілеме – еткен еңбектен тіле.

Қай істің болсын өнуіне үш шарт бар: ең әуелі – ниет керек, одан соң – күш керек, одан соң – тәртіп керек.

Жақсылыққа жақсылық – әр кісінің ісі, жамандыққа жақсылық – әр кісінің ісі.

Адам көркі – ақыл.

Жауға – жалынба, досқа тарылма.

Мұхтар Әуезов

Қазақ деген ел – бостандық-азаттық сүйетін, даланы, таза ауаны, таза суды, таза көгалды сүйетін халық.

Ана тілі дегеніміз – сол тілді жасаған, жасап келе жатқан халықтың баяғысын да, бүгінгісін де, болашағын да танытатын, сол халықтың мәңгілігінің мәңгілік мәселесі.

Ана тілін тек өгей ұлдары ғана менсінбейді, өгей ұлдары ғана аяққа басады.

Еліңе опасыздық – туған анаңа опасыздық.

Еліміздің ұйытқысы – әдет-ғұрпымыз.

Бақыт деген – еркіндік.

Ғабит Мүсірепов

Әділдікті мойындау – адал кісінің ісі.

Өз ұлтын сыйламау, оны мақтаныш етпеу – сатқындық.

Ата-ана қадірін біле алмаған – халық қадірін біле алмас,
Халық қадірін білмеген – ата-ана қадірін біле алмас.

Тіл – ұлт қасиетін айқындайтын белгі, ұлттық салт-сана өзегі.

Қазақ тілі – сұлулығымен бой балқытып, тамыр шымырлататын, жан жүйеңді жандырып, құлақ құрышын қандыратын, өткірлігімен қысылтаяң тұста ер мен елге бірдей медет беріп, адам түгіл жағдайдың өзінің аузына құм құятын ғажайып кемел тіл.

Халықтық дәстүр – асыл мұра.

Бауыржан Момышұлы

Мәдениеттің мәйегі – кітап.

Рухани әлемі кең, рухы биік ел – қайсар ел. Ондай елді ешкім жеңе алмайды. Рухы сынған, рухани жүдеген елді жеңу де – жеңіл.

Шерхан Мұртаза

Елдің туы жығылмас – тілдің туы жығылмай.

Тілім менің байрағым

Қадыр Мырзалиев

Мәдениет дегеніміз – кісілер арасында адам болу өнері.

Олжас Сүлейменов

Достық, ең алдымен, – еркіндік.

Асқар Сүлейменов

Ең берік Ат, ең биік Ат, ең баянды Ат – Азамат!

Елің теңелмей тұрып – өзің теңелмейсің.

Әбіш Кекілбайұлы

Адамдарға ақыл-парасат өз өмірін жақсарту үшін берілген.

Тарих пен тіл – тамырлас.

Біздің бүкіл тарихымыздан мен екі олжамызды бөліп атар едім. Оның біріншісі, әрине, – ата-бабаларымыздың өздерінің қанын төгіп, жанын беріп жүріп, ақ найзаның ұшымен, ақ білектің күшімен қорғап қалған қазақтың қасиетті жері. Тағы бір олжамыз – сол ата-бабаларымыздың арқасында бар бояуымен, сырлы сазымен осы күнге аман-есен жеткен тұп-тұнық, мөп-мөлдір қазақ тілі.

Ұлтты күшейтудің бірінші тетігі – тіл.

Дүниеде қазақ деген ұлт – біреу, демек оның ұлттық болмысы, салт-санасы мен әдет-ғұрпы да – жалпы қазаққа бірдей тән, оның ғажайып мол рухани қазынасы да – бөлім-жаруға келмейтін ортақ қазына.

Қазақ елі – ежелден еркіндік аңсаған ел. Өз алдына дербес мемлекет құру қазақ халқының ғасырлар бойғы арманы еді. Құдайға шүкір, өз билігіміз өз қолымызға тиді. Қазақстан Республикасы бұдан былай тәуелсіз, демократиялық мемлекеттердің қатарына жатады. Өз территориямызда өкімет билігін толық өз қолымызға алдық. Ішкі, сыртқы саясатымызды дербес жүргіземіз, әрі қарай қалай өмір сүру керек екенін ешкімнің нұсқауын күтпей-ақ өзіміз шешетін боламыз.

Менің сенетінім – жақсылық, менің сенетінім – болашақ!

Кеше болмағанның бүгін болуы мүмкін, бүгін болмағанның ертең болуы мүмкін – бірақ ана тіліне мән бермеушіліктің, оны құрметтемеудің орны толмас олқылықтарға соқтыратыны сөзсіз.

Шүкір, ел есін жиды: тілден артық қазына, тілден артық қасиет жоқ екенін кештеу де болса түсіндік.

Қазақтың бүкіл тарихы – бірігу тарихы, тұтастану тарихы. Қазақ – тек бірігу, бірлесу жолында келе жатқан халық.

Нұрсұлтан Назарбаев

Пайдаланылған әдебиеттер

1. Бектұров Ш. К, Бектұрова А. Ш.
Қазақ тілі (ана тілі деңгейінде үйрету құралы). Алматы: 1998.
2. Күзекова З, Қарақұсова Г. Қазақ тілі. Алматы: 1997.
3. Оралбаева Н., Есенов Х., Хайруллина С. К. - Изучаем казахский язык. Алматы: 1989.
4. Бектұров Ш., Бектұрова А. Қазақ тілі для начинающих. Алматы: «Рауан», 1994.
5. Қожахметова Х. 40 уроков казахского языка. Алматы: 1984.
6. Молдабеков К. Говорим по – казахски. Алматы: 1992.
7. Сариева К. Қазақ тілі және елтану. Алматы: 1997.
8. Қазақстан республикасы Тілдер туралы негізгі заң актілері. Алматы: 2003.
9. Тест жинағы (Қазақ тілі). Алматы: 2002.
10. Тест жинағы (Қазақ тілі). Алматы: 2003.
11. Әйтеке би. Шешендік сөздері
12. Төле би. Шешендік сөздері
13. Қазыбек би. Шешендік сөздері
14. Мұрат Мөңкеұлы «Үш қиян» толғауы
15. Шоқан Уәлиханов «XYIII ғасырдағы қазақ батырлары туралы жырлар» еңбегі
16. Абай. Өлеңдері мен қарасөздері
17. Шәкәрім Құдайбердіұлы «Үш анық» еңбегі
18. Міржақып Дулатов «Азамат» жинағы
19. Жүсіпбек Аймауытов «Ақбілек» романы
20. Мағжан Жұмабаев «Батыр Баян» поэмасы, өлеңдері
21. Мұхтар Әуезов «Қилы заман» повесі, «Абай жолы» романы
22. Бауыржан Момышұлы «Ұшқан ұя» кітабы
23. Ілияс Есенберлин «Көшпенділер» трилогиясы
24. Мұхтар Шаханов «Ғасырларды безбендеу» жинағы
25. Ғарифолла Есім «Хакім Абай» зерттеуі
26. Аққозин М. Қазақ мақал-мәтелдері. Алматы: Қазақстан, 1991.
27. Алматы энциклопедиясы. Алматы, 1997.
28. Бектаев Қ. Үлкен қазақша-орысша, орысша-қазақша сөздік. Алматы: Алтын қазына, 2001.

29. Кенжеахметұлы С. Қазақтың салт-дәстүрлері мен әдет-ғұрыптары.
Алматы, 1994.
30. Қазақ мәдениеті. Алматы: Аруана, 2005.
31. Қазақ совет энциклопедиясы. IX том. Алматы, 1978.
32. Қазақ совет энциклопедиясы. VII-VIII томдар. Алматы, 1975.
33. Қазақ совет энциклопедиясы. Алматы, 1977.
34. Қазақстанның мәдени мұрасы: жаңалықтары, мәселелері, болашағы.
35. Қонаев Д., Қашакеев Т., Сейданов Қ. Әлемнің Әуезовы.
Алматы: Санат, 1997.
36. Сатпаев К.И. и его современники. Алматы: Рауан. 1999.
37. Сәтбаев Қ.И. Қазақстан – менің отаным. Алматы: Ғылым, 1999.
38. Сәтбаев Қ.И атындағы Қазақ ұлттық техникалық университеті (журнал). Алматы: ҚазҰТУ,1999.
39. Сәтбаев Қ.И. атындағы ҚазҰТУ-ға 70 жыл. Алматы: Эверо, 2004.
40. Серғалиев М. Қазақ тілі. Алматы: Атамұра, 1992.
41. Смайылов С. Қазақтың музыкалық қолөнері. Алматы: Рауан, 1992.
42. Сүтжан С.Н. Алаш және түркі руханияты. Алматы, 2008.
43.Сыздықов К. Әуезовтанудың бейтаныс беттері.
Алматы: Жазушы, 1997.
44. Шүленбаева Ұ.Р. Қазақ тіліндегі жұрнақтарды оқыту. Оқу құралы.
Алматы, 2005.
45. Шүленбаева Ұ.Р. Қазақ тіліндегі еріндік қосымшалардың орфоэпиялық негіздері. Монография. Алматы, 2006.
46. Шүленбаева Ұ.Р., Тұрсынова Г.Т., Мұсаева Ә.Б. Кәсіби қазақ тілі.
47. Тау-кен саласындағы мамандықтарға арналған. Оқулық.
Алматы, 2008.
48. Шүленбаева Ұ.Р. Қазақ тілі. Техникалық мамандықтарға арналған Оқулық. Алматы, 2009.
49. Алаштың ардағы / Құрастырғандар Е.Тілешов, Г.Әріпбекова. – Астана: Зерде, 2008, – 240

МАЗМҰНЫ

КІРІСПЕ 3
Фонетика *4*
Фонетика тарауына қатысты тапсырмалар *11*
Морфология *18*
Морфология тарауына қатысты тапсырмалар *38*
Синтаксис *48*
Жасалу жолдары: *56*
Синтаксис тарауына қатысты тапсырмалар *59*
Шығармашылық тапсырмалар *68*
Тестік тапсырмалар *96*
Тест сұрақтарының жауаптары *152*
Таным деректер *161*
Қазақ халқының ұлттық құндылықтары *224*
МАҚАЛ-МӘТЕЛДЕР *231*
ЖАҚСЫ СӨЗ– ЖАРЫМ ЫРЫС *234*
АТАДАН ЖЕТКЕН АСЫЛ СӨЗ *236*
Пайдаланылған әдебиеттер **242**

Тұрсынова Гүлбаршын Тұрсынқызы

Қазақ тілі

(Қашықтықтан білім беру институтының сырттай оқитын студенттері үшін)

Басуға 06.04.2012 ж. қол қойылды. Формат 60х90$^{1/16}$. Қағазы офсеттік. Қаріп түрі «Times New Roman». Көлемі 15 б.т. Таралымы 1100 дана. Тапсырыс № 427.

Тапсырыс берушінің дайын файлдарынан басылып шықты.

ЖШС РПБК «Дәуір», 050009,
Алматы қаласы, Гагарин д-лы, 93а.
E-mail: rpik-dauir81@mail.ru



Тұрсынова Гүлбаршын Тұрсынқызы

ҚР Гуманитарлық ғылымдар Академиясының академигі, Қ. И. Сәтбаев атындағы Қазақ ұлттық техникалық университетінің профессоры, қазақ тілі кафедрасының меңгерушісі.

Тұрсынова Гүлбаршын Тұрсынқызы - Ақжан Машани атындағы Базалық білім беру институты, қазақ тілі кафедрасының меңгерушісі, п.ғ.к., профессор. 1955 жылы 22 маусымда дүниеге келген. Ол 1973 жылы С. М. Киров атындағы Қазақ мемлекеттік университетіне түсіп, оны 1978 жылы «Қазақ тілі мен әдебиеті» мамандығы бойынша ойдағыдай бітірді. 2004 жылы «Қазақ тілін тау-кен факультеті студенттеріне қатынас құралы ретінде меңгерту әдістемесі» тақырыбына дайындалған кандидаттық диссертациясын 13.00.02 сәтті қорғады. Халықаралық (Қытай ҚХР, Ресей, Польша, Түркия, Чехия, Башқұртстан) республикалық, аймақтық және жоғары оқу орны арасындағы ғылыми-теориялық және ғылыми-әдістемелік конференцияларға әрдайым қатысып, баяндамалар жасайды. Жүзден аса ғылыми мақалалары жарық көрген. Оның ішінде 1 монография, 5 оқулық, 9 оқу құралы, 25-тен аса әдістемелік нұсқау, 9 ОӘК сондай-ақ халықаралық және республикалық ғылыми-практикалық конференциялардың жинақтарында еңбектері жарияланды. ҚР Білім және ғылым министрлігінің 12 жылдық білім беру мектебінің 9-сыныбына арналған «Қазақ тілі» оқулығының авторы. Гүлбаршын Тұрсынқызы бірнеше ғылыми-әдістемелік және педагогикалық журналдардың редакциялар алқасының мүшесі.

Г. Т. Тұрсынованың үздік еңбегі үшін берілген марапаттаулар:

- 2005 жылы ҚазҰТУ-дың 70 жылдығына орай «Айрықша еңбегі үшін» медалімен.
- 2006 жылы Білім беру саласындағы ерекше еңбегі үшін «Қазақстан Республикасының білім беру ісінің құрметті қызметкері» белгісімен.
- 2008 жылы ҚР Білім және ғылым министрлігінің «Жоғары оқу орнының үздік оқытушысы» мемлекеттік грантының иегері атанды.
- 2009 жылы ҚазҰТУ-дың 75 жылдығына орай «ҚазҰТУ-дың ардагері» белгісімен.
- 2010 жылы ұрпақты оқыту және тәрбиелеу ісіндегі елеулі табыстары үшін «Ы. Алтынсарин» төс белгісімен.
- 2010 жылы «Саңлақ автор» Қазақстан Жоғары оқу орындарының қауымдастығы жоғары оқу орындары оқулықтарын жазудағы еңбегі үшін А. Байтұрсынов атындағы медалімен.
- 2011 жылы «Қазақстан Республикасының ғылымын дамытудағы сіңірген еңбегі үшін» белгісімен.